

ДОСКАРАЕВ Б.М.  
КАРАКОВ С.Б.  
АЛТЫНБЕК Е.Т.



ҚазСТА - 75 жыл

# ПАРАЛИМПИАДА ЖӘНЕ АДАПТИВТІ СПОРТ НЕГІЗДЕРІ (Арнайы Олимпиада және Сурдлимпиада)

Оқу құралы



**Special Olympics**

АЛМАТЫ, 2019

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қазақ спорт және туризм академиясы

Доскараев Б.М., Караков С.Б., Алтынбек Е.Т.

**ПАРАЛИМПИАДА ЖӘНЕ АДАПТИВТІ  
СПОРТ НЕГІЗДЕРІ**

(Арнайы Олимпиада және Сурдлимпиада)

Оқу құралы



АЛМАТЫ, 2019

УДК 796/799

ББК 75.0

Д 64

**Доскараев Б.М., Каракөв С.Б., Алтынбек Е.Т.**

Д 64

Паралимпиада және адаптивті спорт негіздері (Арнайы Олимпиада және Сурдлимпиада): оқу құралы. – Алматы: ҚазАСТ, 2019. - 166 б.

ISBN 978-601-7964-19-1

Бұл оқу құралында соңғы уақыттардағы ғылыми әдебиеттер мен алдыңғы қатарлы тәжірибелік ақпараттар ескеріле отырып, белгілі жаттықтырушылар мен мамандардың іс-тәжірибелеріне негізделген мәліметтер жинақталған. Сонымен қатар, мұнда қолда бар мәліметтерді жүйелендіру мүмкіндігі жасалып, жаңа бастаушыларға ойынның тәсілдерін игерудің қадамдық стратегиясын оңай қабылдау үшін ыңғай жасалған. Осы оқу құралынан паралимпизм қозғалысы, адаптивті спорт мақсаты, міндеттері, принциптері, бағыттары мен классификациялары, ондағы жаттығу, дайындық және жауапкершілік мәселелері туралы мәліметтерді кездестіруге болады.

Спорт саласының арнайы мамандандырылған бағытына арналған бұл кітап қазақ тілінде алғаш рет шығарылып отыр. Аталған оқу құралы Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Арнайы олимпиада және Сурдлимпиадалық білім мен спорт түрлеріне қызығушылық танытатын жалпы оқырмандарға және спорттың осындай мамандандырылған түрлерімен айналысып бастаған азаматтарға, сондай-ақ, дене тәрбиесі мен спорт бағытындағы студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ жаттықтырушылар мен сала мамандарына пайдалануға болады.

Кітап Қазақ спорт және туризм академиясының құрылуының мерейлі 75 жылдығына арналады.

УДК 796/799

ББК 75.0

Пікір жазғандар:

А.К. Кульназаров – п.ғ.д., профессор

А.Т. Кулбаев – PhD докторы

Баспаға Қазақтың спорт және туризм академиясының Ғылыми Кеңесі ұсынған (№ 8 хаттама, 29.03.2019 ж.).

ISBN 978-601-7964-19-1

© Қазақ спорт және туризм академиясы, 2019

© Доскараев Б.М., Каракөв С.Б., Алтынбек Е.Т.

## КІРІСПЕ



Әлемдік статистика көрсетіп отырғандай, дүниежүзіндегі тұрғындардың әрбір оныншы азаматы мүгедек жандар болып табылса, бұл осы әлемдегі әрбір төртінші отбасыда мүгедек жан бар деген сөз. Түрлі соғыстар, жұқпалы аурулар, тұқымқууалаушы науқастар, экологиялық апаттар, алкоголизм мен наркомания, түрлі апаттар мен жарақаттар және тума кемшіліктер сияқты жағдайлардың барлығы, мүгедектер қатарын күніне жиырма мыңнан аса ұлғайтуға алып келеді екен. Бүгінде

әлем бойынша 800 млн мүгедек жан бар. Соңғы онжылдықта мамандар денсаулықтарын қалыпқа келтіру мен қоғамдық пайдалы еңбекке тарту мақсатында дене тәрбиесі құралдары арқылы мүгедек жандардың әлеуметтік және дене күшін оңалту проблемаларына айырықша көңіл бөлуде. Мүгедектердің еңбек қабілеттіліктерін толық қалыпқа келтіріп, оларды бұрынғы кәсіби қабілетіне алып келу өте сирек кездесетін жағдай. Осыған байланысты мүгедектерді оңалту проблемасы ерекше өткір мәселеге айналып келеді.

Жер жүзіндегі барлық халықтарда және барлық уақытта денсаулықты нығайту мен мінез-құлықты тәрбиелеудің ең бір тиімді құралы дене шынықтырумен айналысу болған және ол солай болып қала береді. Ал оның мүгедектердің әлеуметтік бейімделуіндегі маңызын өте жоғары екенін айтып жеткізу мүмкін емес. Өйткені дене шынықтыру жаттығулары қозғалыстық белсенділік ауқымын кеңейтіп, қалыпқа келтіруге және көптеген оңтайлы мінез-құлықты қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Көбінесе, жұмыстары аса ауыр дене күші жүктемелерімен және экстремалды жағдайлармен байланысты адамдар мүгедекке айналып жатады. Физикалық дене күштерінің шектелуіне қарамастан мұндай адамдар құндылығының басымдығы сондай, олар бұрынғысынша белсенді қозғалыс

әрекеттеріне бағытталады және спорт оларға өзін-өзі алға тартуға жәрдемдеседі.

Әлемнің көптеген елдері мамандарының түрлі нозологиядағы мүгедектермен жүргізген көпжылдық тәжірибелері көрсетіп отырғандай, мұндай контингентті қалыпқа келтірудің ең тиімді әдісі, ол спорт арқылы оңалту болып табылады.

Мұнымен қоса, адамның саналық қабілеттерін, өзіндік танымын қалыптастыруда спорттағы жарыстық қызметтің үлкен маңызы бар. Сол үшін де заманауи спорт бірінші кезекте бұл - адамның танымдық қызметінің заңды нәтижесі болып саналады.

Спорт қызмет пен іс-әрекет түрі ретінде көпшілік адамдардың назарын өзіне аударады, ол ең танымал көріністердің бірі. Қоғам үшін ең маңыздысы, ол спорттың гуманистік құндылығы. Сондай-ақ, беделділік пен тәртіптілік, жарыстық қызметтегі моральдық-этикалық нормалардың жоғары деңгейі сияқты нәрселердің барлығы заманауи спорттың рухани белгілері болып саналады. Ал ғылымның спорт жөніндегі жетістіктері, жоғары дәрежелі спортшыларды дайындау әдістемесі, оларды басқа салаларда қолдану бұл – спорттың рухани құндылықтарының жиынтығы болып есептеледі.

Бейбітшіліктің олимпиадалық идеалдары, адамзаттың алға жылжуы, қарым-қатынас қуаныштары, спорттық күрестің әділдігі мен асыл қасиеттері, расизм мен апартеидке қарсылық, демократизм сияқты нәрселердің барлығы спорттың негізгі гуманистік, рухани құндылықтары болып табылады. Спорттың материалдық құндылықтарының жиынтығына – спорт түрлерін, олардың адамзат тарихының бүкіл өне бойында тұрақтытүрде бірге дамуын, спорттық құрал-жабдықтар мен оларды өндірудегі жаңа технологияларды , сәулет және т.б. жатқызуға болады.

Қазіргі қоғамда адаптивті спорт үлкен маңызға ие болып келеді. Мүгедек жандар түрлі жарыстарға қатысып, оның нәтижесінде спорт тек дені мен тәні сау адамдарға ғана арналмағандығына, онымен соқырлық, омыртқа және жұлындық зақымы, церебралды паралич және т.б. осы тәрізді ауыр жарақаты бар мүгедектер де айналыса алатынына бүкіл әлемнің көзі жетуде. Өйткені, оларға арналып түрлі сайыстар мен жарыстар, чемпионаттар мен паралимпиадалар жүз жыл көлемінде өткізіліп келеді. Мәселен, тарихқа қысқаша тоқтала кетсек, 1888 жылы Берлинде алғаш рет

саңыраулардың спорттық клубының негізі қаланса, 1924 жылы оларға арналған алғашқы Олимпиада ойындары өткізілді. 1948 жылы тірек-қимыл аппараты жарақаттанғандар мен параличтер үшін садақ атудан жарыс өтті. Ақыл-ой дамуы төмен азаматтар үшін 1968 жылы жеңіл атлетика мен жүзуден Бірінші халықаралық спорттық ойындар өткізілді. Ал 1989 жылы жүрегіне ота жасалғандарға арналған Халықаралық спорттық жарыстар ұйымдастырылса, 1990 жылы осы спортшылар Каракаста (Венесуэла) марафондық қашықтықты бағындырды. Осылайша, Паралимпиадалық ойындар, Сурдлимпиадалық ойындар мен Арнайы олимпиадалық ойындар Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) тарапынан ресми түрде танылды.

Сондықтан да бүгінде адаптивті спорт немесе мүгедектерге арналған спорт, спорттық жаттығу және жарыстық қызмет теориясы мен тәжірибесіндегі жаңа тармақ болып саналатындықтан, ол мұқият түрде зерттеу мен зерделеуді қажет етеді. Мұны емдік-сауықтыру және оңалтудан кейін спортпен айналысуды тұрақты жалғастыруға мүмкіндік беретін, спортпен айналысудағы ұйымдастырылған форманы пайдаланудың жеткіліксіз зерттелінген мүмкіндіктері деп айтуға болады. Ол үшін оңалтудан тыс мекемелерді ұйымдастыруда тұрғылықты жерлері бойынша мүгедектердің дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық клубтарын, секцияларын құру керек, сондай-ақ, қол жетімді спорт түрлері бойынша жарыстарды ұйымдастыру мен өткізуге мүгедек жандарға мүмкіндік беру аса қажет.

Осы оқу құралы алғаш рет қазақ тілінде шығарылып отырғандықтан оны дайындау барысында Сағымбаев Найзабек Бекетұлы басқаратын дене мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Алматы» спорт клубының тиісті салалық материалдары мен мәліметтері пайдаланылғанын да атап өткіміз келеді.

**ҚР Ұлттық Паралимпиадалық комитет Президенті,  
педагогика ғылымдарының кандидаты  
Қ.С. Боранбаев**

## Уважаемые Друзья!



Вы держите в руках учебное пособие по адаптивному физическому воспитанию, который впервые подготовлен талантливыми специалистами в области спорта НИИ РК на казахском языке. Это очень важная книга для работы тренеров, педагогов и волонтеров, поможет найти ответы на вопросы как улучшить состояние здоровья детей, подростков и молодежи, имеющих умственную или ментальную инвалидность, а также их социальные и жизненные навыки средствами физической культуры и спорта.

Также АФВ - это физкультурное образование для тех студентов, которые хотели бы узнать и понять - как можно помочь людям с особенностями в развитии улучшить их физическую форму, повысить качество жизни. Это благородная работа, которая изменяет отношение общества к людям с ограниченными возможностями, превращает их из зрителей в активных участников жизни, помогает им открыть свои таланты, стать полезными и производительными гражданами страны. И это реально важнейшая и интересная работа.

Аналогом такой деятельности АФВ является глобальное спортивное движение Специал Олимпикс Инк., которое в 2018 году отметило 50-летний юбилей, а в Казахстане в 2020 г. мы отметим 30-летие. Миссией ОО «Казахстанская Специальная Олимпиада» является организация круглогодичных тренировок и проведение соревнований по многим олимпийским видам спорта для детей, подростков и молодежи с ограниченными интеллектуальными возможностями с целью их социализации и инклюзивного включения в общество.

Специал Олимпикс Инк. является членом МОК с 1988г., проводит Всемирные Игры летние и зимние по очереди через 2 года, соревнования проводятся по правилам федераций по видам спорта, адаптированных к уровню возможности атлетов. Движение Специал Олимпикс отличается от паралимпийского движения тем, что

охватывает лиц с ментальной инвалидностью различного уровня возможностей, а в паралимпийском движении участвуют спортсмены высокого уровня подготовки с сохранным интеллектом.

Я желаю читателям овладеть этой наукой, которая принесет не мало пользы и радости людям с ментальной инвалидностью, так и тренерам, волонтерам и всем, кто работает с особенными людьми в области спорта.

**Ольга Бахарева**  
**Президент ОО «Казахстанская**  
**Специальная Олимпиада»**

## КІРІСПЕ

Әлемдік статистика көрсетіп отырғандай, дүниежүзіндегі тұрғындардың әрбір оныншы азаматы мүгедек жандар болып табылса, бұл осы әлемдегі әрбір төртінші отбасыда мүгедек жан бар деген сөз. Түрлі соғыстар, жұкпалы аурулар, тұқымқуалаушы науқастар, экологиялық апаттар, алкогольизм мен наркомания, апаттар мен жарақаттар және тума кемшіліктер сияқты жағдайлардың барлығы, мүгедектер қатарын күніне жиырма мыңнан аса ұлғайтуға алып келеді екен. Бүгінде әлем бойынша 800 млн мүгедек жан бар. Соңғы онжылдықта мамандар денсаулықтарын қалыпқа келтіру мен қоғамдық пайдалы еңбекке тарту мақсатында дене тәрбиесі құралдары арқылы мүгедек жандардың әлеуметтік және дене күшін оңалту проблемаларына айырықша көңіл бөлуде. Мүгедектердің еңбек қабілеттіліктерін толық қалыпқа келтіріп, оларды бұрынғы кәсіби қабілетіне алып келу өте сирек кездесетін жағдай. Осыған байланысты мүгедектерді оңалту проблемасы ерекше өткір мәселеге айналып келеді.

Жер жүзіндегі барлық халықтарда және барлық уақытта денсаулықты нығайту мен мінез-құлықты тәрбиелеудің ең бір тиімді құралы дене шынықтырумен айналысу болған және ол солай болып қала береді. Ал оның мүгедектердің әлеуметтік бейімделуіндегі маңызын өте жоғары екенін айтып жеткізу мүмкін емес. Өйткені дене шынықтыру жаттығулары қозғалыстық белсенділік ауқымын кеңейтіп, қалыпқа келтіруге және көптеген оңтайлы мінез-құлықты қалыптастыруға мүмкіндік жасайды. Көбінесе, жұмыстары аса ауыр дене күші жүктемелерімен және экстремалды жағдайлармен байланысты адамдар мүгедекке айналып жатады. Физикалық дене күштерінің шектелуіне қарамастан мұндай адамдар құндылығының басымдығы сондай, олар бұрынғысынша белсенді қозғалыс әрекеттеріне бағытталады және спорт оларға өзін-өзі алға тартуға жәрдемдеседі.

Әлемнің көптеген елдері мамандарының түрлі нозологиядағы мүгедектермен жүргізген көпжылдық тәжірибелері көрсетіп отырғандай, мұндай контингентті қалыпқа келтірудің ең тиімді әдісі, ол спорт арқылы оңалту болып табылады.

Мұнымен қоса, адамның саналық қабілеттерін, өзіндік танымын қалыптастыруда спорттағы жарыстық қызметтің үлкен

маңызы бар. Сол үшін де заманауи спорт бірінші кезекте бұл - адамның танымдық қызметінің заңды нәтижесі болып саналады.

Спорт қызмет пен іс-әрекет түрі ретінде көпшілік адамдардың назарын өзіне аударады, ол ең танымал көріністердің бірі. Қоғам үшін ең маңыздысы, ол спорттың гуманистік құндылығы. Сондай-ақ, беделділік пен тәртіптілік, жарыстық қызметтегі моральдық-этикалық нормалардың жоғары деңгейі сияқты нәрселердің барлығы заманауи спорттың рухани белгілері болып саналады. Ал ғылымның спорт жөніндегі жетістіктері, жоғары дәрежелі спортшыларды дайындау әдістемесі, оларды басқа салаларда қолдану бұл – спорттың рухани құндылықтарының жиынтығы болып есептеледі.

Бейбітшіліктің олимпиадалық идеалдары, адамзаттың алға жылжуы, қарым-қатынас қуаныштары, спорттық күрестің әділдігі мен асыл қасиеттері, расизм мен апартеидке қарсылық, демократизм сияқты нәрселердің барлығы спорттың негізгі гуманистік, рухани құндылықтары болып табылады. Спорттың материалдық құндылықтарының жиынтығына – спорт түрлерін, олардың адамзат тарихының бүкіл өне бойында тұрақты түрде бірге дамуын, спорттық құрал-жабдықтар мен оларды өндірудегі жаңа технологияларды, сәулет және т.б. жатқызуға болады.

Қазіргі қоғамда адаптивті спорт үлкен маңызға ие болып келеді. Мүгедек жандар түрлі жарыстарға қатысып, оның нәтижесінде спорт тек дені мен тәні сау адамдарға ғана арналмағандығына, онымен соқырлық, омыртқа және жұлындық зақымы, церебралды паралич және т.б. осы тәрізді ауыр жарақаты бар мүгедектер де айналыса алатынына бүкіл әлемнің көзі жетуде. Өйткені, оларға арналып түрлі сайыстар мен жарыстар, чемпионаттар мен паралимпиадалар жүз жыл көлемінде өткізіліп келеді. Мәселен, тарихқа қысқаша тоқтала кетсек, 1888 жылы Берлинде алғаш рет саңыраулардың спорттық клубының негізі қаланса, 1924 жылы оларға арналған алғашқы Олимпиада ойындары өткізілді. 1948 жылы тірек-қимыл аппараты жарақаттанғандар мен параличтер үшін садақ атудан жарыс өтті. Ақыл-ой дамуы төмен азаматтар үшін 1968 жылы жеңіл атлетика мен жүзуден Бірінші халықаралық спорттық ойындар өткізілді. Ал 1989 жылы жүрегіне ота жасалғандарға арналған Халықаралық спорттық жарыстар ұйымдастырылса, 1990 жылы осы спортшылар Каракаста (Венесуэла) марафондық қашықтықты

бағындырды. Осылайша, Паралимпиадалық ойындар, Сурдлимпиадалық ойындар мен Арнайы олимпиадалық ойындар Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) тарапынан ресми түрде танылды.

Сондықтан да бүгінде адаптивті спорт немесе мүгедектерге арналған спорт, спорттық жаттығу және жарыстық қызмет теориясы мен тәжірибесіндегі жаңа тармақ болып саналатындықтан, ол мұқият түрде зерттеу мен зерделеуді қажет етеді. Мұны емдік-сауықтыру және оңалтудан кейін спортпен айналысуды тұрақты жалғастыруға мүмкіндік беретін, спортпен айналысудағы ұйымдастырылған форманы пайдаланудың жеткіліксіз зерттелінген мүмкіндіктері деп айтуға болады. Ол үшін оңалтудан тыс мекемелерді ұйымдастыруда тұрғылықты жерлері бойынша мүгедектердің дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық клубтарын, секцияларын құру керек, сондай-ақ, қол жетімді спорт түрлері бойынша жарыстарды ұйымдастыру мен өткізуге мүгедек жандарға мүмкіндік беру аса қажет.

### ПАРАЛИМПИАДАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ХРОНОЛОГИЯСЫ. СУРДЛИМПИАДА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ОЛИМПИАДА

Паралимпиадалық қозғалыстың негізін салушы нейрохирург сэр Людвиг Гуттман 1939 жылы Ұлыбританияға қоныс аударып, 1944 жылы осы ел үкіметінің тапсырмасымен Сток-Мандевиль госпиталінде тірек-қимыл аппаратының бұзылуы бар адамдарға арналған орталық құру бойынша үлкен жұмыстар атқарды. Осы еңбегі үшін ол 1950 жылы офицер шенінде Британ империясының Орденіне ұсынылды. Ол ұзақ жылдар осы орталықты басқарып, ондағы науқастарға спортпен шұғылдануға қолдау жасады. Л.Гуттманның бастамасымен 1948 жылдан бастап мүгедек жандарға арналған Сток-Мандевильдік ойындар өткізіле бастады. Осының нәтижесінде 1966 жылы Римде І-Паралимпиадалық ойындар ұйымдастырылды. Осыдан бір жылдан кейін Л.Гуттман Британ мүгедек-спортшылар ассоциациясын құрды. Осылайша, ол 1966 жылы оған рыцарьлық атақ берілсе, 1976 жылы Лондон корольдік қоғамның мүшесі атанды.

Л.Гуттманның көмекшісі, кейін Халықаралық үйлестіру комитетінің Бас хатшысы болған Джоан Скратонның тұжырымдауы бойынша, Паралимпиада «Paralympiad» сөзі алғаш рет 1951 жылы Сток-Мандевиль госпиталінің «Paraplegics» журналында пайда болған.

Жалпы Халықаралық спорт қозғалысы дамуын талдаулар паралимпизм идеяларының, олимпизмнің түпкі идеяларымен сәйкес келетіндігін көрсетті. Алайда, алғашқы кезде мүгедек жандар ойындары Олимпиадалық ойындар астаналарында өтпеген еді, сол үшін де бұл ойын 1960-1972 жж аралығында Халықаралық Сток-Мандевильдік ойындар деп аталып келді. Тек 1980 жылы Мәскеуде XXII Олимпиада өтіп жатқан кезде, Нидерландыда «Мүгедектерге арналған Олимпиада. Арнем» деген атаумен ойын өтіп, онда алғаш рет Олимпиада сөзі қосылған болатын.

Мүгедектердің халықаралық спорттық ұйымдары, Халықаралық үйлестіру комитеті және Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) өкілдерінің бірнеше кездесуінен соң, яғни

Х.А.Самаранчтың президенттігі кезінде ХОК-тың ұсынысымен «Паралимпиадалық ойындар» деген термин қалыптасты.

Бүгінде спорт тарихында Паралимпиадалық ойындардың басталу уақыты 1960 жыл, яғни Римде өткен ІХ Сток-Мандевильдік ойындардан бастау алады деп есептеледі. 1960 жылдан бастап жазғы Паралимпиадалық ойындар өткізіле бастаса, 1976 жылдан бастап қысқы Паралимпиадалық ойындар өткізіліп келеді. Осындай өмірге немқұрайлы карамайтын азаматтар мен осы жолда жасалған батыл қадамдар нәтижесінде 1989 жылы Халықаралық Паралимпиадалық комитет құрылды.

Паралимпиадалық ойындардың кезең-кезеңімен өткізілуі барысында оған ресми қатысушы елдер саны арта бастады. Мәселен, І-Паралимпиадалық ойындарға 23 ел қатысса, ХІ-Паралимпиадалық ойындарға 127 мемлекет қатысқан. Қатысушылар санының динамикасы бойынша мәлімет төмендегі кестеде нақтырақ келтіріледі.

### Паралимпиадалық ойындарға қатысушылар санының динамикасы

Жыл, қала	Ойындар		Елдер		Спортшылар	
	Жазғы	Қысқы	Жазғы ойындар	Қысқы ойындар	Жазғы ойындар	Қысқы ойындар
1960 – Рим	I		23		400	
1964 – Токио	II		22		390	
1968 – Тель-Авив	III		29		750	
1972 – Гейдельберг	IV		44		1004	
1976 – Торонто, Эрншёльдсвик	V	I	42	14	1657	250
1980 – Арнем, Гейло	VI	II	42	18	2500	350
1984 – Сток-Мандевил, Инсбрук	VII	III	45	22	2880	350
1988 – Сеул, Инсбрук	VIII	IV	61	22	3053	397
1992 – Барселона, Тин-Албервил	IX	V	82	25	3020	475
1994 – Лиллекхаммер		VI		31		1000
1996 – Атланта	X		103		3195	
1998 – Нагано		VII		32		571
2000 – Сидней	XI		127		3843	
2002 – Солт-Лейк-Сити		VIII		36		416
2004 – Афины	XII		135		3969	
2006 – Турин		IX		39		474
2008 – Пекин	XIII		146		4011	
2010 – Ванкувер		X		44		515
2012 – Лондон	XIV		164		4302	

2014 – Сочи		XI		45		547
2016 – Рио-де-Жанейро	XV		176		4350	
2018 – Пхенчхан		XII		49		570

Жазғы Паралимпиадалық ойындарға қатысушылардың нозологиялық құрамдары да өзгеріске ұшырап отырды. Мысалы, 1960-1968 жж аралығындағы Паралимпиадалық ойындарға тек омыртқасы мен жұлыны зақымданған спортшылар қатысқан болса, 1972 жылдан бастап көру қабілеті нашар, тірек-қимыл аппараты зақымданған, ампутациялы және церебральды паралич сияқты нозологиядағы спортшылар қатыса бастады. Ал ақыл-ойы зақымы бар спортшылар қатысқан ойын алғаш 1992 жылы өткізілсе, олар ресми түрде Паралимпиадалық ойындарда 1996 және 2000 жылдары жарысқа түсті.

Жалпы, түрлі нозологиядағы спортшылар жарыс топтарына медициналық және спорттық-функционалдық классификациялары арқылы бөлінеді. Медициналық классификациялық топқа келесі спортшылар жатады – көру қабілеті зақымданғандар (3-дәреже); жұлыны зақымданғандар (8-дәреже); ампутацияланғандар (9-дәреже); церебральды параличтер (8-дәреже); тірек-қимыл аппараты зақымданғандар (6-дәреже). Ал спорттық-функционалдық классификация спорттық нәтижелерге қол жеткізуге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталады.

Паралимпиадалық спорттың ең маңызды компоненттерінің бірі, ол Паралимпиадалық ойындар бағдарламасы болып табылады, ол ешқашан тұрақты болмады, өйткені осы Ойын пайда болғалы өзгерістерге түсіп келеді. Көптген факторлардың әсерінен спорт түрлері мен спорттық ережелер Паралимпиадалық ойындардың бағдарламасына бірде қосылып, бірде алынып тастап жатты. Спорттық пәндер, марапат жинақтарының саны мен қатынастары да өзгерістерге ұшырап отырды.

Дегенмен, жалпылама түрде алғанда бүгінде Паралимпиадалық жазғы және қысқы ойындар бойынша келесідей спорт түрлерінен жарыстар өткізіледі екен:

<b>Жазғы спорт түрлері:</b> Ескек есу (академиялық) Арбадағы баскетбол Бочче Велосипедпен жарысу	<b>Қысқы спорт түрлері:</b> Тауда шаңғы тебу Арбадағы керлинг Шаңғымен жарысу Биатлон
--	---

<p>Ат спорты Голбол Жеңіл қайықта ескек есу Дзюдо Жеңіл атлетика Үстел теннисі Паратриатлон Желкенді спорт Жүзу Оқ ату Арбадағы регби Арбадағы волейбол Садақ ату Арба теннисі Ауыр атлетика Арбада семсерлесу Футбол 5x5, 7x7</p>	<p>Следж-хоккей</p>
--	---------------------

### **Халықаралық Паралимпиадалық комитет.**

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Халықаралық Паралимпиадалық комитет (ХПК) 1989 жылы құрылды. Бұл тұрақты әрекет ететін үкіметтік емес ұйым, ол Паралимпиадалық ойындарды үйлестіру, бақылау мен өткізу бойынша және адаптивті спорт қозғалысын басқаруға қатысты мәселелерді шешудегі ең жоғары инстанция болып саналады.

Халықаралық Паралимпиадалық комитет қызметінің басты мақсаты – паралимпиадалық стандарттарды ескере отырып, адаптивті спорт ұйымдарын құру және халықаралық өкілдік жасау, сондай-ақ, әлемдегі мүгедек жандар арасында спортты дамыту мен насихаттауға, оларды қоғамда жан-жақты оналтуға және саламатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік жасау болып табылады.

Халықаралық Паралимпиадалық комитет қызметінің негізгі бағыттары келесілер болып есептеледі:

- түрлі нозологиядағы спортшылар арасында бүкіләлемдік және өңірлік ойындар мен чемпионаттар өткізуді үйлестіруге және бақылауға жәрдем беру;
- мүгедек-спортшылардың халықаралық және өңірлік жарыстарының спорттық күнтізбесін үйлестіру;

- өзіндік ерекшеліктерін ескере және сақтай отырып, адаптивті спортты дені сау спортшылардың халықаралық спорттық қозғалысының құрылымына интеграция жасау;
- Халықаралық Олимпиадалық комитетпен және басқа да халықаралық спорттық ұйымдармен ынтымақтастық жасау;
- адаптивті спорт пен паралимпиадалық қозғалыс мүддесіне қарай, білім беру және оңалту бағдарламаларын, зерттеу қызметтерін қолдау;
- адаптивті спортты саяси және экономикалық мотивтеріне, діни сеніміне, нозологиясына, денсаулығын жоғалту дәрежесіне, нәсілдік және жыныстық қатысына қарамастан дискриминациясыз түрде дамыту;
- зақымдануы бар спортшылар мүмкіндіктерінің және ағза функциясын жақсартуға ықпал ететін жаттығу бағдарламаларын орындау диапазонын кеңейтуді қамтамасыз ету;
- әйелдер мен ауыр зақымы бар спортшыларға арналған спорт түрлерін қоса отырып, жазғы және қысқы Паралимпиадалық ойындар бағдарламаларын кеңейтуге ұмтылу.

Жалпы Халықаралық Паралимпиадалық комитетті қаржыландыру, оның мүшелерінің жыл сайынғы жарналары, сондай-ақ, салымдар, гранттар және басқа да ХОК-пен бірге, одан тыс қаржылық толықтырулар есебінен жүзеге асырылады. Мұндағы ресми тіл ағылшын тілі болып табылады. Бас ассамблеяның отырысы кезінде синхронды түрде қосымша үш тілдің аудармасы қолданылады.

Халықаралық Паралимпиадалық комитеттің ұйымдастырушылық құрамына келесі халықаралық спорттық ұйымдар кіреді: Халықаралық Сток-Мандевильдік арбадағы спорт федерациясы; Халықаралық мүгедектердің спорттық ұйымы; Халықаралық спорттық және рекреациялық церебральды паралич тұлғалардың ассоциациясы; Халықаралық спорттық соқырлар ассоциациясы; Ұлттық паралимпиадалық комитеттер.

Халықаралық Паралимпиадалық комитеттің құрылымы - Бас ассамблея, Атқарушы комитет, басқару жөніндегі комитет, хатшылық, құрылтайшы комитеттер мен бөлімдерден тұрады. Бас ассамблея Халықаралық Паралимпиадалық комитет қызметінің барлық мәселелерін шешетін ең жоғары басқарушы орган

болыптабылса, Атқарушы комитеттің құрамына президент, үш вице-президент, бас хатшы, қазынашы, сондай-ақ, спорт, ғылым және медицина комитеттерінің, спорт кеңесінің төрағалары, ХПК-ның 6 өңірлік өкілдері, спортшылар өкілі, Халықаралық спорттық мүгедектер ұйымдарының өкілдері, спорт кеңесі сайлаған жазғы және қысқы спорт түрлерінің өкілдері енеді, олар сайланбалы түрде төрт жыл мерзім өз лауазымдарында қызмет етеді.

Жалпы бірінші тарауды қорытындылай отырып айтар болсақ, бүгінгі таңда әлемдегі мүмкіндігі шектеулі мүгедек жандардың қоғамдағы өз орындарын дене шынықтыру мен спорт арқылы табулары үшін сан түрлі шаралар қолға алынған. Біз сөз еткен Паралимпиадалық спорт пен ойындардан басқа, мүгедектерді спорттық тұрғыда қолдап-қуаттау мақсатында сурдлимпиадалық спорт түсінігі қалыптасқан, сондай-ақ осыған сәйкес, есту қабілеті нашар спортшыларға арналған Сурдлимпиадалық ойындар және ақыл-ой зақымы бар спортшыларға арналған Арнайы олимпиадалық ойындар өткізіледі.

### **Сурлимпиадалық спорт.**

Есту қабілеті зақымданған мүгедектерді спортпен айналысуға алғаш рет тарту мәселесі XIX ғасырда-ақ қолға алынған, дәлірек айтқанда 1888 жылы Берлинде тұңғыш рет саңыраулар спорт клубы негізделді.

Сол кез энтузиасты Эжен Рубен-Алкенің бастамасының арқасында «Саңыраулардың Олимпиадалық ойындары» бірінші мәрте Парижде 1924 жылы 10-17 тамызда өткізілді. Жарыстарға Бельгия, Ұлыбритания, Нидерланды, Польша, Франция, Чехословакия, Италия, Румыния мен Венгрия ұлттық федерацияларының өкілдері қатысты. Ойындардың бағдарламасына бес порт түрі кірді: жеңіл атлетика, велоспорт, футбол, оқ ату және жүзу. Бұл ойындардың сәтті түрде өтуі, оларды олимпиадалық дәстүрлерге сәйкес төрт жылда бір рет өткізу туралы шешім қабылданды.

1924 жылы 16 тамызда Ойынға қатысушы спорттық федерациялар өкілдері тарапынан Саңыраулардың Халықаралық спорт комитетін (CISS) құрды.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін CISS құрамына Германия, Швейцария, Дания, Норвегия, Финляндия, Швеция, Австрия, АҚШ, Жапония мен Болгария енсе, 1949 жылы Испания

мен Югославия енді. Осы жылы, алғашқы рет Саңыраулардың Халықаралық қысқы ойындары ұйымдастырылды.

1955 жылы 15 шілдеде Халықаралық Олимпиадалық комитет өз тарапынан саңыраулардың Халықаралық спорт комитетін ресми түрде олимпиадалық мәртебесі бар халықаралық федерация ретінде таныды. Осы жылы Саңыраулардың Халықаралық спорт комитетінің құрамына Австралия мен Жаңа Зеландия, ал 1957 жылы Аргентина, Греция, Иран, Израиль, ГДР, КСРО, Түркия, Уругвай мен Чили қосылды.

1967 жылы Германияның Берчтесгаденде өткен XIX конгресте саңыраулардың халықаралық жарыстары «Саңыраулардың бүкіләлемдік ойындары» деген атауға ие болды.

Осылайша, Саңыраулардың Халықаралық спорт комитеті басқа ұйымдармен бірлесе отырып, Халықаралық үйлестіру комитетін, Мүгедектердің Халықаралық спорттық қорын, Халықаралық паралимпидалық комитетті құруға қатысты.

1990 жылы Нидерландының Гронинген қаласында Халықаралық Олимпиадалық комитет қаржыландыруымен өткен Саңыраулардың Халықаралық спорт комитетінің конгресінде, Халықаралық паралимпидалық комитет пен Саңыраулардың Халықаралық спорт комитеті арасында ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойылды. Ондағы басты мақсат, саңыраулардың жарыстарын айырықша танып, оған Паралимпидалық ойындар сияқты мәртебе беру, саңырау спортшылардың ұлттық федерацияларының тәуелсіздігін тану, паралимпиадамен бірдей деңгейде қаржылық қолдауға ие болу болатын.

Алайда, уақыт өте келе ХОК қаржыландыратын Халықаралық паралимпидалық комитет өз алдына паралимпидалық қозғалысты басқаратын және мүгедектердің барлық ұлттық федерацияларымен жеке-дара жұмыс жасайтын орталыққа айналды. Осыған байланысты, 1990 жылдан бастап көптеген елдердің саңыраулардың ұлттық федерациялары ұлттық олимпиадалық комитеттермен байланыстарын жоғалта бастады.

Сондықтан 1993 жылы Болгария астанасы Софияда өткен Саңыраулардың Халықаралық спорт комитетінің конгресінде, Халықаралық паралимпидалық комитет құрамынан шығу немесе Саңыраулар ойындарын және Паралимпидалық ойындарға қатысуды тоқтату туралы мәселе

қойылды. Нәтижесінде,  
«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ОҚУ ЗАЛЫ 00218615

Саңыраулардың Халықаралық спорт комитеті Халықаралық паралимпиадалық комитет мүшесі ретінде қалды. Алайда, паралимпиадалық ойындарда олардың жарыстарын тоқтатуға бірқатар объективті себептер әсер етті. Мәселен, саңыраулар өздерін мүгедек деп санамайды, олардың спорт жарыстары басым түрде кәдімгі дені сау спорт жарыстарының ережелері бойынша өтеді, сондай-ақ, паралимпиадалық ойындарда саңыраулар басқа мүгедектермен емес, өздерінің халықаралық федерацияларының спортшыларымен сынға түсуі тиіс және саңырау спортшылар мен басқа нозологиядағы спортшылар арасындағы тілдік кедергілер және т.б.

Дей тұрғанмен, Халықаралық паралимпиадалық және олимпиадалық комитеттер Саңыраулардың Халықаралық спорт комитетін және олардың бүкіләлемдік ойындарын тануды жалғастыра берді.

Тек, 2003 жылы Саңыраулардың Халықаралық спорт комитетінің XXXVIII конгресінде «Халықаралық сурдлимпиадалық комитет» (ХСК) деген атауды енгізу туралы шешім қабылданды. Бүгінгі таңда бұл ұйымның келесідей өңірлік конфедерациялары жұмыс жасайды: Саңыраулардың Азия-Тынық мұхит спорт федерациясы, Саңыраулардың Еуропалық спорттық ұйымы, Саңыраулардың Панамерикалық спорттық федерациясы, Африкандық саңыраулар спортының Конфедерациясы. Осылайша, қазір халықаралық сурдлимпиадалық спортта 98 ел ұлттық мүшелікте тұрады.

Әлемде сурдлимпиадалық спортты дамыту стратегиясын реттейтін негізгі нормативтік құжат, Халықаралық сурдлимпиадалық комитеттің (ХСК) Конституциясы болып табылады. Ол бойынша олимпиадалық идеяларға сай, жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізудегі басты ұран «Спорт арқылы теңесу» болып саналады.

ХСК басқарушы органдары: Конгресс, Кезектен тыс Конгресс, Атқарушы комитет. Ағымдағы жұмыстарымен ХСК-ның келесідей комиссиялары іске асырады: атлеттер комиссиясы, протесттер комиссиясы, дактилогия комиссиясы, регламенттік комиссия, құқытық комиссия, қаржылық комиссия, антидопингтік комиссия, өңірлік конфедерациялар комиссиясы, техникалық комиссия, тану жөніндегі комиссия.

ХСК Конституциясы, оның қызметінің мақсат, міндеттерін, миссиясын, басқарушы ұйымдар құрылымын анықтайды. Алайда,

бұл Конституцияда атлеттерді Сурдлимпиадалық ойындарға жіберу рәсімдері, ұйымдастыруға, ойындардың ашылуы мен жабылуы сияқты басқа да талаптар нақты көрсетілмеген. Ондай талаптар жазғы Сурдлимпиадалық ойындардың, қысқы Сурдлимпиадалық ойындардың Жалпы техникалық ережелері мен Бүкіләлемдік саңыраулар жарыстарының жалпы ережелерінде нақтыланады.

Бұл Ойындардың бағдарламасына келесідей спорт түрлері бойынша жеке және командалық жарыстар қосылған: жеңіл атлетика, бадминтон, жағажай футболы, боулинг, велоспорт, дзюдо, каратэ, бейімделу, оқ ату, жүзу, үстел теннисі, тхэквондо, теннис, еркін күрес, грек-рим күресі, баскетбол, футбол, гандбол, волейбол және су полосы. Ал қысқы бағдарламалар бойынша: тау-шаңғы спорты, шаңғы жарысы, сноубординг, командалық керлинг және хоккей ойындары ойнатылады.

Бүкіләлемдік саңыраулар жарыстарының жалпы ережелеріне сәйкес, жазғы және қысқы Сурдлимпиадалық ойындар төрт жылда бір рет өткізіледі. Жарыстар кезінде спортшыларға есту аппараттары мен басқа да құрылғыларды қолдануға тиым салынады. Оған қатысу үшін атлеттің есту қабілетінің төмендігі 55 дБ жоғары болуы тиіс.

Ендігі жерде жазғы және қысқы Сурдлимпиадалық ойындардың хронологиясы жөнінде мәліметтер беруді жөн деп санаймыз.

### Сурдлимпиадалық жазғы ойындардың өту хронологиясы

Ойында р	Жыл ы	Өткізілген жері	Саны	
			спортшылар	елдер
I	1924	Париж, Франция	145	9
II	1928	Амстердам, Нидерланды	210	10
III	1931	Нюрнберг, Германия	316	14
IV	1935	Лондон, Ұлыбритания	283	12
V	1939	Стокгольм, Швеция	264	13
VI	1949	Копенгаген, Дания	405	14
VII	1953	Брюссель, Бельгия	524	16
VIII	1957	Милан, Италия	625	25
IX	1961	Хельсинки, Финляндия	595	24
X	1965	Вашингтон, АҚШ	696	27
XI	1969	Белград, Югославия	1183	33
XII	1973	Мальме, Швеция	1061	32
XIII	1977	Бухарест, Румыния	1468	37
XIV	1981	Кельн, Германия	1663	32
XV	1985	Лос-Анджелес, АҚШ	1648	29
XVI	1989	Крайстчерч, Жаңа Зеландия	1469	32

XVIII	1993	София, Болгария	1900	51
XVIII	1997	Копенгаген, Дания	2078	57
XIX	2001	Рим, Италия	2405	70
XX	2005	Мельбурн, Австралия	2045	63
XXI	2009	Тайбей, Қытай	2498	77
XXII	2013	София, Болгария	2879	90
XXIII	2017	Самсун, Түркия	2859	86

### Сурдлимпиадалық қысқы ойындардың өту хронологиясы

Ойындар	Жылы	Өткізілген жері	Саны	
			спортшылар	елдер
I	1949	Зеефельд, Австрия	33	5
II	1953	Осло, Норвегия	53	6
III	1955	Обераммерг, Германия	61	7
IV	1959	Монтана, Швейцария	56	8
V	1963	Аре, Швеция	53	8
VI	1967	Берчтесгаден, Германия	86	12
VII	1971	Адельбаден, Швейцария	92	13
VIII	1975	Лейк-Плэсид, АҚШ	268	15
IX	1979	Мерибель, Франция	180	14
X	1983	Ма де Камподожлио, Италия	191	16
XI	1987	Осло, Норвегия	225	15
XII	1991	Банфф, Канада	287	18
XIII	1995	Юллас, Финляндия	312	20
XIV	1999	Давос, Швейцария	273	18
XV	2003	Сундсвал, Швеция	252	21
XVI	2007	Солт-Лейк-Сити, АҚШ	298	23
XVII	2011	Высоке Татры, Словакия	өткізілмеді	
XVIII	2015	Ханты-Мансиск/ Магнитогорск, Ресей	344	27

#### Арнайы олимпиада.

Интеллекттік зақымы немесе кемістігі бар балалар мен ересектер арасындағы Арнайы олимпиада «Мен жеңіске қарай талпынамын. Егер оған жете алмасам, онда менің оған тырысып көруге батылдығым жетсін» деген ант беруден басталады. Арнайы олимпиаданың есігі 8 жастан бастап, физикалық дене мүмкіндіктеріне қарамастан барлық жастағы спортшылар үшін ашық.

Арнайы олимпиаданың Халықаралық ұйымы, ХОК тарапынан «олимпиада» сөзін пайдалануға ресми рұқсат берілген әлемдегі жалғыз ұйым. Арнайы олимпиаданың паралимпиадалық қозғалыспен ортақ тұстары, ол Пьер де Кубертен ұсынған

адамгершілік, құндылық, бейбітшілік, мораль, дене шынықтыру және т.б. тәрізді көптеген олимпиадалық принциптерді сақтау, сондай-ақ, барлық елдер қатыса алатын жарыстар мереке түрінде бұқаралық сипатта өтуі.

Дегенмен, Арнайы олимпиада қозғалысының паралимпиадалық қозғалысқа қарағанда, өзіне тән ерекшеліктері бар. Мәселен, Арнайы олимпиада жарыстарында рекордтар мен медальдарға талпыну басымдыққа ие емес, онда мүгедек спортшылар өз мүмкіндіктерін байқап көруге, сенімсіздікті жеңіп, өзін-өзі жеңуге тырысу басымдыққа ие болып саналады. Ойындарды ұйымдастырушылар спорттық рекордтарды тіркемейді, өйткені Арнайы олимпиаданың негізгі құндылығы нәтиже емес, адам болып табылады. Мұнда жарыста жеңіске жеткен спортшыларға медальдар беріледі, бірақ қаржылай сыйлық берілмейді. Сондай-ақ, онда қызмет жасаған төрешілер, дәрігерлер, бапкерлер мен барлық қызмет көрсетуші персоналдар да ақшалай сыйлық алмайды. Арнайы олимпиаданы қаржыландыру еркін жарналар мен қайырымдылық садақалар есебінен жүзеге асырылады.

Бұл жарыстарда әр елдің спортшылары өз елдерінің атынан емес, ұлттық бағдарламалар тасымалдаушысы ретінде шығады. Жарысқа қатысу кезінде ақшалай сыйлық болмағандықтан, оларға тегін тамақтану мен жату орындары ұйымдастырылады. Арнайы олимпиаданың паралимпиадан айырықша жері, онда спортшылар келген елдердің ұлттық тулары тігілгенімен, жарыстағы жеңімпаз құрметіне Арнайы олимпиаданың гимні ойналып, Арнайы олимпиаданың туы көтеріледі. Осы арқылы Арнайы олимпиаданы ұйымдастырушылар олимпизм рухын ұстанады, мүмкін сол үшін де мұнда допинг қолданумен, алдаумен, спорттың басқа да кемшіліктерімен байланысты проблемалар орын алмайды. Сонымен қатар, паралимпиадалық қозғалысқа қарағанда, Арнайы олимпиадада классификациялық проблемалар да жоқ, өйткені, өз елінде мамандар тарапынан мүгедек деп танылған интеллекттік кемшілігі бар спортшылар жарыстарға жіберіле береді.

Жалпы Арнайы олимпиаданың қалыптасу тарихы туралы айтар болсақ, оның тарихы Юнис Кеннеди-Шрайвер мен оның күйеуі Сарджента Шрайвердің өмір қызметтерімен тығыз байланысты. Юнис Кеннеди-Шрайвер Халықаралық Арнайы олимпиада комитетінің негізін қалаушы, құрметті төрағасы және өз ағасы

Джозеф Кеннеди атындағы Қордың атқарушы вице-президенті болған.

1963 жылы маусым айында Юнис Кеннеди-Шрайвер өзінің отбасылық иелігінде спорт пен қозғалыс қызметіндегі қабілеттерді дамыту мақсатында, интеллекттік кемшілігі бар балалар мен ересектер үшін жазғы күндізгі лагерь ашады. Осылайша, 1964-1968 жж бүкіл Америкада кеннеди Қоры арқылы қаржыландырылған көптеген қоғамдық және жекеменшік лагерьлер ашыла бастайды. 1968 жылы Юнис Кеннеди-Шрайвер шілде айында Чикагода Арнайы олимпиаданың I-Халықаралық спорттық ойындарын ұйымдастырады. Осы жылы желтоқсанда Колумбия округінде Special Olympics Inc. Атты еркін коммерциялық емес ұйым құрылып, тіркеледі.

Ал 1970 жылы алғаш рет АҚШ-тан тыс жерде, яғни Францияда Арнайы олимпиаданың Халықаралық ойындары өткен болса, дәл осы жылы тамызда Чикагода Арнайы олимпиаданың II-Халықаралық спорттық ойындары, 1972 жылы Арнайы олимпиаданың III-Халықаралық жазғы ойындары Лос-Анджелесте, 1975 жылы IV-Халықаралық жазғы ойындары Мичиганда, ал I-Халықаралық қысқы ойындар Колорадо штатында ұйымдастырылды.

Осылайша, Арнайы олимпиаданың ойындары өз кезеңдеріне сәйкес ретте өткізіле берді. Нәтижесінде Біріккен Ұлттар Ұйымы 1986 жылды Арнайы олимпиаданың Халықаралық жылы деп жариялады.

Арнайы олимпиада ойындарының бағдарламасына ғылыми симпозиум, әдістемелік семинар, білім беру, емдік-алдын-алу, сауықтық іс-шаралар, көркемсурет көрмелері мен байқаулары енгізілді.

Жалпы Арнайы олимпиаданың Бүкіләлемдік жазғы ойындары 1968 жылдан бастап әр төрт жыл сайын өткізілсе, қысқы ойындары 1977 жылдан бастап төрт жылда бір өткізіледі. Арнайы олимпиаданың Ұлттық ойындары жыл сайын ұйымдастырылады. Бұл ойындардың өткізілу кезеңдерінің хронологиясы жөніндеі төмендегі кестеден байқауға болады.

## Арнайы олимпиаданың Бүкіләлемдік жазғы ойындарының хронологиясы

Жылы	Өткізілген жері	Саны	
		спортшылар	елдер
1968	Чикаго, АҚШ	1000	2
1970	Чикаго, АҚШ	2000	4
1972	Лос-Анджелес, АҚШ	2500	4
1975	Маунт-Глезант, АҚШ	3200	10
1979	Брокпорт, АҚШ	3555	21
1983	Багон-Роудж, АҚШ	4000	51
1987	Саус-Бенд, АҚШ	4700	70
1991	Миннеаполис – Сан-Пауло, АҚШ	6000	107
1995	Нью-Хейвен, АҚШ	7200	145
1999	Рали, АҚШ	7000	150
2003	Дублин, Ирландия	7000	160
2007	Шанхай, Қытай	7000	169
2011	Афины, Греция	7000	170
2015	Лос-Анджелес, АҚШ	7000	177

## Арнайы олимпиаданың Бүкіләлемдік қысқы ойындарының хронологиясы

Жылы	Өткізілген жері	Саны	
		спортшылар	елдер
1977	Стимбуот-Спрингс, АҚШ	285	2
1981	Виллидж оф Смоглерз-Нотч-Стоу, АҚШ	600	2
1985	Парк-Сити, АҚШ	800	14
1989	Рено – Лейк-Тахо, АҚШ	1400	18
1993	Зальцбург-Шладминг, Австрия	1600	53
1997	Торонто-Коллингвуд, Канада	1780	82
2001	Анкоридж, АҚШ	2000	85
2005	Нагано, Жапония	1800	86
2009	Огайо, АҚШ	2500	100
2013	Пьенчхан, Оңтүстік Корея	2000	111
2017	Грац – Шладминг, Австрия	2277	113

Арнайы олимпиадалар басқа спорттық іс-шаралардан айырықша түрде өткізіледі, оның бағдарламасы мәдени және спорттық шаралардан тұрады.

Арнайы олимпиадалардың Халықаралық басқарушы органы «Спешиал Олимпикс Интернешнл» болып табылады, оның штаб-пәтері Вашингтондағы Колумбия округінде орналасқан. Онда шамамен 80 қызметкер атқарушы, спорттық, Бүкіләлемдік ойындар, халықаралық бағдарламалар, маркетинг және дамыту, қоғамдық байланыс, қаржы және басқару сияқты 8 бөлімде қызмет жасайды.

Жалпы алғанда, «Спешиал Олимпикс Интернешнл» бүкіл әлемде бағдарламаларды аккредитациялауға жауап береді, Арнайы

олимпиаданың халықаралық және Бүкіләлемдік ойындарының өтуін ұйымдастырып, бақылайды, әдістемелік материалдар жасау, конференция мен семинарлар өткізу, кеңестік қызмет көрсету арқылы ұлттық бағдарламаларға қолдау жасайды.

Арнайы олимпиадалардың жазғы ойындарында келесідей спорт түрлері бойынша жарыстар өтеді: су спорты (жүзу, суға секіру), жеңіл атлетика, баскетбол, боулинг, велоспорт, ат спорты, футбол, гольф, көркемдік және ритмикалық гимнастика, пауэрлифтинг, роллер-скейтинг, софтбол, теннис, волейбол, үстел теннисі.

Қысқы ойындарында: тау-шаңғы спорты, шаңғы спорты, мәнерлеп сырғанау, едендегі хоккей, коньки спортынан жарыстар өткізіледі.

Ұлттық-көпшілік спорт түрлеріне: бадминтон, бочче, желкенді спорт, сноубординг, сноушунинг, гандбол ойындары енген.

Арнайы олимпиада бағдарламаларындағы талаптар бойынша, интеллекттік кемістігі бар спортшылар да бірнеше классификацияларға бөлінеді. Онда интеллект коэффициентін анықтау үшін Векслер шкаласы модификациясы кеңінен пайдаланылады. Ол 16-дан 64 жасқа дейінгі тұлғаларды зерттеуге арналып, 11 субтесттерден тұрады:

1. Жалпы хабардарлық субтесті. Қарапайым мәліметтер мен білімдер қорын зерделейді.

2. Жалпы саналылық субтесті. Айтылған нәрселер мазмұнын, қоғамдық нормаларды түсіну толықтығын бағалайды.

3. Арифметикалық субтест. Назар аудару тұрақтылығын, сандық материалдармен жұмыс жасау жеңілдігін бағалайды.

4. Ұқсастықты анықтау субтесті. Түсініктер, классификация, абстракция, теңестіруді қалыптастыра алу мүмкіндігін бағалайды.

5. Сандық қатарларды қайталау субтесті. Оперативтік жады мен назарды зерттеуге бағытталған.

6. Сөздік субтест. Вербалды тәжірибені зерделеуге бағытталған (сөздер мазмұнын түсіну мен анықтай алу).

7. Сандарды шифровкалау субтесті. Көру-қозғалыс дағдыларын меңгеру дәрежесін зерделейді.

8. Жоқ фрагменттерді табу субтесті. Көру, бақылау ерекшеліктерін, мәнді детальдарды айыра білу мүмкіндігін зерделейді.

9. «Коса кубиктері» субтесті. Сенсорлы-моторлық координацияны, бөліктерден бүтінді синтездей алу мүмкіндігін зерделейді.

10. Суреттерді реттеу субтесті. Фрагменттерді логикалық бүтіндей алу, жағдайды түсіну мен оқиғаларды алдын-ала болжай алу мүмкіндіктерін зерттейді.

11. Фигураларды реттеу субтесті. Бұл субтесттің бағыттылығы 9-субтестке ұқсас.

Сонымен қатар, Векслер модификациялық шкаласының 5-тен 15 жасқа дейінгі балаларға арналған нұсқасы да бар. Ол бойынша интеллект (IQ) коэффициентінің классификациясы келесідей болады:

120-129 – Жоғары интеллект;

110-119 – «Керемет» норма,

90-109 – Көпшілік адамдар деңгейі (шартты норма);

80-89 – «Төмендетілген» норма;

70-79 – «Шекаралы немесе шекті» дәреже;

69 және одан төмен – Интеллекттің зақымдығы.

Арнайы олимпиада қатысушыларының жастық топтарына келетін болсақ, олар келесідей түрлерге бөлінеді:

<b>Топ</b>	<b>Жеке жарыстар</b>	<b>Командалық чемпионаттар мен эстафеталық жарыстар</b>
Балалар	8-11	15-ке дейін
Юниорлар	12-15	
Сеньорлар	16-21	16-21
Шеберлер	22-29	22-ден бастап
Аға шеберлер	30-дан бастап	
<b>Жалпыжастық топ</b>		

Ендігі жерде Арнайы олимпиада талаптары бойынша, жарыстың келесі деңгейіне спортшының өту критерилері туралы айтып өтсек. Мұндай критерилер Арнайы олимпиаданың Халықаралық ойындарына қатысу үшін спортшыларды іріктеу мақсатында қолданылады:

1. Белгілі бір жылда келесі жоғары деңгейге өту үшін, спортшы 8 аптадан кем емес уақыт спорт түрінің ұйымдастырылған

жаттығу бағдарламасына қатысуы керек. Ұйымдастырылған жаттығу бағдарламасы дегеніміз, волонтер бапкер, кәсіпқой бапкер, мұғалім немесе ата-ана басшылығымен болатын жаттығулардың жоспарлы бағдарламасы болып табылады.

2. Жарыстардың келесі жоғары деңгейіне өту үшін, спортшы сол спорт түрі бойынша ондан төмен деңгейдегі жарыстарда I-III орындардың бірін алуы тиіс.

3. Жарыстардың келесі жоғары деңгейіне өту үшін, жарыстардың әр түрі бойынша барлық топтардағы I-III орындар алған спортшылар жеребе арқылы іріктеліп, олар I-III орын алмаған төменгі жарыстарға қатыса алады.

4. Жарыста I-III орындар алған спортшыларға жарыстардың келесі деңгейіне өтуге кедергілік шарттар болған жағдайда, іріктеу келесідей түрде болады:

- бірінші кезекте, I-орын алған спортшылар іріктеледі, олардың саны квотадан асып кетсе жеребе тартылады;

- екінші кезекте, II-орын алғандар, содан соң III-орын алғандар іріктеледі.

5. Жарыстың осы деңгейінде қарсыласы болмаған команда жеңімпаз деп жарияланады. Оларға награда берілмейді, бірақ жарыстардың келесі жоғары деңгейіне өтеді.

6. Жарыстардың келесі жоғары деңгейіне өту үшін, ұлттық бағдарламалар медициналық және құқықтық негізде қосымша критерилерді пайдалана алады. Бірақ бұл қосымша критерилер Арнайы олимпиаданың Ресми спорттық ережелеріне қайшы келмеуі тиіс.

7. Дәл сондай жарыстарға қатысқаны үшін спортшыны сол жарысқа қатыстырмай қоюға болмайды.

Жалпы қорытындылай келе айтар болсақ, Арнайы олимпиада өз алдына бір ғылыми бағыт. Біз қарастырып өткен мәселелерден басқа Арнайы олимпиада бағдарламалары мен ережелері бойынша көптеген бағыттар мен мәселелер бар және оның барлығын бір тарауда қамтып кетуге болмайды. Атап айтқанда, оларға: жарыстардың ұйымдастыру мен өткізу талаптары, жарыстың салтанатты ашылу рәсімі, марапаттау рәсімі, жабылу рәсімі, жарыстарды медициналық қамтамасыз ету, бағдарламаларды аккредитациялау мәселелері және т.б.

## II-ТАРАУ

### ӘЛЕМДІК ПАРАЛИМПИАДАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Қазіргі заманда дене шынықтыру мен спорттың рөлін адам табиғатын және қоғамды жетілдірудің факторы ретінде сезініп, түйсіну күннен күнге өсіп келеді. Бұл факторлар тек әлеуметтік қана емес, сондай-ақ, саяси феноменге айналып келеді, өйткені ол күшті мемлекет және саламатты қоғамды дамытуға ықпал ететін күштер мен ұлттық идеяларды біріктіреді.

Адаптивті спорт және оның Паралимпиадалық қозғалыс бағыты мемлекеттің әлеуметтік саясатында – мүгедек жандардың дене күшін оңалту, туа бітті немесе түрлі жағдайларда жарақат, зақым алған мүгедектерді бала кезден әлеуметтік тұрғыда бейімдеу, түрлі психологиялық және қоғамдық-мәдени кедергілерден өтуді үйретіп қоғамдағы маңыздылығын жоғарылату арқылы олардың өмір сапаларын жақсарту, олардың белсенділіктерін ояту мен өзін-өзі жетілдіру сияқты әлеуметтік мәселелерді шешуде белсенді түрде жәрдемдесе отырып үлкен орынға ие деп айтсақ болады.

Қазақстанның Паралимпиадалық қозғалыс пен оның дамуына қатысуының және оның нәтижелерін елдің жалпы ішкісаяси міндеттерінің мүддесіне сай пайдалануының, бір жағы саяси, екінші жағынан ғылыми өзектілігі бар деп есептейміз. Қоғамда толеранттылық пен үйлесімнің дамуына, мүгедек жандарға тиімді әлеуметтік және физикалық тұрғыда оңалтуға ыңғайлы жағдай тудыру үлкен ықпал етеді.

Соңғы жылдары қазақстандық паралимпиада спортшыларының жетістіктері тек Қазақстан спортының беделін өсіріп қана қоймай, ел басқарушы органы мүгедек жандарға қатысты мемлекеттік шараны түпкілікті қайта қарауға мәжбүрледі. Алайда, бұл бағыттағы позитивті қадамдарды тыңғылықты түрде бақылау және біздің елдің танымал халықаралық қозғалыстың дамуына қосқан үлесін түйсіну, тек нақтылы мысалдардың көмегімен ғана мүмкін болады. Ол үшін Қазақстандағы Паралимпиадалық ойындардың даму тенденциясына көз жүгірткен абзал.

Жалпы алғанда, Паралимпиадалық ойындарға қатысушылар және медальға қол жеткізбегендердің өздері де жеңімпаз болып

есептеледі. Бұл дегеніміз, өз-өзін, ауруын, қоғамда мүгедектерге қатысты қалыптасқан келеңсіз сөздер мен пікірлерді жеңіп, дәлелдеу деген сөз.

Қазақстандағы Паралимпиадалық қозғалысқа қатысты әдебиеттік дереккөздерді, интернет-ресурстарды зерделеп, талдай отырып, біз Қазақстан спортының басқа әлемдік көшбасшы елдермен салыстырғанда қарапайым әрі жастығына қарамастан, оның белсенді түрде жоғары нәтижелер мен алдыңғы қатарлы позицияны игеруге тырысып жатқандығын байқадық.

Қазақстан Паралимпиадалық ойындарда алғаш рет жеке команда ретінде 1994 жылы Лиллехаммердегі қысқы ойындарда шықты. Сол кезден бастап барлық жазғы және қысқы ойындарға үзіліссіз қатысып келеді. Ал оған дейін Қазақстан КСРО құрамасы мен Біріккен команда құрамында өнер көрсетіп келген.

Қазақстан жалпы Паралимпиадалық ойындарда барлығы 4 олимпиадалық медальды жеңіп алды, оның 2-уі жазғы, 2-уі қысқы ойындарда. Бірінші күміс медальға 1994 жылы Лиллехаммерде шаңғыдан Любовь Воробьева қол жеткізсе, одан 22 жылдан кейін, яғни 2016 жылы Рио-де-Жанейрода Қазақстан құрамасының капитаны Зульфия Габидуллина еркін жүзуден тұңғыш алтын медальды иемденді. Осы жылғы ойында келесі күміс медаль пауэрлифтинг бойынша 67 кг салмақта елдің бірнеше дүркін чемпионы Раушан Қойшыбаеваға бұйырды. Ал 2018 жылы өткен Пхенчхандағы қысқы Паралимпиада ойындарында Қазақстан шаңғышысы Александр Колядин екінші алтынды ел қоржынына салып, ел абыройын асқақтатты.

Мұнан басқа медаль алмаса да нағыз спорт өнерінің өрнегін көрсеткен бірнеше спортшыларды, мысалы пауэрлифтингтен Гүлбану Абдыхалықова 7-орынға, кешенді жүзуден Роман Агалаков 17-орынға, брасспен жүзуден Ануар Ахметов 4-орынға, еркін жүзуден Наталья Звягинцева 7-орынға табан тірегендерін атап кеткенді жөн деп санаймыз. Сонымен қатар, Қазақстан құрамасына енген садақ атушы 44 жастағы Александр Медведев бокс, жүзу, мылтықпен оқ және садақ ату сияқты төрт спорт түрінен спорт шебері атағын алғанын мақтанышпен айтамыз.

Әрине, бұл жеңістердің барлығында Қазақстан Ұлттық Паралимпиада комитетінің алар орны ерекше. Өйткені, тиісті деңгейдегі үйлестіру, бақылау, басқару мен ұйымдастыру мәселелері

бір жолға қойылмайынша ондай жетістіктердің ауылы алыс болар еді. Әсіресе, 2015 жылы біздің Ұлттық Паралимпиада комитетіне Қайрат Боранбаевтың келуімен бұл үкіметтік емес ұйымдағы жұмыстар жаңа деңгейге көтеріліп, тың жатқан мәселелер көтерілді. Қажетті басшы мен тиісті қызметкерлер мен мамандардың арқасында Қазақстан Әлемдік Паралимпиадалық қозғалысқа жаңа қарқынмен енді. Осындай қарқынды жұмыстар нәтижесінің арқасында ел спортшылары 2016 және 2018 жылғы - Паралимпиадалық ойындарда биік тұғырлардан көрініп, ел туы көкте желбіреді.

Жалпы Қазақстандық Паралимпиадалық қозғалысты дамытуда тек алға жылжу шаралары көптеп байқалады. Өйткені, біздің республикамызда да Паралимпиадалық ойындар өткізіліп отырады. Алғашқы мұндай жарыстық шара 2001 жылы Астана қаласында өткен болатын. Онда жалпы командалық есепте Алматылық спортшылар жеңімпаз атанды. Қазақстан Республикасының ІІ-ші Паралимпиадалық ойындары кезекті түрде Талдықорған қаласында өткізілсе, онда командалық есепте Алматы, Қарағанды, Астана командалары жеңімпаз атанды. Қазақстандық ІІІ-ші Паралимпиада ойындарын 2011 жылы Шымкент қаласы қабылдады. Мұнда да І-орынды үшінші рет алматылықтар жеңіп алды. Қазақстанның ІV-ші Паралимпиадалық ойындары Павлодар қаласында өтсе, онда жеңіл атлетика, жүзу, үстел теннисі, пауэрлифтинг, оқ ату, арбадағы волейбол, арбадағы би сияқты жеті түрлі паралимпиадалық спорт түрінен 600 спортшы қатысып, 400-ден аса марапаттық жинақ ойнатылған. Көшбасшы ретінде бұл ойында Алматы, Қарағанды және сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы (қазір Түркістан облысы) топ жарып шықты.

Осы орайда, жоғарыда аталған паралимпиадалық іс-шараларды негізгі үйлестірушілер мен ұйымдастырушылар ҚР Ұлттық Паралимпиада комитеті мен ҚР Мәдениет және спорт министрлігі екенін айта кету қажет.

Қазақстанда Паралимпиадалық спорт қаншалықты жақсы дамыған деген сауалға келсек, бүгінде еліміздің Астана және Алматы қалаларында, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, ШҚО, СҚО, Маңғыстау, Қостанай облыстарында мүгедек жандарға арналған 11 спорт кулбтары жұмыс жасайды. Ал Түркістан облысы мен Қарағанды облысында екі мамандандырылған спорт мектептері ел игілігіне жұмыс жасауда. Сондай-ақ, Петропавлдағы жоғары

спорт шеберлігі мектебі жанында мүгедектер спорты бөлімі, Павлодарда спорттың ойындық түрлері және мүгедектер спорты бойынша балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі, Қызылордада «Мұз айдыны» спорт кешенінде мүгедектер спорт бөлімі сәтті жұмыс істеп жатса, биылғы 2019 жылы Астана қаласында Паралимпиадалық жаттықтыру орталығы қабырғасында мүмкіндігі шектеулі спортшыларға арналған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі пайдалануға берілді.

Осы сала бойынша ҚР Спорт комитетінің мәліметтеріне сәйкес, орташа есеппен жыл сайын 4000-нан аса мүгедек-спортшы қатысатын 70-тен аса республикалық чемпионаттар мен турнирлер өткізіліп, олардың халықаралық старттарға шығулары да қамтамасыз етіледі екен.

Жалпы алғанда, мүгедек жандарды қоғамға интеграция жасаудың жақсы мүмкіндігі ол спорт болып саналады. Осылайша, біздің еліміз де барлық өңірлерде мүмкіндігі шектеулі жандарға спортпен айналысуды қолжетімді етуге тырысып бағуда.

Әрине, Халықаралық Паралимпиадалық қозғалыспен салыстырғанда, Қазақстандық паралимпиадалық қозғалысқа адаптивті спорт Олимпиадалық ойындармен терезесі тең болуы үшін әлі де көптеген тындырымды істерді жүзеге асыруға тура келеді. Бұл жерде республиканың барлық өңірлерінде бірінші кезекте атқарушы билік, одан соң медицина, спорт, білім беру мекемелері бірлесе күш салулары тиіс деп есептейміз.

Бір жағынан дәл қазіргі уақытта республикалық жоғары деңгейде мұндай жұмыстарды бастаудың алғышарттар басталды деп айтуға болады. Өйткені, елдің спорт туралы заңнамасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қабылданды, бұл өз кезегінде Қазақстандағы Паралимпиадалық қозғалыстың дамуына оңтайлы өз әсерін тигізеді деп сенеміз. Ол заңнаманың 13-1 бабында жеке түрде ҚР паралимпиадалық қозғалыс пен Ұлттық Паралимпиадалық комитеттің негізгі ережелері жазылған, бұл дегеніміз Қазақстандағы Паралимпизмнің деңгейін Олимпиадалық сияқты жеке-дара деңгейге қойылғанын көрсетеді. Заңның аталған бабына сай, Ұлттық паралимпиадалық қозғалыс Халықаралық паралимпиадалық қозғалыстың құрамдас бөлігі болып табылады және оны қоғамдық бірлестік ретінде ҚР Ұлттық Паралимпиада комитеті басқарады.

Мемлекет ұлттық паралимпиада қозғалыс толық танып, жан-жақты қолдау көрсетеді, ал оның негізгі функцияларына келесілер жатады:

- паралимпиадалық қозғалыс принциптерін насихаттау, бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортының паралимпиадалық түрлерін дамытуға ықпал жасау;
- Қазақстан Республикасының атынан ХПК-да, Паралимпиадалық ойындарда, басқа да халықаралық спорттық жарыстарда өкілдік ету;
- бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктердің паралимпиадалық спортын дамытудың бірыңғай саясатын жүргізу;
- Паралимпиадалық ойындар мен басқа да халықаралық спорттық іс-шараларға қатысу үшін мүгедек-спортшыларды дайындауға ықпал ету.

Сонымен қатар, Паралимпиадалық қозғалыстың заңдылығын бекіту үшін, аталған заңнамаға олимпиадалық, ұлттық және олимпиадалық емес деген сөздермен қатар, алғаш рет паралимпиадалық спорт түрлері деген түсінік енгізілген. Паралимпиадалық спорт түрлеріне Халықаралық Паралимпиада комитеті таныған және Пралимпиадалық ойындар бағдарламасына енген спор түрлері жатады. Әрбір сегіз жылда ол бағдарламаға енген спорт түрлерінің тізімі өзгеріп отырады.

Мұнымен бірге, заңнама жаңалығының бірі ретінде – мемлекеттік саясаттың жаңа міндеттерінің пайда болуын айтуға болады. Бұл норма бойынша ендігі жерде спорттық ғылым және медицина, бапкерлерді оқыту және біліктілігін жоғарылату, инфрақұрылым және спорттық бұйымдармен жабдықтау сияқты спорт институттары тек олимпиадалық спорт түрлеріне ғана емес, сондай-ақ, паралимпиадалық спорт түрлеріне де қатысты болуы тиіс. Сондай-ақ, осы заңның аясында елдегі спорттық федерациялар паралимпиадалық спорт түрлері бойынша аккредитациядан өтетін болады, өйткені қазір Қазақстанда паралимпиадалық спорт бойынша аккредитациядан өткен бірді-бір спорттық федерация жоқ екен. Заңнаманың жана өзгерістерінің арқасында жергілікті атқарушы органдарға да бірнеше жауапкершіліктер артылды, олар бұрын тек дене шынықтыру және спортпен айналысу үшін спорттық ғимараттарға қолжетімділікті қамтамасыз етулері қажет болса, ендігі жерде спортқа мүгедек жанданды тартып, спорт ғимараттарын

арнайы құрылғылармен қамтып, мүгедектер спортын дамытулары қажет болады.

Жалпы бұл тарауды қорытындылай отырып айтқанда, Қазақстан әлемдегі жас мемлекеттің бірі болғанымен, тәуелсіздіктегі ширек ғасыр ішінде паралимпиадалық қозғалыстағы өз орнын белгілей білді және жоғарыда оған қатысты дәлелдер мен мәліметтер келтірілді. Сондықтан алдағы уақыттарда Қазақстанның әлемдік паралимпизм қозғалысына қосар үлесі мол болып, еліміз осы қозғалыстағы жетекші елдердің біріне айналарына сенеміз.

Осы тұста айта кетерлік нәрсе, заңнамалары мен тәжірибелерінің әр түрлілігіне қарамастан, Паралимпиадалық қозғалыстың маңыздылығы мен мәнділігін мемлекеттік және қоғамдық деңгейде түсіне білген елдер ғана осы бағыттағы көшбасшыларға айнала алады. Оған тарих, тәжірибе, нақтылы істер пен бүгінгі күннің өзі дәлел болып алады.

### III-ТАРАУ

## АДАПТИВТІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫҢ (АДШ) ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРАЛДАРЫ

**АДШ педагогикалық міндеттері.** Адаптивті дене шынықтыру жүйесінде педагогикалық міндеттердің барлық дерлік түрлері қамтылады. Олар екі топтан тұрады: 1) жалпы міндеттер; 2) спецификалық міндеттер.

Жалпы міндеттерге келесілер жатқызылады:

- денсаулықты нығайту, қалыпты физикалық дене дамуына, сыртқы ортаның келеңсіз әсерлеріне деген ағзаның қарсы тұруын жоғарылатуға ықпал ету;
- қозғалыс техникасының негіздерін, өмірлік қажетті шеберліктер мен дағдыларды қалыптастыруға үйрету;
- қозғалыстық (кондициялық және координациялық) қабілеттерді дамыту;
- тұлғаның дене шынықтыру саласындағы қажетті білімдерді қалыптастыруы;
- дене шынықтыру жаттығуларымен өз бетінше айналысудағы қажеттіліктер мен шеберліктерді тәрбиелеу, оларды тынығу, жаттығу, жұмыс қабілеттілігін жоғарылату мақсатында саналы түрде қолдану;
- адамгершілік және еріктік қасиеттерді, өзінің қылығы, іс-әрекеті, белсенділігі мен өзбеттелігі үшін жауапкершілікке тәрбиелеу.

Арнайы міндеттерге келесілер жатады, бірақ оларды шешу жолдары жалпы міндеттерге де тиесілі болады:

- коррекциялық (түзетушілік);
- компенсаторлық (жәрдемдік);
- профилактикалық (алдын-алу).

Ғылыми әдебиеттерге сәйкес, егер дені сау оқушылардың дене тәрбиесі жалпыдайындық бағытында болса, адаптивті дене тәрбиесі анық түрде коррекциялық-дамытушы бағытта болады.

Адаптивті дене шынықтырудағы коррекциялық-дамытушы міндеттердің көп қырлы болуы себепті, олар, әрқайсысының жеке-дара терең қызметтері бар келесідей түрлерге топтастырылады:

1. Негізгі қозғалыстар техникаларын коррекциялау (жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, жүзу, лактыру, ұсақ моторика т.б.).

2. Координациялық қабілеттерді коррекциялау мен дамыту (дене мүшелері қозғалысының реттілігі, теңдік сақтау, нақтылық, көру моторикасы т.б.).
3. Физикалық дене күші дайындығын коррекциялау мен дамыту (бұлшықет күші, жылдамдық-күштік қасиет, төзімділік т.б.).
4. Жойылған немесе бұзылған функцияларды орнықтыру, қозғалыстардың жаңа түрлерін қалыптастыру.
5. Соматикалық бұзылулардың профилактикасы мен коррекциясы (дене тіктігін сақтау, бүкірлік, жалпақ табан, дене бітім, тыныс алу мен жүрек-қан тамыр жүйесі т.б.).
6. Сенсорлық жүйелерді коррекциялау мен дамыту (көру және есту сигналдары, жады, сезімталдық, тері-кинестетикалық қабыладаулар т.б.).
7. Қозғалыс әрекеті процесінде психикалық бұзылуларды коррекциялау (заттық және кеңістіктік көру, байқау, логикалық ойлау, жад, көңіл, назар, сөйлеу, эмоциялық-еріктік және т.б.).

Дей тұрғанмен бұл бөлініс шартты сипаттама ғана, ал тәжірибелік жұмыс барысында айтарлықтай шектеулер жоқ деуге болады. Демек, бір жаттығу бір мезетте бірнеше міндетті шешуге, ал бірнеше жаттығу бір міндетті шешуге бағытталуы мүмкін.

**Адаптивті дене шынықтыру құралдары.** Адаптивті дене шынықтыру құралдарына келер болсақ, оларға негізінен **дене жаттығулары, табиғи орта мен гигиеналық факторлар** жатқызылады.

**Дене жаттығулары** – бұл негізгі спецификалық құрал болып табылады, оның көмегімен айналысушыға бағытты түрде әсер етіледі, сондай-ақ, коррекциялық-дамытушы, компенсаторлық, емдік, профилактикалық, білім беру, сауықтыру және тәрбиелеу міндеттері шешіледі.

Дене жаттығулары кез-келген жастағы мүмкіндігі шектеулі адамның ағзасына, әсіресе, дамуында бұзылуы бар өскелең ағзаға өте жақсы әсер береді. Олар:

1) тірек-қимыл аппаратын нығайтып, дамытады, сүйек өсуін ынталандырады, буындар мен сіңірлерді нығайтады, бұлшықеттердің күшін, икемділі мен тонусын арттырады;

2) қан мен лимфа айналымын, зат алмасуын жақсартады;

3) орталық жүйке жүйесіне оң әсер етеді, бас миы қыртысының жұмыс қабілетін және күшті тітіркендіргіштерге деген тұрақтылықты арттырады;

4) орталық жүйке жүйесінің талдау-синтетикалық қызметін және екі сигналдық жүйе арақатынасын жақсартады;

5) сенсорлық жүйелердің функциясын жақсартады.

Дене жаттығулары саналы әрі мақсатты бағытталған іс-әрекет бола тұра, бірнеше психикалық (назар, жад, сөйлеу т.б.) процестермен байланысты, ол - қызығушылықты, пікірді, мотивті, қажеттілікті дамытады, ерік-жігер, мінез-құлық, тәртіпті қалыптастырады, осылайша, ағза мен тұлғаға әсер ете отырып, адамды рухани дамытудың құралының бірі болып табылады.

Дене жаттығуларының ағза мен адамға беретін тиімділігі, бірқатар факторлардың әсерімен анықталады: біріншіден - жаттығудың ерекшелігі, күрделілігі, жаңашылдығы, эмоционалдылығы, жүктемелік деңгейі т.б.; екіншіден – айналысушылардың жеке ерекшеліктерімен, яғни жасы, жынысы, денсаулық ахуалы, қозғалыс мүмкіндіктері, дефекттік шектеулері, сақтау функцияларының (қозғалыстық, сенсорлық, интеллектуалдық) ахуалы, қозғалыс тәжірибесі, үйрену мен байланысқа түсу қабілеті, жеке қызығушылығы; үшіншіден – сыртқы жағдайлар әсерімен, яғни сабақтағы психологиялық климат, сабақ өту орнының гигиеналық қамтамасыз етілуі, техникалық құрал-жабдықтармен, бұйымдармен жабдықталуы.

Адаптивті дене шынықтыруда барлық жаттығулар белгілі бір белгілеріне қарай бірнеше топтарға бөлінеді. Олардың ішінде кең түрде тарағандары келесі классификациялар болып табылады:

1) мақсаттық бағытылығы бойынша: жалпы дамытушы, спорттық, рекреациялық, емдік, профилактикалық, коррекциялық, кәсіби-дайындық жаттығулары;

2) қандай да бір физикалық дене қасиеттеріне деген басым әсері бойынша: күштік, жылдамдықтық қасиеттерді, төзімділікті, икемділікті т.б. дамытушы жаттығулар;

3) белгілі бір бұлшықет топтарына деген басым әсері бойынша: арқа, қарындық пресс, иық білек, балтыр, бел, жамбас бұлшықеттері мен мимикалық бұлшықеттеріне т.б. арналған жаттығулар;

4) координациялық бағыты бойынша: кеңістікті бағдарлау, теңдік, дәлдік, күш салу дифференцировкасы, босансу, ритмикалық қозғалыс т.б. арналған жаттығулар;

5) қозғалыстардың биомеханикалық құрылымы бойынша: циклдық (жүру, жүгіру, жүзу, арбамен, шаңғымен қозғалу, ескек есу т.б.), ациклдық (спорт снарядтарын лақтыру, гимнастикалық жаттығулар, тренажердегі жаттығулар т.б.), аралас (жүгіріп келіп ұзындыққа секіру, қозғалыс және спорттық ойындар т.б.);

6) физиологиялық функциялардың кернеулік дәрежесін көрсететін тапсырмаларды орындау интенсивтілігі бойынша: төмен интенсивті жаттығулар (ЖСЖ мин 100 соқ. дейін), қалыпты түрдегі (ЖСЖ мин 120 соқ. дейін), сергітетін (ЖСЖ мин 140 соқ. дейін), жаттықтырушы ЖСЖ (ЖСЖ мин 160 соқ. дейін және одан жоғары);

7) түрлі нозологиялық топтағы мүгедектерге арналған спорт түрлері бойынша: медициналық көрсетімдер мен қарсы көрсетімдер негізінде және Паралимпиадалық ойындардың бағдарламасына сәйкес ұсынылатын, көру, есту, ақыл-ойлық, тірек-қимыл аппаратының бұзылуымен байланысты мүгедектерге арналған жаттығулар мен спорт түрлері;

8) емдік әсері бойынша: паретикалық (қол, аяқ, мойын) бұлшықеттер, тіректік, буындар қозғалыстарын қалыпқа келтіруші жаттығулар, рефлекстік, тыныс алу, қан айналымы функцияларын ынталандыруға арналған жаттығулар т.б.;

9) бастапқы қалып бойынша: ішпен, арқамен, жамбаспен жату, отыру, тұру, тізерлеу, жүрелеу, төрт тағандау т.б. қалыптарда жасалатын жаттығулар;

10) жаттығуларды өз бетінше орындау дәрежесі бойынша: өз бетінше белсенді, қолдаумен, жәрдеммен, сақтандырумен, қозғалыстарды алып барумен, балдақпен, таяқпен, протез, ортез, тугор және арба тәрізді техникалық құрылғылар көмегімен, пассивті жаттығулар, ортопедиялық формаларда т.б.;

11) пәнаралық байланыстардың интеграциясы бойынша: көркем-музыкалық, хореографиялық би жаттығулары, формокоррекциялық ритмопластика, сурет салу жаттығулары, рольдік қозғалыстық функциялармен байланысты ертегі, драма және ойындық терапия, ойлауды, сөйлеуді, назарды, жадыны, қарапайым математикалық қабілеттерді белсендендіретін жаттығулар және т.б.

**Табиғи орта факторлары** – оған денсаулықты нығайту, ағзаны шынықтыру мақсатында суды, ауа және күн ванналарын пайдалану жатады. Табиғаттың шынайы күштері физикалық дене жаттығуларының оң әсерін күшейтеді. Мүгедек жандар үшін шомылу, жүзу, шөпте, құмда, таста жалаң аяқ жүру, туризм, балық аулау, шаңғымен, велосипедпен, қайықпен серуендеу, қимылдық және спорттық ойындар жаттықтыру мен шынықтырудан басқа, сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне деген қарсы тұруды жоғарылатып, суықтап ауыруды төмендетеді.

Жүзу мүгедек балалар үшін алғашқы күннен бастап ағзаның дамуына оң әсер береді. Судың уқалаушылық әсері, омыртқаның жеңілденуі, сүйенішсіз ортадағы қозғалыс еркіндігі бұлшықеттерді, буындар мен байланыс сіңірлерін нығайтып, алмасу процесін, перифериялық қан айналымын, тыныс алу тереңдігін күшейтеді және ұйқыны, тәбетті, баланың көңіл-күйін жақсартады.

**Гигиеналық факторлар** – оған тұрмыстық, еңбек, демалыс, тамақтану, қоршаған орта, киім, аяқ киім, спорттық бұйым мен құрылғы сияқты қоғамдық және жеке гигиенаның ережелері мен нормалары жатады. Ал мүгедек жандар үшін олардың бірінші кезекті маңызы бар.

Мәселен, көру қабілеті зақымданған адамдар үшін ауада сабақ өтетін алаң алдын-ала дайындалуы керек, яғни көлемдері өлшеніп, периметр бойынша шектеуші кедергі заттар орналастырылады, кедергілер бұтақтан, тастан, шұңқырдан т.б. болмауы тиіс, ең бастысы құрал-жабдықтар түсі ашық түрде қызыл, қызғылт, сары, жасыл түстерді қамтуы қажет.

Тірек-қимыл аппараттары зақымданған мүгедек жандар үшін, мысалы отырыс футболында микрожарақаттардан сақтау үшін алаң беті мұқият тазаланып, тегістеліп дайындалады. Арбамен жүретін жандар үшін душқа, шешінетін орынға, әжетханаға баратын жолдар еркін ашық болуы керек. Техникалық жабдықтау, спорттық бұйымдар мен құрылғылардың жарамдылықтары, сақтандыру шараларының сенімділігі мен қауіпсіздік те аса назар аударуды қажет етеді.

Мүгедектердің түрлі нозологиялық топтарына адаптивті дене шынықтыруға жатпаса да медициналық және психологиялық оңалтудың құралдары қосымша пайдаланылады. Оларды физикалық дене жаттығуларымен ұштастыру адам ағзасына деген кешенді

әсерді күшейте түседі. Оның құралдарына: аппаратты физиотерапия, ине рефлексі терапиясы, электростимуляция, уқалау, мануалды терапия, фитотерапия, душтар (жауындық, су астылық, Шарко т.б.), емдік ванналар (минералды, радонды, балшықты, көмірқышқыл, оттегілік т.б.), моншалар (бу, сауна) жатса, ал психологиялық әсер ету құралдарына: электросон, гипноз, психотерапия, психокоррекция, психокөңес, психотренинг және т.б.

Дегенмен, мұндай құралдарды әр түрлі адамға пайдаланудың көптеген қарсы көрсетілімдері бар, сондықтан физиотерапиялық рәсімдерді тағайындау қатаң түрде дәрігердің тарапынан жүзеге асырылып, бақылануы керек.

## ІҮ-ТАРАУ

### АДАПТИВТІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ӘДІСТЕР

Жалпы дене шынықтыру теориясы мен тәжірибесіндегі түсініктерге ұқсас, адаптивті дене шынықтыру теориясында да әдіс, әдістеме, әдістемелік бағыт, әдістемелік тәсіл түсініктері қолданылады.

Әдіс дегеніміз – мақсатқа жету тәсілі. Оның қашан болмасын пәндік мазмұны бар және ол белгіленген нәтижеге жету жолы ретінде мақсатты түрде бағытталған педагогикалық қызмет процесінде қолданылады. Сондай-ақ, әдіс бұл – педагог пен оқушы арасындағы өзара әрекеттесу процесі, оның қызметінің алаңы физикалық, интеллектуалдық, психикалық, оқушының тұлғалық қасиеттерін, оның дене құрылымын жетілдіру, дамыту, эмоция, ерік-жігер, мінез-құлық болып табылады.

Әдістеме дегеніміз – адаптивті дене шынықтырудың коррекциялық, сауықтырушылық, білімберушілік және т.б. міндеттерін шешуге бағытталған әдістер мен тәсілдердің жиынтығын көрсетеді.

Әдістемелік бағыт – педагогикалық процестің жетекші бағыттарын көрсетеді. Адаптивті дене шынықтыруда ең бастысы коррекциялық-дамытушы және сауықтырушы бағыттар болып саналады.

Адаптивті дене шынықтыруға келесідей қарапайым әдіс топтары тән болып келеді:

- **білімдерді қалыптастыру әдістері;**
- **қозғалыс іс-қимылдарына үйрету әдістері;**
- **физикалық дене қасиеттері мен қабілеттерін дамыту әдістері;**
- **тұлғаны тәрбиелеу әдістері;**
- **педагог пен айналысушының өзара іс-қимылдарын ұйымдастыру әдістері.**

Әдістердің бұл топтарының әрқайсысы әрбір адамның немесе топтың ерекше спецификасын көрсететін әр түрлі әдістемелік тәсілдерден тұрады. Дәл осы әдістемелік тәсілді таңдап алу арқылы,

айналысушы мүгедек жанның немесе топтың барлық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке көзқарас іске асырылады.

Әдістер мен әдістемелік тәсілдерді саналы түрде дұрыс пайдалану, педагогикалық әсер ету құралы болып саналып, педагогикалық технологияның бөлігі болып табылады. Олардың негізінде үйрету заңдылығы, оқу-тәрбие міндеттерін кешенді түрде шешудің дұрыстығы, жалпы әдістемелік және аранйы әдістемелік принциптер жатады.

Ендігі жерде жоғарыда аталған әдістер топтарының әрқайсысына жеке тоқталып өтеміз.

### **Білімдерді қалыптастыру әдістері.**

Бұл әдістердің міндеттері өтең кең спектрлі болып табылып, олар келесілерге бағытталған:

- түрлі қозғалыс шеберліктерін, қозғалыстардың толыққанды техникасын сәтті меңгерудегі көзқарастарды, түсініктерді, ережелерді, принциптер мен шарттарды меңгеру, физикалық дене және психикалық қасиеттер мен қабілеттерді, сондай-ақ, оларды практикада қолдану тәжірибесін дамыту;
- дене жаттығуларын саналы түрде қолданудың стимулдарын, мотивтерін, құндылықтарын, нормалары мен тәртіптерін жасау.

Білімдерді қалыптастыру әдістері екі топқа бөлінеді: сөздік әдістер (сөйлеу арқылы әсер ақпараты) және көрнекілік әдістер (перцептивтік әсер ету ақпараты)

Бірінші топқа жататындар:

- ақпаратты вербальды түрде (ауызша) жеткізу әдісі, яғни түсіндіру, суреттеу, бейнелеу, көрсету, нұсқау, нақтылау, ауызша бағалау, талдау, талқылау, өтіну, кеңесу, пікірлесу түрінде;
- ақпаратты вербальды емес түрде (сөйлеусіз) жеткізу әдісі, яғни мимика, ымдау, қимылдау, пластика, артикуляция, саусақтық әріптер (сөйлеу қабілеті зақымданғандарға) түрінде;
- бірлесе сөйлеу әдісі – сөздер мен тіркестерді бірмезетте екі немесе бірнеше адамдардың айтуы;

- иедомоторлы сөйлеу әдісі – дұрыс айтуға және қозғалыс қызметін өзіндік реттеуге жетелейтін жекелеген сөздерді, терминдерді, тапсырмаларды «өз ішінен» ойша айтып жүру. Әдістердің екінші тобы – көру, есту, тактильдік, кинестетикалық, вестибулярлық, температуралық және басқа анализаторлардан келетін ақпараттарды сезімдік түрде қабылдау негізінде құрылған.

Түрлі нозологиядағы мүгедектердің сезімдік қабылдауының жекелеген каналдарының дефекттік негізі бар, онда көрнекілік, демонстрациялық, көрсетушілік, қимылдар әдістері спецификалық сипатқа ие, олар айналма жолдарға, бұзылуларды орнықтыруға, сақтау функцияларын пайдалануға есептелген.

Көзі көрмейтін және нашар көретіндердің көрнекілік әдістері тактильді анализатор арқылы жүзеге асырылады, мұның барысында жалпы ағза негізінде сақталған көру, сипап сезу, есту, иіс сезу пайдаланылады, бірақ басты рөлде тапсырмалаушы, бағыттаушы және реттеуші қызметтерді атқаратын сөйлеу тұрады. Бұл әдіс бойынша қолданылатындар: дененің қозғалмалы буындары бар көлемді әрі тегіс макеттер, түрлі позалардың кедір-бұдырлы бейнелері, магнитті көрнекі құралдар, тегіс және бұдыр доптар, резиналы, пластамсты металдық кірпі-доптар, дыбыстық, аппараттық, техникалық сигналдар, қозғалыс коррекциясын реттейтін тренажерлар т.б.

Құлағы естімейтіндер мен нашар еститіндердің көрнекілік әдістері сөйлеудің жетекшілігінде сезінудің барлық сақталынған түрлерінің кешенді іске қосылуына негізделген. Оған тән әдістемелік тәсілдерге: атаулары жазылған адам денесі бөліктерінің бейнесі бар плакаттар; дене жағтығулары туралы көрнекілік-әрекеттік көзқарастар қалыптастыру үшін қозғалыс суреттері мен сызбалары, тапсырмалары, ориентирлері бар карточкалар; түрлі экспозицияларда педагогтың сөйлеуі арқылы қимылдарды көрсету; мимкамен, ыммен және сөйлей отырып қозғалыстарды көрсету; жалпақ әрі көлемді заттар, спорттық бұйымдар мен стандартты емес құрылғылар, түсі, формасы, үлкендігі, салмағы бойынша әр түрлі заттар; назар салуын ыңғайлап тұру үшін жарықтық, белгілік, вибрациялық сигналдар т.б. жатады.

Ақы-ой кемістігі бар тұлғаларды үйрету мен тәрбиелеудің негізгі міндеті, бас миы қабығының дефекті әсерінен бұзылған

танымдық, эмоционалдық-еріктік және қозғалыстық салалардағы кемшіліктерді барынша азайту. Бұл бағыт бойынша, әдістер мен тәсілдер қозғалыс әрекетіндегі барлық функцияларды белсендендіруі тиіс, мысалы: дене жаттығуларын сөзбен түсіндіре отырып көрсету, адам денесін, буындар функцияларын, бұлшықет топтарын түсіндіру үшін адам фигурасының суретін салу, картинадағы қозғалыс іс-қимылдарын орындалу жолдарын көрсете отырып, бейнелеп айтып беру, жаттығуларды сөздік нұсқау бойынша тек көрсету арқылы орындау т.б.

Тірек-қимыл аппаратының зақымы бар мүгедектердің дене жаттығуларын жасаудағы көрнекілік әдістері, кинестетикалық және проприоцептивті (бұлшықет, буын рецепторлары арқылы) сезінулерге бағытталған дененің барлық мүшелерінің кешенді қабылдаулар арқылы іске асырылады. Осы мақсат бойынша тәжірибеде биологиялық кері байланыстың түрлі техникалық жүйелері жасалынып, пайдаланылады, олар: мәжбүрлі қозғалыстарды ынталандыру үшін көрудің кері байланыстарын пайдалануға негізделген, церебральді паралич балаларға арналған компьютерлік ойындық тренажерлер; сезіну феномендерін және қозғалыстарды мәжбүрлі орындауды жаттықтыру арқылы қозғалыс іс-қимылдарын игеруге арналған тандотерапия әдісі, бұл БЦП (ДЦП), полиомелит, қимылдық жарақаттан кейін қозғалыстарды қалпына келтіру үшін ұсынылады; жаттығу жасауға қызығушылықтарды арттыруға, «саламатты» қозғалыстарды қалыптастыруға арналған видеофильмдер т.б.

### **Қозғалыс іс-қимылына үйрету әдістері.**

Қозғалыс іс-қимылдарын қалыптастыруға бағытталған әдістер ретінде бөлшектенген үйрету әдісі және бүтіндік үйрету әдісі есептеледі.

Өткен ғасырдың 30-жылдарының өзінде кеңестік дәуір зерттеушісі Л.С.Выготский, дамуының кемістігі бар балаларды үйретуде жетекші принциптің бірі ретінде «бөлшектеу принципін» ұсынды.

Бөлшектеп, соңынан бүтін жаттығудың бөліктерін игеру, адаптивті дене шынықтырудың әр түрлі түрлеріндегі үйретуге тән сипат болып табылып, ол келесідей жағдайлардан келіп шыққан:

- көптеген жаттығулардың координациялық құрылымы өте күрделі болып келеді және оны орындаушылардан теңдік ұстау, қозғалыстың күштік, уақыттық, кеңістіктік сипаттарын дәл қайталау сияқты кеңістікте бейімделуді талап етеді, алайда, мұндай қабілеттер сенсорлы, интеллектуалды, қозғалыстық бұзылулары бар адамдар өте нашар дамыған;
- өз құрылымы бойынша күрделі дене жаттығулары көп уақытты талап етіп, ол айналысушылардың сабақ қызметіне деген қызығушылықтарын төмендетіп жіберуі мүмкін. Психологиялық тұрғыдан қарағанда, дамуының кемістігі бар балалар жиі өзгерістер мен жылдам жетістіктерді қалайды екен;
- жарақат пен аурудан кейінгі оңалту кезеңінде қозғалыс аппараты мүмкіндіктерінің шектелуіне қарай, бүтін қозғалыстар жасау мүмкін емес;
- оңалту мақсатында пассивті қозғалыстар қолданылады, мысалы, церебральды паралич балалар омыртқасының дұрыс қалпын қалыптастыруға жағдай жасау үшін доппен жасалатын жаттығулар пайдаланылады, яғни етбетімен жатып кезектілікпен пассивті түрде қолды, аяқты, денені, басты бүгу т.б.

Бүтіндік үйрету әдісі бойынша, дене жаттығуының басынан бастап дене жаттығуының құрылымдары толық көлемде зерделенеді. Ол қарапайым жаттығуларды үйретуде немесе бөлінбейтін жаттығуларды үйретуде қолданылады. Бүтіндік қозғалыс іс-қимылдарын жетілдірудің көмекші әдістері ретінде бастапқы қосымша және имитациялық жаттығулар жәрдем береді. Мұндай арнайы жаттығулар қозғалыстардың негізгі фазаларын жетілдіруге, техниканың динамикалық және кинематикалық сипаттарын нығайту мен коррекциялауға арналған.

Қазіргі кезде мүгедек жандар үшін тек қозғалуға ғана емес, сондай-ақ, іс-қимылдарын бақылауға мүмкіндік беретін тренажерлік құрылғылар кеңінен таралуда, бұл өз тарапынан бүтіндік күрделі координациялық қозғалыс іс-қимылдарын меңгеру процесін кеңейтуге жағдай жасайды.

Жалпы қозғалыс іс-қимылдарына үйрету мүгедек жандардың қозғалыс белсенділіктерін жоғарылату үшін қажетті базалық негіз ғана болып табылады. Ең басты міндет, осы іс-әрекеттердің

нәтижелері өмірде, тұрмыста, спортта өз қолданысын табуы болып саналады. Ол үшін үйрету процесі эмоционалдылық жағынан қанық, сан түрлі болып, ағзаның бейімделу резервтері мен айналысушының тұлғалық қасиеттерін жинақтайтын роль атқаруы тиіс.

Тәжірибелік тұрғыда ол келесі әдістер мен әдістемелік тәсілдер арқылы жүзег асады:

- түрлі физикалық дене жаттығуларының үйлесімдігімен: стандартты, қарапайым, күрделі, бейімделген, бөлшектенген, имитациялық және тренажердегі жаттығулар;
- физикалық дене жаттығулары техникаларының вариативтілігімен: бастапқы қалып, ырғақ, шапшаңдық, күш салу, жылдамдық, бағыт, амплитуда т.б.;
- вербальды не вербальды емес әдістер және әдістемелік тәсілдердің әр түрлілігімен, әсер етудің сөздік және көрнекілік әдістерімен, барлық ағзаны белсендендіретін музыка, иландыру, медитация, психотренинг т.б.;
- жаттығуларды орындау кезінде ортаның сыртқы факторларының вариативтілігімен: жылдың кез-келген уақытында, әртүрлі климаттық жағдайда, ғимаратта, ашық ауада, орманда, суда және т.б. бірақ бұл мәселелерде гигиеналық талаптар, жан-жақты қауіпсіздіктер сақталуы тиіс.

### **Физикалық дене қасиеттері мен қабілеттерін дамыту әдістері.**

Физикалық дене жаттығуларын көп рет орындау тек техника сапасын жақсартумен ғана емес, сондай-ақ, жаттықтыру әсеріне, ағзаның барлық жүйелері мен функцияларын қамтитын бейімделу процестерін дамытуға ие болып табылады. Дене жаттығуларын ретімен жасау, олардың ұзақтығы мен интенсивтілігін реттеу, физикалық жүктеменің ағзаға деген әсерінің сипаты мен дәрежесін анықтайды.

Физикалық қабілеттіліктердің жалпыға ортақ бес негізгі түрі бар, олар: күштік, жылдамдықтық, координациялық, төзімділік, икемділік. Олардың әрқайсысына спецификалық құрылым, қозғалыстың бүтіндік бағыттылығы, бұлшықеттік координация, жұмыс режимі мен оның энергиялық қамтамасыздығы тән болады.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың физикалық дене қасиеттерін бағытты түрде дамыту мақсатында, дені сау адамдарға қатысты әдістер пайдаланылады, мысалы:

- Бұлшықет күшін дамыту үшін – максималды күш салу, қайта күш салу, динамикалық күш салу, изометриялық күш салу, изокинетикалық күш салу әдістері, «соққылық» әдіс және электростимуляция әдісі.
- Жылдамдық қасиеттерін дамыту үшін – қайталау, жарыстық, ойындық, вариативтілік, сенсорлық әдістер.
- Төзімділікті дамыту үшін – бір келкі, өзгермелі, қайталау, интервалды, жарыстық, ойындық әдістер.
- Икемділікті дамыту үшін – буындық, сіңірлік қозғалыстарды жетілдіруге арналған динамикалық белсенді, пассивті, статикалық және аралас жаттығулар қолданылады.
- Координациялық қабілеттерді дамыту үшін – дененің жекелеген бөліктері қозғалыстарын жөндеу мен жетілдіруге, күш салуды, кеңістік пен уақытты, босаңсуды, теңдік сақтауды, кіші моторика, қозғалыс ырғақтылығын т.б. дифференциациялауға бағытталған әдістемелік тәсілдердің кең түрі қолданылады.

Мүгедек жандардың жоғарыда аталған физикалық дене қасиеттерін кешенді түрде дамытудың тиімді әдісі, ол ойындық әдіс болып табылады. Ойындық әдіс барлық дерлік мамандардың ортақ тенденциялары бойынша, мүгедек балалар үшін тек ойын ғана емес, бұл олардың, сондай-ақ, қозғалыс белсенділіктерін, денелік, психикалық, интеллектуалдық мүмкіндіктерінің артуына оң әсер етеді екен. Сол үшін де қозғалыс ойындарының классификациялық белгілері ретінде келесілер саналады:

Жекелеген нозологиялық топтардың бейімделу дәрежесі бойынша:

- соқырлар мен нашар көретіндерге арналған қозғалыс ойындары;
- саңыраулар мен құлағы нашар естіндерге арналған қозғалыс ойындары;
- ақыл-ойы артта қалғандарға арналған қозғалыс ойындары;
- сөйлеу кемістігі бар балаларға арналған қозғалыс ойындары;
- тірек-қимыл аппараттары зақымы бар балаларға арналған қозғалыс ойындары;
- БЦП бар балаларға арналған қозғалыс ойындары;

Іс-қимылдар мен қозғалыстардың басымдылықтары бойынша:

- жүру және жүгіруге арналған қозғалыс ойындары;
  - секіруге арналған қозғалыс ойындары;
  - лақтыруға арналған қозғалыс ойындары;
  - өрмелеу мен тізерлеуге арналған қозғалыс ойындары;
  - қағып алу, өткізу, допты домалатауға арналған қозғалыс ойындары;
  - түрлі заттармен айналысуға арналған қозғалыс ойындары;
- Физикалық дене қабілеттерін дамытудың басымдық

бағыттылығы бойынша:

- жылдамдық қабілеттерін дамыту;
- жылдамдық-күштік қабілеттерді дамыту;
- күштік қабілеттерді дамыту;
- координациялық қабілеттерді дамыту;

Интенсивтілік дәрежесі бойынша:

- кіші психофизикалық жүктемелердің қозғалыс ойындары;
- қалыпты психофизикалық жүктемелердің қозғалыс ойындары;
- сергітуші психофизикалық жүктемелердің қозғалыс ойындары;
- жаттықтырушы психофизикалық жүктемелердің қозғалыс ойындары;

танымдық қабілеттер мен психикалық функцияларды дамыту

бағыттары бойынша:

- негізгі түстерді көру қабілетінің сенсомоторлық функцияларын дамытуға арналған қозғалыс ойындары;
- ойлау қабілетін белсендендіруге арналған қозғалыс ойындары;
- жады мен назарын дамыту: ойын ережесін, іс-әрекеттер реттілігін, заттарын есту, көру арқылы есте сақтау;
- сөйлеуді дамыту және грамматикалық білімдерді бекіту;
- мөлшер, сан, қатар, рет бойынша қарапайым математикалық көзқарастарды бекіту;
- қоршаған әлем туралы көзқарастарды кеңейту: жабайы және үй жануарларымен, құстармен, олардың дауыстарымен таныстыру;
- әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды бекіту: көше қозғалыс ережелері, мектеп құралдарының, киім, ыдыс т.б. атаулары;

- араласу мен өзара қатынастарды қалыптастыру: жұптасуда, командада, көмек көрсетуде қозғалыстар мен қимылдарды келісу, өзара іс-қимылдар және т.б.

### **Тұлғаны тәрбиелеу әдістері.**

Тұлғаны тәрбиелеу әдістерінің жүйесі, тәрбиенің стратегиялық әдістері және педагогикалық әсер ету әдістерінен қалыптасады.

#### Стратегиялық әдістерге жататындар:

- тәрбиелеуші орта әдісі;
- тәрбиелеуші қызмет әдісі;
- шынайы өмірде өзін адам ретінде ұғыну әдісі.

Бұл стратегиялық әдістер тәрбиелеудің базалық факторлардың жиынтығы ретінде қарастырылады.

Тәрбиелеуші орта. Бұл дегеніміз, әрбір адамның қоршаған орта объектісі ретінде қоршаған әлеммен өзара әрекетте өмір сүруді ұйымдастыруды білдіреді. Балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан балада өмір сүру мен араласу ортасы тар болғандықтан, қоршаған әлем туралы көзқарастары мен мінез-кұлық тәжірибесі төмен болады. Әрине, бұл факторлар тұлға тәрбиесін шектейді. Тұлғаның әлеуметтік дамуының факторлары ретінде мәдени, құндылықты, адамдық, кеңістіктік, заттық, оқиғалық, мінез-құлықтық, экологиялық, ақпараттық орта қарастырылады. Әлеуметтік факторлардың объективті әсерін кәсіби түрде қолдана білетін педагог, оған әлеуметтік жағдайды педагогикалыққа ауыстыра отырып, мақсатты бағыт береді, осы арқылы педагог тәрбиелеуші орта қалыптастырады. Дамуында кемшіліктері бар балалар үшін ондайортаны ұйымдастыруда оның отбасы басты роль атқарады. Өйткені балаларды мәдениетке, еңбекке, құндылықтар мен қоғамдық нормаларға баулу отбасынан басталады. Жағымды ортада туған дені сау баланың өзі ондай белсенділіктермен өзара байланысқа түспесе, қажетті дамуға немесе жетістіктерге қол жеткізе алмайды. Орта тұлға тәрбиесіне позитивті де, негативті де әсер етеді. Ал адаптивті дене шынықтыруда орта жай ғана қоғамдық сфера ретінде емес, сондай-ақ, адам тәрбиесіне кешенді әсер ететін қажетті механизм ретінде де қарастырылады.

Тәрбиелеуші қызмет. Бұл әдіс, тәрбиеленушілерді қызметтің барлық жан-жақты түрлеріне тартуды білдіреді. Қызмет – тұлғаны дамытудың материалдық субстанциясы болып есептеледі. Тәрбиенің

адамгершілік, эстетикалық, еңбектік, денелік түрлері, әрқашанда тұлғаның қызмет, мақсатты бағытталған белсенділік процесінде туындаған тұлғалық құрылымындағы жаңашылдық болып саналады.

Дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық қызметте адамның рухани өмірі тек соңғы нәтижелермен ғана емес, сондай-ақ, іс-қимылдарды жасаумен, шабыттық уайымдармен, бұлшықеттік сезінулермен, қызмет процесімен, өз-өзін терең түсуімен де ләззат алады. Мұнымен қоса, мақсатты бағытталған қозғалыс қызметінің процесінде ойлау, елестету, сезіну, көркемдік шығармашылық мәдениеті және т.б. қалыптасады. Сондықтан да дене шынықтырушылық қызмет адамның жалпы мәдениетін іске асыру сферасы ретінде қарастырылады.

Шынайы өмірде өзін адам ретінде ұғыну. Бұл дегеніміз, оның айналдыр ақоршаған ортамен өзара қатынасын, аумалы-төкпелі өмірдегі, араласулар мен әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орнын білдіреді. Мұндағы маңызды нәрсе, адам туылу арқылы мәдениетке енгізілген өмірде жай өмір сүріп қана қоймайды, ол сол мәдениетті алып жүруші және жасаушы болып табылады. Бірақ дені сауларға қарағанда, сенсорлық, қозғалыстық, интеллекттік мүккісі бар адамдарда бұл процесстің табиғи түрдегі қиындығы бар, ол төмен мобильділік және коммуникацияларды шектелген мүмкіндігімен байланысты. Сол үшін де әлеуметтік орта, сан түрлі қызмет тәрбиенің негізгі факторлары ретінде өмірде, өзіндік бағалауда, тұлғаның қалыптасуында маңызды орынға ие. Педагогтың кәсіби тұрғыда олардың іс-қимылдарына, мінез-құлықтарына, эмоционалдық реакцияларына, әлеуметтік-мәдени құндылықтарға деген қатынасына көңіл аударуы, ішкі тұрақтылықты қалыптастыруға жәрдемдеседі. Бұл өз қызметінің әр сәтінде құндылықтық қатынастарды қалыптастыра бастауға үмкіндік береді, яғни: пікірталасқа қатысу - ақиқатты іздеу; өзінің сырт пішіні, фигурасы, жүрісіне көңіл аудару – әсемдікті іздеу; жарыстарға қатысу – индивидуалдықты, өз-өзін көрсету; стадионды тазалау, сыпыру – тәртіпке келтіру. Сондықтан, тек өзіндік белсенділік, «алда болу» деген тұлғалық ұстаным, өзін-өзі тәрбиелеу, өмір мен тағдырды өзгертуге, үміт отын жағып, өз күшіне сенуге ықпал етеді.

Педагогикалық әсер ету әдістеріне жататындар:

- Сендіру әдісі - ол келесідей әдістемелік тәсілдерден тұрады: шешу, хабаралау, пікір, диалог, дискуссия, кеңес, ұсыным, сезімдер алмасу, ішкі мәнді ашу және т.б.
- Жаттығу әдісі - бұл келесі әдістемелік тәсілдер арқылы іске асады: педагогтың жеке үлгісі, бір нәрсені жасау немесе қайта жасау туралы өтініш, нұсқаулық көрсету, арнайы тренинг (этикет дағдылары бойынша), айырықша жағдайларда іс-қимыл жасауға бұйыру (мысалы, төбелесті тоқтату, бөтен затты қайтарып беру т.б.).
- Педагогикалық бағалау әдісі - мұның екі түрі бар: ашық түрде педагогикалық бағалау және жасырын түрде педагогикалық бақылау. Мұндағы екіншісі тиімді болып есептеледі, өйткені ол өзбеттілікті дамытады.
- Ашық түрде бағалаудың түрлері: құптау – вербалды, мимикалық, пластикалық сипаттағы форма (күлімдеу, изеу немесе «жарайсың», «жақсы» деген сияқты сөздер); мақтау – құптаудың ашық формасы; алғыс – жасалған нәрсенің маңыздылығын көрсету.

Дамуының кемшілігі бар балалар үшін жақсы көрушілік махаббатты білдіру басты нәрсе болып табылады. Ол дегеніміз, баланың рухани күшін көтеретін қолдау, құптау, мақтау, тосын сый, сыйлық, сувенир, тәттілер, ойыншықтар т.б. мұнан басқа, сәтсіздіктер алдында қорқынышын сейілту, баланы белсендендіру, іс-әрекет мотивін күшейту, сәттілікке бастайтын оның тұлғалық сипатының ерекшелігін айту аса қажет-ақ.

Жазалау да осы айтылғандарға ұқсас келеді, бірақ онда бағалау векторы өзгереді. Онда келесі тәсілдер қолданылады: құптамау, ескерту жасау, жақсы көретін нәрселерінен айыру және т.б.

### **Педагог және адаптивті спортпен айналысушының өзара іс-қимылдарын ұйымдастыру әдістері.**

Жалпы мүгедек жандар үшін сабақтың дұрыс түрлері: жеке, жекелік-топтық және кіші топтық болып саналады.

Жеке сабақтар. Күрделі қозғалыстық кемшілігі бар, жұлындық сырқаты бар, БЦП, ауыр ақыл-ой кемшілігі бар, түрлі нозологиялық топтағы балалар үшін жеке әдіс мүгедек жандардың көптеген топтары үшін ең оңтайлысы болып табылады, өйткені, ол педагогтан бір адамға ғана көңіл аударуды талап етеді. Бір адаммен

өзара әрекеттесу, мүгедектің шынайы мүмкіндіктеріне сәйкес оқу пәнінің мазмұнын, әдістерін, тәсілдерін жылдам игеруге, шұғыл түрде физикалық және психикалық жағдайларды т.б. бақылауға мүмкіндік береді.

Жеке сабақтардың кемшілік жағы, ол басқа айналысушылармен қатынас жасаудың шектелуі болып табылады, өйткені бұл оның әлеуметтену, ұжымда жұмыс жасау шеберлігін қалыптастыру процесіне кері әсер етеді.

Жекелік-топтық сабақтар. Бірлескен сабақтар үшін топ құрамының санын 2-3-тен 6-8 адамға дейін құрайды. Олар түрлі жастағы мүгедектер немесе бір нозологиялық топтағы мүгедек жандар болуы мүмкін. Жекелік-топтық сабақтардың ерекшелігі сонда, оның бір бөлігі бірлесе өтіп, мұның барысында барлығына қолжетімді жаттығулар іріктеліп алынады. Қалған бөлігін әрқайсысына арналған жеке тапсырмалар құрайды, олар педагогтың басшылығымен және бақылауымен орындалады. Мұндай сабақ түрі сақтаушы функциялар ахуалын, әр түрлі қозғалыстық бұзылуларды және медициналық қарсы көрсетілімдерді реттеуде пайдалы. Ал бұл сабақ түрінің кемшілігі, сабақтардың төмен моторлық тығыздығы болып саналады.

Кіші топтық сабақ. Бұл арнайы балабақшалар, мектептер мен интернаттарда адаптивті дене шынықтыру бойынша сабақ формасын ұйымдастырудың кең таралған түрі болып есептеледі. Ондағы айналысушылар саны 10-12-ден аспайды. Олар бір нозологиялық топтағы, шамалас жастағы және тең физикалық-психикалық мүмкіндіктегі балалар болуы тиіс. Топты жасақтауды медико-психолого-педагогикалық комиссия жүргізеді. Топтың мұндай шамалық біркелкі болуы, бірыңғай құралдар мен әдістерді қолдана отырып және барлығына ортақ міндеттерді шеше отырып педагогикалық процестерді реттеуге, айналысушылардың өзара әрекеттері мен ұжымдық іс-қимылдарына, олардың вербалды және вербалды емес араласуларына, психикасына эмоционалдық әсер етуге, сабақтың педагогикалық және моторлық тығыздылығын көтеруге жағдай жасауға мүмкіндік береді. Кіші топтық сабақтарда жекелену шектеледі және ол физикалық жаттығулардың вариативтілігі есебінен емес, керісінше физикалық, психикалық, эмоционалдық жүктемелерді ұлғайту немесе төмендету жолы арқылы жүзеге асады.

Жалпы осы тарауды қорытындылай келе айтар болсақ, адаптивті дене тәрбиесі, адаптивті қозғалыстық рекреация, физикалық оңалту тәрізді адаптивті дене шынықтырудың әрбір түрінің өзіндік міндеттері, құралдары, әдістері, әдістемелік тәсілдері, ұйымдастыру формалары болады.

Дене жаттығуларымен айналысуды ұйымдастыру формалары сан түрлі болып келеді, олар жүйелі (дене шынықтыру сабақтары, таңғы жаттығу), эпизодты (қала сыртындағы демалыс, балық аулау), жеке (тұрақты немесе үйдегі жағдайда), бұқаралық (фестивальдер, мерекелер), жарыстық (топтықтан бастап халықаралыққа дейін), ойындық (жазғы сауықтыру лагерьлерінде) болуы мүмкін. Мұнда бір сабақтарды адаптивті дене шынықтыру (АДШ) мамандары өткізсе, екіншісін қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар, үшіншісін мүгедек балалар ата-аналары, волонтерлер, студенттер, төртіншісін мүгедек жандардың өздері өткізеді екен.

Адаптивті дене шынықтырудың барлық түрлеріндегі сабақтардың негізгі формасы ол **сабақтық форма** болып табылады. Ол өз кезегінде: білім беру бағытындағы сабақтар, коррекциялық-дамытушы бағыттағы сабақтар, сауықтыру бағытындағы сабақтар, емдеу бағытындағы сабақтар, спорттық бағыттағы сабақтар, рекреациялық бағыттағы сабақтар болып бөлінеді.

Мұнан басқа **сабақтық емес форма** да бар, ол уақытпен, сабақ өткізу орындарымен, қасушы санымен, олардың жасымен шектелмейді. Бұл сабақ түріне түрлі қозғалыстық кемістіктері бар балалар, олардың ата-аналары, еркін көмекшілер де қатыса алады.

Адаптивті дене шынықтырудың сан түрлерінде сабақтық және сабақтық емес формалар келесідей түрде бөлінеді:

1. Адаптивті дене тәрбиесі – АДШ-ның ең ұйымдасқан және регламенттелген түрі, ол 8 түрлі арнайы (коррекциялық) білім беру мекемелерінің міндетті пәндері болып табылады. Дене тәрбиесі келесідей формаларда жүзеге асады:

- дене шынықтыру сабақтары;
- ритмика сабақтары (төменгі сыныптарда);
- жалпы білім беру сабақтарындағы дене шынықтыру минуттары.

2. Адаптивті дене рекреациясы сабақтан тыс және мектептен тыс сабақтар процесінде жүзеге асады. Рекреативті сабақтардың екі формасы бар: күндік режим және сыныптан тыс.

Күндік режимдегі олардың түрлері келесідей:

- таңғы жаттығу (сабаққа дейін);
- үзілістердегі ұйымдасқан ойындар;
- спорттық сағат (сабақтан кейін).

Сыныптан тыс түрлері келесідей:

- мектептегі рекреативті-сауықтыру сабақтары, олар оқушылар қызығушылығына қарай, мектеп мүмкіндіктеріне сәйкес, еркін және өзбетінше негізде ұйымдастырылады;

- дене шынықтыру мерекелері, викториналар, байқаулар мен сауықтар;

- дені сау балалармен бірге өтетін бірлескен мерекелер;
- серуендер мен экскурсиялар;
- денсаулық күндері.

Мектептен тыс уақытта адаптивті дене рекреациясының келесідей формалары қолданылады:

- жазғы және қысқы сауықтыру лагерьлеріндегі сабақтар;
- отбасындағы сабақтар мен ойындар;
- оңалту лагерьлеріндегі сабақтар;
- отбасы-сауықтыру клубтарындағы сабақтар.

3. Адаптивті спорттың екі бағыты бар: рекреациялық-сауықтыру спорты және жоғары жетістіктер спорты. Біріншісін мектепте сыныптан тыс сабақ ретінде тандап алынған үйірмелерде жүзеге асырады (үстел теннисі, гимнастика, аэробика, би, арбадағы би, едендегі хоккей, баскетбол, жүзу, жеңіл атлетика, т.б.). Адаптивті спортпен айналысудың екі формасы бар:

- жаттықтыру сабақтары;
- жарыстар.

Мұнда біріншісі де, екіншісі де спорттық және дене шынық-тыру-сауықтыру клубтарында, мүгедектердің қоғамдық бірлестік-терінде, БЖСМ, Арнайы олимпиадалық және паралимпиадалық қозғалыстар жүйесіндегі спорт түрлері бойынша құрама командаларда іске асады.

4. Арнайы (коррекциялық) білім беру мекемелерінде денені физикалық оңалту екі формада іске асады:

- мектептегі емдік-дене шынықтыру сабақтары;
- емдеу мекемелеріндегі емдік-дене шынықтыру сабақтары.

Ересек мүгедек жандардың денесін физикалық оңалту стационарларда, емханаларда, оңалту орталықтарында, санаторилерде, басқа да медициналық мекемелерде, сондай-ақ өзбетінше де жүзеге асырылады.

### АДАПТИВТІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕТЕКШІ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

#### Адаптивті дене тәрбиесінің айырықша сипаттары.

Адаптивті дене тәрбиесі – адаптивті дене шынықтырудың жалғыз түрі, онда мемлекеттің өскелең ұрпақты еңбек қызметіне, қоғамдық белсенділікке, елдің қауіпсіздігін қорғауға дайындаудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру жүзеге асады.

Тұлғаны тәрбиелеу процесін дұрыс жолға қойған жағдайда, жоғарыда аталған мемлекеттің қажеттіліктері әрбір нақты адамды өмірге, тұрмыстық, еңбектік және әлеуметтік қызметтерге дайындау сияқты оның қажеттіліктерімен сәйкестенері сөзсіз.

Адаптивті дене тәрбиесінің осы ерекшеліктері, оның айырықша сипаттарын анықтайды.

1. Адаптивті дене тәрбиесі денсаулық жағдайына қарамастан барлық балалар, жасөспірімдер мен жастар үшін міндетті болып табылады. Адаптивті дене тәрбиесі бойынша сабақтар, мемлекеттік білім беру стандарттарында тұрақты орын алуы тиіс.

2. Адаптивті дене тәрбиесі бойынша сабақтар мемлекеттің білім саласындағы орталық атқарушы органы тарапынан бекітілетін мемлекеттік бағдарламаға және тиісті сараптамадан өткен авторлық бағдарламаларға сәйкес өткізілуі керек.

3. Адаптивті дене тәрбиесі бойынша сабақтарды адаптивті дене шынықтыру саласында немесе дене шынықтыру және спорт саласында орта немесе жоғары кәсіби білімі бар, сондай-ақ, біліктілікті жоғарылату курстарынан немесе адаптивті дене шынықтыру жөнінде қайта дайындау жүйесінен өткен тұлғалар жүргізулері керек.

4. Адаптивті дене тәрбиесі бойынша сабақтар санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы талаптарға сай келетін спортзал, стадион, бассейн, ашық спорттық алаңдар тәрізді т.б. спорт нысандарында өтуі тиіс. Мұндай нысандар тиісті мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қажетті құрылғылар және бұйымдармен қамтамасыз етілуі қажет.

## **Адаптивті дене тәрбиесінің нақты мақсаттары мен міндеттері.**

Мемлекеттік саясат тұрғысынан алғанда адаптивті дене тәрбиесінің басты мақсаты, мүгедек жандарды өмірге, білім мен кәсіби қызметке дайындауда адаптивті дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін қолдану арқылы негізгі дефекттерді барынша жөндеуге тырысу болып табылады.

Адаптивті дене тәрбиесінің мақсаттарын нақтылау, адаптивті дене шынықтырудың осы түрі міндеттерінің сатылары мен басымдықтарын анықтауға мүмкіндік береді:

1) рационалды қозғалыс қызметін қамтамасыз ету арқылы айналысушы мүгедек жанның негізгі дефекттерін коррекциялау, оған әсер етуде физикалық әдістерді, санасын белсендендіруде психикалық тәсілдерді қолдану;

2) серіктес сырқаттар мен негізгі дефектке байланысты қайталанған ауытқуларды коррекциялау;

3) адамның өмірлік қызметіне кері әсер етуді төмендету үшін, сақталынған дене-қозғалыс сипаттамаларын жаңа сапада дамыту, сақтау және пайдалану жолы арқылы денсаулығының ауытқуы бар адам мен жалпы мүгедек жандардың қолда бар мүмкіндіктерін қолдау;

4) серіктес сырқаттар мен қайталанбалы ауытқуларды алдыналау;

5) өмірлік және кәсіби маңызды білімдерге, шеберліктер мен дағдыларға үйрету; физикалық және психикалық қасиеттер мен қабілеттіліктерді дамыту және жетілдіру; олардың негізгі тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеу.

Осылайша, адаптивті дене тәрбиесіндегі басым міндеттер келесілер болып шығады: коррекциялық, компенсаторлық және профилактикалық – олар дене тәрбиесі үшін дәстүрлі келесідей міндеттерді іске асыру процесінде шешіледі: білім беру, гигиеналық дамытушы және тәрбиелік.

Адаптивті дене тәрбиесі бойынша педагогтар қызметінің мазмұнына қатысты барлық міндеттерді бағыттылығына қарай классификациялауға да болады.

Бірінші топқа – айналысушыларды жалпымәдени құндылықтарға ұштастыруға және саламатты өмір салтының нормалары мен философиясын сақтауға бағытталған жалпымәдени

жоспардың білімдерін, шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыру міндеттері жатқызылады.

Екінші топқа – адаптивті дене шынықтыру құралдары мен әдістерінің контексінде айналысушыларды қоғамдағы өмірге жоспарлы әрі мақсатты түрде дайындауда жағдайлар жасауды жатқызу қажет.

Адаптивті дене шынықтыруда міндеттерді мұндай топтарға бөлу, арнайы мекемелердің әрбіріне өзіндік білім беру бағдарламасын және өмірлік уәкілеттілікті қалыптастыру бағдарламасын анықтап беру керектігін көрсетеді.

Сондықтан адаптивті дене тәрбиесі жүйесінде жұмыс жасайтын адаптивті дене шынықтыру мұғалімдері, педагогтары, тәрбиешілері мен нұсқаушы-әдіскерлері сабақ кезінде келесілерді біліп, қолданулары тиіс:

- жас ерекшелікке қарай өмірлік құзыреттіліктің көрінуі мен дамуы шкаласы (өз-өзіне қызмет ету, кеңістік-уақыттық бейімделу, әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу, коммуникативтік әрекеттер, өзін-өзі тану, қоғамдағы өз мінез-құлқын реттей алу, өмірлік және кәсіби жолды табу т.б. дағдылар);

- өз пәнінің материалдары шеңберінде жоғарыда аталған өмірлік құзыреттілік шкаласының әрбірі бойынша жетістік деңгейін бағалау әдістері;

- әр түрлі санаттағы балалардың өмірлік құзыреттіліктерін қалыптастыруға болатын адаптивті дене тәрбиесі бойынша бағдарламалардағы бөлімдердің болуы;

- дамуында ауытқуы бар түрлі нозологиядағы балалар үшін өмірлік құзыреттілікті тиімді қалыптастыруға жәрдем беретін, әрекет етуші бағдарламаларда жаңа компоненттердің болуы;

- өмірлік құзыреттілікті мақсатты түрде қалыптастырудың бағдарламасын ендіру үшін жағдай жасау.

Сол үшінде осы жерде айтылатын басты нәрсе, туған кезден бастап және мектепке дейінгі кезеңде балаларға арналған адаптивті дене тәрбиесі жүйесін жасау, адаптивті дене шынықтырудың осы түрінің болашақты және өзекті бағыты болып есептеледі.

## **Адаптивті дене тәрбиесінің нақты функциялары мен принциптері.**

Барлық жас санаттарындағы балалардың адаптивті дене тәрбиесіндегі жетекші функциялар, балаларды оқыту, дамыту мен тәрбиелеу процесінде жүзеге асатын коррекциялық-компенсаторлық және профилактикалық функциялар болып табылады. Мұндағы назар аударарлық басты мәселе, бұл функциялар баланың алғашқы күнінен бастап іске асуы керек және мазмұны жағынан балалардың өмірлік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бейімделген болуы тиіс.

Бұл мәселелерді қоғамда тиісті деңгейде іске асыру үшін кейбір көршілес елдер және Еуропа мен Американың дамыған мемлекеттеріне ұқсас, Қазақстанда да жоғары және арнаулы орта оқу орындарында «Денсаулығының ауытқуы бар адамдарға арналған (адаптивті) дене шынықтыру», «Адаптивті дене шынықтыру» немесе «Адаптивті дене шынықтыру мұғалімі» деген сияқты жаңа мамандықтар ашылып жұмыс жасалса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Олай дейтін себебіміз, бүгінгі таңда Қазақстанда жалпы дене тәрбиесі саласының осы бір арнайы бағытына қатысты мамандар мен қызметкерлер қатары өте жеткіліксіз болып табылады.

Дамуының ауытқулары бар балаларды тек арнайы білім беру ғана емес, сондай-ақ, бұқаралық мектептерге тарту тенденциясы, адаптивті дене шынықтырудың әлеуметтендіруші, интегративті, коммуникативті және гуманистік сияқты функцияларының маңызын айтарлықтай ұлғайта түседі.

Бұл функцияларды іске асыруда оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін маңызды шарттың бірі, ол, дамуының ауытқуы және мүгедектігі бар балалармен араласуға және байланысуға дайындау бойынша бұқаралық мектептердегі балалар және педагогтармен жүргізілетін арнайы ұйымдастырылатын жұмыс болып саналады.

Адаптивті дене шынықтырудағы барлық принциптердің маңыздылығын ескере отырып, адаптивті дене тәрбиесінде келесідей арнайы-әдістемелік принциптердің маңызы зор болып есептеледі, яғни: диагностикалау, коррекциялық-дамытушы, компенсаторлық және профилактикалық бағыттар. Мұнымен қоса, адаптивті дене тәрбиесі дәстүрлі білім беру, гигиеналық дамытушы және тәрбиелеуші міндеттерді шешу процесінде іске асатынын ескеретін болсақ, онда келесідей жалпығылыми принциптер де үлкен маңызға

ие болады, олар: денсаулығының ауытқулары бар тұлғалармен жұмыс істеуде өз ерекшеліктері бар ғылымилық, саналылық, белсенділік, қолжетімділік, жүйелілік және мықтылық.

Қорыта отырып айтсақ, қалай болғанда да адаптивті дене тәрбиесіне қатысты мемлекеттік бағдарламаларды жасау мен оны ұстау, жалпыәдістемелік және арнайы-әдістемелік принциптер арқылы жүзеге асырылады.

### **Адаптивті дене тәрбиесі бойынша сабақтар мазмұнының бағыттары.**

Жалпы алғанда, адаптивті дене тәрбиесінің басым міндеттері, оқушылар немесе білім алушылар тек адаптивті дене тәрбиесі саласындағы, оларды негізгі дефекттерді коррекциялау, компенсациялау және алдын-алуға қолданудың дағдысы мен шеберлігіндегі білімдер негізіне ие болғанда, сондай-ақ, жұмыс қабілеттілікті дамыту мен қолдау, өз ағзасының ахуалын оптимизациялау, денсаулығын нығайту жағдайларында ғана шешемін табатын болады.

Осыған байланысты, адаптивті дене тәрбиесі бойынша сабақтар мазмұнының келесідей бағыттарын атауға болады:

- теориялық,
- нұсқаушы-әдістемелік;
- тәжірибелік.

Адаптивті дене тәрбиесі бойынша сабақтарда білім алушылар ең бастысы, адаптивті дене шынықтырудың құралдары және әдістерінің көмегімен өз бойындағы проблемалармен жұмыстарды қалай ұйымдастыруы керек деген мәселені игерулері тиіс. Бұл үшін физикалық және адаптивті дене шынықтыру саласында білімдердің қосымша үш түрлі тобы ұсынылуы мүмкін:

1) физикалық және адаптивті дене шынықтыру тарихының, теориясы мен әдістемесінің, дене жаттығулары физиологиясының, психология мен социологияның жалпы мәселелері, сондай-ақ, мүгедек-спортшылардың рекордты спорттық жетістіктері, адаптивті спорт бойынша ірі халықаралық жарыстар туралы ақпарат (бейнематериалдарды көрсете отырып) және т.б.;

2) дене жаттығуларымен айналысудың түрлі формаларын ұйымдастыру әдістерінің негіздері, дамуындағы кемшіліктеріне қарай қозғалыс іс-қимылдарын үйрету және негізгі физикалық

қасиеттер мен қабілеттерді дамыту әдістемесінің негіздері, физикалық дене жаттығуларымен өзбетінше шұғылдануды ұйымдастыру әдістемесі туралы білімдер;

3) нақты жаттығуларды орындау ережесі мен техникасының ерекшеліктері, кәдімгі және адаптивті спорттың түрлері бойынша жарыстардағы төрешілік, құрылғылар мен бұйымдар, қауіпсіздік техникасы, арнайы терминология және т.б. туралы білімдер.

Білімдердің бірінші тобын теориялық бағыттағы сабақтарда, екіншісін – теориялық және әдістемелік сабақтарда, үшіншісін – тәжірибелік сабақтарда игерген абзал.

Әдістемелік бағыттағы сабақтарды оқу тәжірибелік немесе лабораториялық сабақтар түрінде өткізген дұрыс. Мұнда білім алушылар әдістемелік білімдерді игеріп қана қоймай, сондай-ақ, оны тәжірибе жүзінде де қолданып көрулері тиіс. Мысалы, көруді, дене қалпын (осанка) реттеуге арналған жаттығулар техникаларын, қандай да бір физикалық дене қасиеттерін дамытуға арналған жаттығуларды тауып, жасап, өңдеу.

Лабораториялық сабақтарды өткізу барысында физикалық дене дамуындағы өзіндік деңгейін, қозғалыс дайындығын бағалауды, осы көрсеткіштердің динамикасын анықтауды, сондай-ақ, әрбір оқушының денсаулық көрсеткіштеріне сәйкес, жүктемелердің көлемі мен интенсивтілігінің тиімді жеке параметрлерін құрастыруды жүзеге асыруға болады.

Ал тәжірибелік бағыттағы сабақтарды өткізу, адаптивті дене тәрбиесі саласындағы арнаулы орта білімнің басты мазмұнын құрайтын маңызды теориялық материалды игеру мүмкіндігін шектейді. Сол үшін де тәжірибелік сабақтар тек адаптивті дене тәрбиесі бойынша тек мектептегі сабақпен ғана шектеліп қоймауы тиіс, олар жан-жақты түрде адаптивті дене тәрбиесінің сыныптан тыс және мектептен тыс формаларында да өткізіліп отырса болады.

Адаптивті дене тәрбиесінің тиімділігін жоғарылату резервінің бірі, ол үй тапсырмаларын беріп, оның орындалуын тексеруді және ата-аналарға кішкентай балалармен сабақ дайындауды үйретуді енгізу болып табылады. Осы орайда, ресейлік зерттеуші-маман В.П.Лукуяненко (2005) өз еңбегінде – «3-сыныптан бастап теориялық және нұсқаушы-әдістемелік бағыттардағы сабақтар ретінде, әрбір тоқсанның басы мен аяғында екі-үш сабақтан өткізіп отыру қажет. Жалпы білім берудің негізгі сатысында,

аптасына бір рет теориялық және нұсқаушы-әдістемелік бағыттардағы сабақтар өткізіледі, ал үшінші сатысында күніне бір рет теориялық, бір рет нұсқаушы-әдістемелік және үш рет тәжірибелік сабақтарды өткізу қажет, мұнда тәжірибелік сабақтар оқу уақытының екінші бөлігінде өткізілуі тиіс» – деп тұжырымдайды.

Әрине, адаптивті дене тәрбиесінің мазмұнына теориялық және нұсқаушы-әдістемелік сабақтарды біртіндеп енгізудің мұндай сызбасын, тек арнайы білім беру мекемелеріндегі және бұқаралық мектептегі арнайы медициналық топағы балалармен жұмыс жасауда ғана ұсынуға болады.

Осы тараудың соңында қорыта отырып айтсақ, адаптивті дене тәрбиесі жүйесінде түрлі нозологиядағы жарымжан балалармен айналысу кезінде түрлі арнайы рәсімдер мен жаттығулар жүргізіледі. Олардың негізгілеріне келесілер жатқызылады: емдік массаж, физикалық дене жаттығулары, рефлекторлық жаттығулар, тыныстық жаттығулар, іліну (жоғарыдан салбырау) арқылы жасалатын жаттығулар, физиороллмен (арнайы формадағы доппен) жасалатын жаттығулар, ауырлықпен жасалатын жаттығулар (құм салынған қапшық және рюкзак), сөйлеуді коррекциялау жаттығулары (бас массажы), криотерапия (пакеттегі мұзды пайдалану арқылы жасалатын) жаттығулары және т.б.

Осы аталған шаралар мен балаларға сақтық шараларын және көмек көрсету жөніндегі көптеген мәселелер Ресейдің В.П.Малютин (1973), З.П.Фирсов (1980), М.Н.Лосева (2001) сияқты көптеген сала мамандары мен зерттеушілерінің жарияланымдарында нақтырақ келтірілген.

## ҮІ-ТАРАУ

### **АДАПТИВТІ ҚОЗҒАЛЫС РЕКРЕАЦИЯСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕТЕКШІ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ**

**Адаптивті қозғалыс рекреациясының айырықша сипаттары.**

Адаптивті қозғалыс рекреациясы адаптивті дене шынықтырудың қазіргі кезде жаңадан дамып келе жатқан түрі болып табылады. Сол үшін де ол, денсаулығының ауытқуы бар адамдар мәселесімен айналысатын елдегі барлық заңды және жеке тұлғалар тарапынан өзіне үлкен назар аударуды талап етеді.

Адаптивті қозғалыс рекреациясы мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалыс белсенділігінен, демалыстан, қызмет түрін ауыстырудан және т.б. ләззат алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бейімделген. Сол үшін де оның айырықша сипаттары келесілер болып саналады:

1. Адаптивті қозғалыс рекреациясы – бұл айналысушы үшін міндетті болып табылмайтын және ол көңіл қалауына қарай қатысатын қозғалыс белсенділігінің бір түрі.

2. Адаптивті қозғалыс рекреациясында айналысушылар немен және қалай айналысатынын өздері шешетін ұжымдық немесе өзіндік сабақтар формаларын, құралдар мен әдістерді таңдаудың толық еркіндігі іске асады.

3. Адаптивті қозғалыс рекреациясында негізгі бейімділік сабақтардан ләззат алу болып табылады. Сол үшін де мұнда, көбінесе ашық ауадағы сабақтар, табиғатпен қауышу, жануарлармен араласу, су ортасымен өзара әрекеттесу, өнер, жарыс және ойын әдістері мен құралдарын пайдалану т.б. осы сияқтылар қолдауға ие болады.

4. Адаптивті қозғалыс рекреациясы бойынша сабақтарды мүмкіндігі шектеулі азаматтардың туыстары, волонтерлар, басқа да мүдделі адамдар өткізіп, өздері де оған қатыса алады. Алайда, рекреациялық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуде, егер оған адаптивті қозғалыс рекреациясы мамандығын меңгерген адаптивті дене шынықтыру маманы қатысатын болса, ондағы тиімділік арта түседі.

5. Адаптивті қозғалыс рекреациясы бойынша мақсатты түрде ұйымдастырылатын сабақтардан басқа, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау мекемелерінің, ведомстволық санаторилері мен демалыс үйлерінің негізгі қызметтерінде қосымша рекреациялық сипаттағы іс-шаралар өткізіліп отыруы тиіс.

### **Адаптивті қозғалыс рекреациясының мақсаты мен міндеттерін нақтылау.**

Адаптивті қозғалыс рекреациясының басты мақсаты – айналысушылардың негізгі қызмет процесінде (оқу, сабақ, еңбек, кәсіби жұмыс, адаптивті спорт т.б.) жұмсалған дене және рухани күштерін ойын-сауық түріндегі сабақтарға ауысу арқылы қалпына келтіріп, хал-ахуалын оптимизациялау болып саналады.

Адаптивті қозғалыс рекреациясындағы адам үшін ең негізгі сөздер: ауысу, ләззат алу, демалыс, қалыпқа келу болып табылады.

Осыған байланысты, адаптивті қозғалыс рекреациясының негізгі міндеттері келесілер болады:

1) негізгі қызмет түрүінен қозғалыс белсенділігімен байланысты басқа қызмет үріне ауыу;

2) қозғалыстардан ләззат алу, физикалық дене жаттығуларын жасаудан көңіл-күйдің көтерілуі;

3) өз ахуалын жақсарту, физикалық және рухани дене күштерін қалыпқа келтіру;

4) белсенді демалысты қамтамасыз ету және саламатты өмір салтын ұстану;

5) адаптивті дене шынықтыруға қызығушылықты ояту және оның адаптивті спорт, қозғалыстың белсенді экстремалдық және креативтік түрлерімен айналысу;

6) дені сау адамдармен араласуға тарту және коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларды игеру;

7) психологиялық кешендерді жеңу (сенімсіздік, жатырқау т.б.);

8) мүгедек жандар мен денсаулығының ауытқуы бар тұлғалардың өмір сапаларын жоғарылату.

Дегенмен, бұл аталған адаптивті қозғалыс рекреациясының міндеттерін іске асыру үшін, бірқатар шарттарды орындап, оларды тәжірибеге енгізу жолында кездесетін объективті және субъективті кедергілерден өту қажет.

1. Елдегі тұрғындардың мүгедек жандарға деген көзқарастары мен қарым-қатынастарын өзгерту, олардың құқықтарын әлеуметтік өмірдің барлық саласында қалғандармен бірдей тең екендігін мойындау, сондай-ақ, қоғамдық, мәдени, спорттық т.б. көпшілік орындарға мүгедектердің келуін қалыпты құбылыс ретінде қабылдау, мүгедектердің денсаулығына жарнамалық дәрі-дәрмектер емес, нақты адаптивті дене шынықтырудың пайда беретінін ұғындыру, осы орайда, адаптивті дене шынықтыру мамандарының кез-келген адам үшін белсенді қозғалыстармен айналысудың шынайы құндылықтарын көрсетіп, өз пайдасын беретінін түсіндіру және т.б.

2. Әлеуметтік тәжірибенің осы түрінің барлық инфрақұрылымын мүгедектер мүмкіндіктеріне ыңғайластыру. Ондағы басты нысандар: бассейндер, стадиондар, рекреациялық жерлер мен саябақтар, қорықтар, реабилитациялық орталықтар және т.б. Мұнымен бірге оқу орнына дейін бару үшін мүгедектерге арналған көліктер және арнайы құрылғылар мен бұйымдарды ескеру, олардың көмегінсіз адаптивті қозғалыс рекреациясының кейбір сабақтарын өту мүмкін емес.

3. Адаптивті қозғалыс рекреациясының нысандарында кәсіби дайындалған кадрлардың болуы, олар сабақтарды өздері өткізеді немесе мүгедек жанды алып жүрген тұлғаға оны үйретеді.

Жалпы алғанда осы тектес көптеген шарттар мен жайттар кездесіп жатады, ал оларды орындамайынша адаптивті қозғалыс рекреациясын елде кеңінен ендіру тежелетін болады. Олардың қатарында мүгедектер мен олардың отбасыларының қаржылық жағдайы, өмір сүру деңгейі, кәсіби орналасу қиындығы және басқа көптеген нәрселер бар. Алайда, осы бағыттағы ең басты қоғамдық мәселенің бірі, қолда бар мүмкіндіктер негізінде адаптивті қозғалыс рекреациясының денсаулыққа пайда беретініне мүгедектер мен олардың жанұя мүшелерінің көздерін жеткізу болып саналады екен.

### **Адаптивті қозғалыс рекреациясының функциялары мен принциптерін нақтылау.**

Адаптивті қозғалыс рекреациясының мақсаты мен міндеттерін қарастыра отырып бірқатар жиынтық функцияларды атауға болады:

Гедонистік функция - ол бойынша, адам адаптивті дене шынықтырудың осы бір түрімен айналысуда рахатқа, ләззатқа,

қуанышқа кенеліп, өзін бақытты сезінеді. Адаптивті қозғалыс рекреациясымен айналысудан ләззат алу, онымен айналысатындардың өз көңіл-күйлерін жақсартуға, жаман кері ойлардан арылуға, депрессиядан құтылуға, адаптивті дене шынықтырудың басқа да түрлерімен айналысуға, өмірлік және кәсіби жолды табуға мүмкіндік береді.

Емдік-қалыпқа келтіру және рекреациялық-сауықтыру функциясы – бұл негізгі қызметтерден кейінгі-күштерді қалыпқа келтүр және айналысушыларды сауықтыруды білдіреді.

Құндылықты-бейімдік функция – бұл дегеніміз, мүгедек жандардың ішкі дүниесіндегі өз қалауларын көрсететін адаптивті дене шынықтыру құндылықтарын меңгеру болып табылады. Айналысушыларда саламатты өмір салтына деген және өмірдегі жетістіктерге қол жеткізудегі денсаулықтың маңызды екеніне деген құндылықтық көзқарастық бейімділіктер қалыптасқан жағдайда ғана сәттілікке қол жетті деуге болады.

Мұнан басқа адаптивті қозғалыс рекреациясы сабақтарында кеңінен қолданылатын өз атаулары бойынша қызмет атқаратын бірқатар функциялар бар, яғни: спорттық және жарыстық функция, шығармашылық функция, коммуникативтік функция.

Осы саланың мамандары адаптивті қозғалыс рекреациясының сабақтары процесінде, онымен айналысушыларда қалыптастырылуы қажет жалпы құндылықтық бейімділіктерді де бөліп көрсетеді, олар: 1) өзбетінше болуға бейімділік; 2) жүзеге асыру мүмкіндігі; 3) еркін тең құқықты араласа алу мүмкіндігі; 4) адаптивті қозғалыс рекреациясы саласындағы өзбетінше дене шынықтыру бірлестіктері.

Адаптивті дене шынықтыру принциптерінің ішінде, оның рекреативті бағыты бойынша әлеуметтік принциптің маңызы зор, яғни ол дегеніміз: гуманистік бағыттылық, социализация, интеграция, дене шынықтыру саласындағы үздіксіз білім беру мен микросоциумның басым рөлін білдіреді. Мұнымен бірге көрнекілік, қолжетімділік, жүйелілік сияқты жалпыәдістемелік принциптерде қолданылады.

**Адаптивті қозғалыс рекреациясы құралдарының жалпы сипаттамасы.**

Адаптивті қозғалыс рекреациясының негізгі құралдары – ол айналысушылар үшін рахат сезім беретін физикалық дене

жаттығулары болып табылады. Жалпы адаптивті дене шынықтырудың барлық түрлерінде футбол, баскетбол, волейбол негіздерін құрайтын ойындық қозғалыс іс-қимылдарының кез-келгені қолданылады. Мұндағы барлық нәрсе адам өз қозғалыс белсенділігі процесінде қанағаттандыратын қажеттіліктерге байланысты болады.

Осылайша, адаптивті қозғалыс рекреациясында қолданылатын құралдарға жалпы сипаттама беру үшін, адамның өз қажеттіліктерін қанағаттандыратын ләззаттарын еске түсірсек болғаны, олар: демалысқа, ойын-сауыққа, қызмет түрін өзгертуге, бос уақытты қызықты өткізуге, араласудан, физикалық және рухани күштерді қалыпқа келтіруден алатын ләззатқа деген қажеттіліктер.

Осындай қажеттіліктер қандай да бір жаттығулар түрлері мен оларды өткізу шарттарын іріктеп алу талаптарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

1. Бірінші талап – рекреациялық мақсатта қолданылатын физикалық дене жаттығулары қозғалыс іс-қимылдарынан ерекшелініп тұруы тиіс. Болмаса негізгі қызметтен ауысу, одан демалу мүмкін болмай қалады.

2. Екінші талап – көлемі мен жүктемесі жағынан болсын, физикалық және психикалық тұрғыда да максималдылыққа, яғни шектен асуға жол бермеу. Сол үшін әрбір айналысушыны қатаң бақылап немесе өзін-өзі бақылап, физикалық дене дайындығының деңгейін есепке алып отырған жөн.

3. Үшінші талап – физикалық жаттығуларды орындау мен оларды орындау шарттарында нақты қалыпқа келтіруші және сауықтырушы эффект міндетті түрде болуы керек.

4. Төртінші талап – айналысушылар үшін қызықты, жаңа, ерекше жаттығуларды іріктеп алу, сондай-ақ, қозғалыс іс-қимылдарын, олардың орындалу режимі мен шарттарының мерзімді түрде өзгертіп отыру.

5. Бесінші талап – мүмкіндігінше сабақтарды табиғат аясында өткізу, сумен байланысты жаттығуларды орындау, қозғалыс белсенділігін өнер құралдарымен біріктіру, сабақтарға жауналармен байланысуды қосу.

6. Алтыншы талап – айналысушылардың рекреациялық іс-әрекетке қосылуына ынта беретін, ойындық және жарыстық әдістерді қолдану.

7. Жетінші талап - адаптивті қозғалыс рекреациясының жеке түрдегі емес, ұжымдық сабақ түрлеріне бейімделу.

8. Сегізінші соңғы талап - адаптивті қозғалыс рекреациясы бойынша өтетін сабақтардың әлеуметтік-психологиялық шарттарына байланысты болады, оларға келесілер жатады:

- айналысушыларға бастамашылық, өзбеттілік, шығармашылық, танымдық қызығушылықтарын кеңейту сияқты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

- айналысушылардың сабақ процесінің өзінен және оның нәтижелерінен ләззат алып, қанағаттануларын қамтамасыз ету.

### **Адаптивті қозғалыс рекреациясы бойынша сабақтарды өткізу шарттарының классификациясы мен жүйелілігі**

Басты классификациялық белгілердің бірі, рекреациялық іс-шараларды өткізу орны болып табылады. Осы белгіге сәйкес, рекреациялық қызмет екі формада жүзеге асырылады:

1) ғимараттан тыс;

2) ғимарат ішінде.

Ғимараттан тыс сабақтар өткізілетін орындарына қарай үш топқа бөлінеді:

1) физикалық дене жаттығуларын орындауға арналған арнайы жасалып, жабдықталған орындар;

2) шынайы табиғи жағдайлар жасалған орындар;

3) сабақтар үшін ішінара табиғи жағдайлар жасалған орындар.

Мұндағы бірінші топқа – көптеген ашық спорттық ғимараттар, стадиондар, ашық алаңшалар, ашық бассейндер мен аквабаябақтар, гольф пен боулинг алаңдары, теннис корттары, волейбол, баскетбол, софтбол, бадминтон ойындарының алаңшалары, үстел теннисі, арнайы жабдықталған балалар алаңшалары, сондай-ақ, қысқы ойын түрлеріне арналған ғимараттар мен құрылымдар жатады.

Екінші топқа – табиғи ормандар, жайлау, су аңғарлары, тау массивтері, үңгірлер, қорықтар, т.б. табиғатпен қауышатын жерлер жатады.

Үшінші топ – рекреациялық саябақтар мен жерлерден, уақытша ұйымдастырылған шаңғы трассаларынан, жергілікті жерлерге ыңғайластырылған арнайы жолдардан және т.б. тұрады.

Жалпы адаптивті қозғалыс рекреациясының көптеген сабақтары өтетін жерлер ғимараттар ішінде орналасады. Оларға: спорттық залдар, денешынықтыру-сауықтыру кешендері, бассейндер, мұз сарайлары, ат спорты манеждері, боулинг залдары, бильярд ойындарының ғимараттары жатады. Олардың көпшілігі бүгінде жазғы және қысқы спорт түрлеріне арналған деп бөліне бермейтінін де ескерген жөн.

Екінші маңызды классификациялық белгі – құрылғылардың, снарядтардың, арнайы жабдықтардың, бұйымдардың, мүгедектерге арналған техникалық заттардың болуы саналады.

Бұл жағдайда, бірінші топқа – доптар, клюшкарлар, ұру таяқтары, туристтік жабдықтар, ракеткалар т.б. жатқызылады.

Екінші топқа - Адаптивті рекреация қызметін сақтандыруды қамтамасыз ететін мүмкін болған құралдар, түрлі сақтандыру жабдықтары жатады.

Үшінші топқа – протездік техникалар, кресло-арбалар, дыбысты доптар және басқа көптеген нәрселер жатқызылады.

Төртінші топтың техникалық құралдарын – мүгедек жандардың қандай да бір қозғалыс іс-қимылдарын жасау мен оны дамытуға мүмкіндік беретін тренажерлар құрайды.

Бесінші соңғы топқа – қозғалыс белсенділігін ынталандыратын музыкалық қолдау, мүсіндік балшық, құмдық терапияға арналған құм, компьютер және т.б. жатады.

Осы жерде айта кететін маңызды нәрсенің бірі, егер сабақтарды адаптивті дене шынықтыру маманы емес, жеке өзі өткізетін болса, онда рекреациялық іс-шаралардың басталуына дейін міндетті түрде алдын-ала дайындықтар жасалуы тиіс. Демек, айналысушылардың өздері қозғалыс іс-қимылдарын игеру бойынша дайындықта болулары қажет. Алдын-ала дайындықтағы маңызды сәттердің бірі, алдын-ала ісшаралардың жоспарын құру, бизнес-жоспар дайындау және қаржыландыру көздерін анықтау болып табылады.

### **АДАПТИВТІ СПОРТТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕТЕКШІ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ**

#### **Адаптивті спорттың айырықша сипаттары.**

Адаптивті спорт адаптивті дене шынықтырудың бір түрі ретінде, денсаулығының ауытқулары бар адамдардың қажеттіліктер кешенін қанағаттандыруға арналған.

Адаптивті спорттың айырықша сипаттары келесілер болып табылады.

1. Адаптивті спорт қызметіндегі негізгі нәрсе – максималды мүмкін жетістіктерге, рекордқа қол жеткізуге тырысу. Мұндағы басты нәрсе рекорд сөзі, яғни бастапқыда өз көрсеткіштерін жоғарылату, содан кейін өңірде, елде, континентте және әлемде рекорд орнату болып саналады. Дәл осы рекордтық жетістікке жетумен байланысты негіз, адаптивті спорттың адаптивті дене шынықтырудың басқа түрлерінен басты айырмашылық болып есептеледі. Егер адаптивті спортпен ерте жастан айналыса бастаған жағдайда, бұл негіз бірінші бапкерде қалыптасады, содан кейін, тек баланың тұлғалық сипатының қалыптасуы процесінде ғана бұл, баланың қажеттілік-мотивациялық саласының басты негізіне айналады.

2. Адаптивті спорттың маңызды айырықша сипатының бірі жарыстардың міндетті болуы болып табылады. Өйткені жарыстарсыз спорттың болуы мүмкін емес, дәл осы жерде ғана атлеттердің рекордтық жетістіктері айқындалады.

3. Адаптивті спорттың басты ерекшеліктерінің бірі, спортшылар классификациясы, яғни жарыстарға қатынасу үшін спортшыларды сыныптарға, дәрежелерге бөлу.

4. Адаптивті спортта орталық орынның бірін, спортшыны жарысқа дайындау немесе оқу-жаттығу қызметі, оларсыз рекордтық спорттық жетістіктерге жету мүмкін емес. Оқу-жаттығу қызметі спортшыға тиісті жүктеменің максималды түрде қолданылауын қарастыруы тиіс. Сол үшін де оларға тереңдетілген медициналық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыздық қажет.

5. Адаптивті спортпен айналысу мүгедек жандар мен денсаулығының ауытқуы бар тұлғалар үшін міндетті болып

табылмайды. Ұйымдастырушылық-құқықтық тұрғыда адаптивті спорт қосымша білім беру мекемелері жүйесінде (БЖСМ, ЖСЖМ т.б.), болмаса қоғамдық ұйымдарда (федерация, клуб, ассоциация т.б.) іске асырылады.

6. Адаптивті спортпен айналысу бұқаралық білім беру мен арнайы білім беру арасында өзіндік бір көпір қалыптастыруға, әсіресе, дәстүрлі білімге қарағанда арнайы білім беруде ауытқуы бар балалардың социумға ертерек тартылуына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде оның жаңа сапалы деңгейге өтуіне жағдай туғызады.

### **Адаптивті спорттың мақсаты мен міндеттері.**

Адаптивті спорттың айырықша сипаттарын нақтылау, оның негізгі мақсаты мен міндеттерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Адаптивті спорттың басты мақсаты – мүгедек жандар мен денсаулығының ауытқуы бар адамдардың, өз көңілі қалаған қызмет бойынша максималды түрде өзін-өзі іске асыру болып табылады. Айналысушылар үшін адаптивті спорт қызметімен айналысудағы негізгі мақсат, олардың осы саладағы қоғамдық-тарихи тәжірибеге қосылуы, дене шынықтырудың мобилизациялық, технологиялық, интеллектуалдық және басқа құндылықтарын игеруі, өзіндік спорттық мәдениет қалыптастыруы болып саналады.

Айта кететін маңызды нәрсенің бірі, мүгедек және денсаулығының ауытқуы бар тұлғалардың адаптивті спортпен, әсіресе, түрлі жергілікті, өңірлік, республикалық деңгейдегі жарыстардан бастап ірі халықаралық (Паралимпизм, Сурдлимпизм, Арнайы олимпизм) ойындарға қатысуы, тек олар үшін ғана емес, қоғамның барлық мүшелері үшін де үлкен маңызға ие болады. Егер мүгедек спортшылар әлемдік немесе Паралимпизм ойындарында рекорд орната алса және олардың осындай қол жеткізген жетістіктерін көрсетер болса, бұл белсенді өмірлік позиция қалыптастыруда, саламатты өмір салтын ұстануда, өзіндік физикалық дене жетілуін қамтамасыз етуде, тек мүгедек жандар үшін ғана емес, сондай-ақ, дені сау, пассивті өмір сүретін, зиянды әдеттері бар адамдар үшін де қуатты құрал болып табылады.

Адаптивті спорт мақсаттарын нақтылау, оның негізгі міндеттерін айқындауға мүмкіндік береді, олар денсаулығының ауытқуы бар адамдармен коррекциялық, коммуникативтік және

профилактикалық жұмыстар жүргізу тұрғысында өз шешімдерін табады. Олар келесідей тармақтардан тұрады:

1. Қозғалыс қызметінің бір түрінде спорттық шеберліктің жоғары деңгейін меңгеру және адаптивті спорттың нақты бір түрінде максималды нәтижелерге қол жеткізу.

2. Мүгедек жанның спорттық мәдениетін қалыптастыру, оны осы саладағы қоғамдық-тарихи тәжірибеге қосу.

3. Дене шынықтырудың мобилизациялық, технологиялық, интеллектуалдық, қозғалыстық және басқа құндылықтарын игеру.

4. Адаптивті спортқа тән әлеуметтік рөлдер мен функцияларды игеру (қоғамдық ұйым, федерация, клуб, ассоциация жұмыстарына қатысу, төрешінің, бапкер көмекшісінің, жарыс ұйымдастырушысының функцияларын орындау және т.б.).

5. Коммуникативті қызметті жүзеге асыру үшін тиісті тұлғалар шеңберін кеңейту.

6. Өмір сапасының деңгейін жақсарту.

### **Адаптивті спорт функциялары мен принциптерін нақтылау.**

Адаптивті спорттың мәні бірінші орынға адаптивті дене шынықтырудың спорттық және сауықтыру функциясын бірінші орынға шығарады. Жарыстар дегеніміз – бұл қашанда физикалық дене күшіндегі, техникалық және тактикалық шеберліктегі қарсыластық, бәсекелестік, сондықтан адаптивті спорттың бұл функциясы спортшыларда өмірде маңызды болатын тұлғалық қасиеттерді қалыптастырады. Бұл әсіресе, бүгінгі таңда Қазақстан өмір сүріп отырған нарықтық қатынас жағдайында өте өзекті болып есептеледі.

Максималды жетістіктерге тырысу, шекті және шек маңындағы жүктемелерді орындау қажеттілігі, ағзаның барлық морфофункционалық жүйелері мен оның психикалық қасиеттерін дамытуға назар аудартады. Осы орайда, адаптивті спорт үшін адаптивті дене шынықтырудың дамытушы функциясы басым бағыт ретінде көрініс табады.

Сонымен қатар, спортшының техникалық, физикалық, тактикалық, психологиялық, интеллектуалдық және интегралдық дайындықтарын толыққанды іске асыруда қажетті білімдерді, шеберліктер мен дағдыларды қалыптастыру, білім беру функциясымен тығыз байланысты болады.

Өзінің ішкі қалауының көрінісі ретінде қалыптастырылған мотивтер мен құндылықтық бейімділіктермен өзіндік қажеттіліктер мен өзін-өзі көрсетуде, құндылықтық-бейімділік функция адаптивті спортта маңызды рөл атқарады. Мұнан басқа адаптивті спортта тәрбиелік функция, шығармашылық функция, профилактикалық функция, интеграциялық функциялардың орындары ерекше.

Адаптивті спорт – бұл қызметтің сондай бір түрі болып есептеледі, онда әлеуметтік, жалпыәдістемелік және арнайы-әдістемелік сияқты үш принциптің үлкен маңызы бар. Жалпы адаптивті дене шынықтыру жүйесіндегі сәйкесінше бірінші және екінші болып саналатын әлеуметтік және жалпыәдістемелік принциптер жұмыстары туралы біз алдыңғы тарауларда айтып өткенбіз. Ал адаптивті спортпен айналысушылардың ерекшеліктері, үшінші, яғни арнайы-әдістемелік принциптердің барлығын ұстануды талап етеді, бұл дегеніміз ең алдымен диагностикалау, дифференциациялау мен индивидуализациялау, сондай-ақ, педагогикалық әсер етудің дұрыстығы, тиімділігі және вариативтілігі болып табылады.

### АДАПТИВТІ СПОРТТАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР МЕН КЛАССИФИКАЦИЯЛАР

Қазіргі кезеңде әлемдік қауымдастықта адаптивті спорт қызметтерінің бірнеше бағыттары қалыптасты. Әлем бойынша олардың үш түрі кең ауқымда танылды, олар: паралимпиадалық, сурдлимпиадалық және арнайы олимпиадалық (1-сурет).



*1-сурет. Адаптивті спорт қызметінің бағыттары және оларды үйлестіруші халықаралық спорттық ұйымдар*

1986 жылға дейін бұл түрлерді бөлудің біліктілік белгілері ретінде, қатысушы спортшылардың нозологиялық (наукас түрлері, мүгедектік) топтары қолданылды. Мәселен, паралимпиадада тірек-қозғалыс аппараты мен көзінің кемістігі бар тұлғалар қатысса, сурдлимпиадада есту кемістігі барлар, ал арнайы олимпиадада ақыл-ой кемістігі бар азаматтар қатысты.

Осылайша, адаптивті спорттың үлкен әлеуметтендіруші әлеуеті мен оның ағзаға сауықтырушы әсеріне байланысты, оны физикалық және психикалық мүмкіндіктері шектеулі жандар да белсенді түрде қолдана бастады. Осы жерден бастап адаптивті спорттың трансплантанттар арасындағы және миокард инфаркттін алған азаматтар арасындағы түрлері пайда болды, алайда, адаптивті спорттың бұл бағыттарын дамытушы елдер қатары өте аз.

1986 жылға дейін тірек-қозғалыс аппараты мен көру кемістіктері бар тұлғаларды қамтып келген паралимпиадалық бағыт өз қатарына бес түрлі топ мүгедектерін қосып алды (2-сурет):


1) туа бітті немесе кейіннен аяқтары ампутацияланған тұлғалар;

2) медициналық классификация бойынша «басқалар» деген санатқа енетін тұлғалар (анкилоз, артрит немесе үлкентамыр артрозы, Бехтерев ауруы, тұрақты парезді Барре-Гуилайн синдромы, туа бітті тірек-қозғалыс аппаратының кемісітігі, хондродистрофиясы (жетілмеушілік), дисмелиясы, фокомелиясы, ауқымды идиопатиялық сколиозы немесе омыртқа анкилозы бар тұлғалар және т.б.);

3) церебральды параличті бар тұлғалар;

4) жұлын-омыртқа жарақаты бар тұлғалар;

5) көруі нашар немесе толық көрмейтін азаматтар.



2-сурет. Паралимпиадалық спорт бағыттары және оларды үйлестіруші халықаралық спорттық ұйымдар.

Адаптивті спорт саласындағы жоғарыда аталған бірінші және екінші топтағы азаматтардың жұмыстарын Халықаралық мүгедектер федерациясы (ISOD) жүргізеді; үшінші топ тұлғаларын Халықаралық церебральды паралич спортшылар демалысы мен спортының ассоциациясы (CP-ISRA) жүргізеді; төртінші топты Жұлын жарақаты бар тұлғалардың Халықаралық спорт федерациясы (ISMWFS) жүргізеді; бесінші топ – Соқыр адамдардың Халықаралық спорт федерациясы (IBSA). 1986 жылға дейін Арнайы олимпиаданың Халықаралық ұйымы ойындарында өнер көрсетіп келген ақыл-ой жарақаты бар спортшыларға арналып осы жылы Халықаралық ақыл-

ой жарақаты бар тұлғалардың спорттық федерациясы (INAS-FID) дүниеге келді. 2000 жылдардың орта кезінен бастап интеллекттік жарақат-кемістігі бар спортшылар адаптивті спорттың паралимпиадалық және арнайы олимпиадалық сияқты бағыттарына қатыса алатын болды.

### **Адаптивті спорт классификациясының принциптері.**

Адаптивті спортпен шұғылданушы атлеттердің классификация проблемасы осы қызмет түріндегі ең бір маңызды нәрсе, өйткені ол спорт нәтижелеріне, спортшының өзінің спорттық-функционалдық дәрежесінде иемденетін орнына тікелей әсер етеді.

Сол үшін де бүгінгі таңдағы қолданыстағы адаптивті спорттық классификация нағыз жетілдірілген және түпкілікті емес, ондағы көптеген мәселелер тереңірек негіздеуді, тексеруді және жетілдіруді қажет етеді. Осы тарауда қазіргі кезде қолданылып жүрген классификациялар көрініс табатын болады.

Жалпы мүгедек-спортшыларды классификациялаудың негізгі принциптеріне келесілер жатады:

- бір дәреже шеңберінде спортшылардың жеңіске жету мүмкіндіктерін барынша теңестіру, яғни бір сыныптық дәрежеге тұлғаларды іріктеуді бірдей функционалдық шектелуіне қарай немесе бәрдей функционалдық мүмкіндіктеріне қарай жүзеге асыру (әділдік принципі);

- әр түрлі патологиялық және оның ауырлық дәрежесіне қарай, екі жыныстағы тұлғаларды максималды түрде қамту (максималды түрде тарту принципі);

- мүгедектік дефектісінің кері сипаты жоқ спортшыларды мерзімді түрде қайта нақтылап отыру (тұрақты нақтылау принципі).

### **Классификация түрлері.**

Адаптивті спортта екі түрлі классификациялар қолданылады, олар: медициналық және спорттық-функционалдық.

Медициналық классификация дегеніміз – тексеру рәсімдері кезінде анықталатын дененің құрылымдық және функционалдық мүмкіндіктерінің болуына қарай, денсаулық мүмкіндігінің шектелуі бар тұлғаларды жекелеген топтарға бөлу дегенді білдіреді. Адаптивті спорттың нақты бір түрі бойынша жарыстарға қатысу үшін жекелеген топтарға бөлу, медициналық классификацияда, яғни

спорттық қызмет спецификасының қатысуынсыз, тек таза медициналық көрсеткіштер тұрғысында жүзеге асырылады. Сондықтан да бұл медициналық классификация деп аталады.

Спорттық-функционалдық классификация – бұл, медициналық классификацияны ескере отырып, спортшыларды адаптивті спорттың нақты түрінің ерекшеліктеріне қарай, оның жарыстық қызметінің спецификасына қарай топтарға бөлу деген сөз. Басқаша айтқанда, спорттық-функционалдық классификация бұл, медициналық классификация көрсеткіштеріне арқа сүйей отырып, спортшылардың адаптивті спорттың нақты бір түрінен сайысқа түсуі үшін топтар құру дегенді білдіреді. Спортшының нәтижелері, оның топтағы дәрежесі, спорттық жетістіктері мен олардың әлеумттік бағасы, дәл осы классификацияға, яғни спортшының функционалдық мүмкіндіктерінің дұрыс анықталуына байланысты болады. Сол үшін де спорттың паралимпиадалық түрлерінде спорттық-функционалдық классификация негізгі, ал медициналық классификация қосымша немесе көмекші деп аталады.

Бүгінде бұл екі классификацияны, Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы тарапынан жасалған екі классификациялармен салыстыру да қарастырылған, яғни: Науқастардың Халықаралық классификациясы 10-қайта қаралымы – НХК-10 және Функционалдылықтың Халықаралық классификациясы – ФХК. Бұл классификациялардың жоғарыда айтылып кеткен медициналық және спорттық-функционалдық классификацияларға ұқсас жақтары бар. Бұл классификациялардың екі жағы да ағза жүйелеріне басталады, яғни денсаулықтың бұзылуы ағзаның құрылымдары мен функцияларына тиесілі. НХК-10 денсаулықтағы өзгерістерді, ауруларды, науқастықты зерделесе, ФХК денсаулық өзгерісіне байланысты ағзаның функциялары мен құрылымдары проблемаларын қарастырады.

Мысалы, науқастығы бірдей болған екі мүгедек-спортшының функционалдық деңгейлері әр түрлі болуы мүмкін немесе керісінше, функционалдылығы бірдей екі индивидтің денсаулығындағы өзгерістер екі түрлі болуы мүмкін. Қалай дегенде де, медициналық және спорттық-функционалдық классификациялармен қатар НХК-10 және ФХК классификацияларын бірге пайдалану, алынатын ақпараттардың шынайылығын арттырып, жоғарылата түседі.

Ендігі жерде, жалпы адаптивті спортта медициналық және спорттық-функционалдық классификацияларды кімдер ұйымдастырып, кімдер анықтайтынына тоқталып өтсек.

Медициналық классификацияда денсаулық шектеуі бар мүгедек жандарды топтарға бөлуді мүгедектердің Халықаралық спорттық ұйымдары жүзеге асырады.

Паралимпиадалық қозғалыста:

- Мүгедектердің Халықаралық спорттық ұйымы - ISOD (физикалық дене кемшіліктері бар тұлғаларға арналған) – туа бітті немесе кейіннен ампутацияланған тұлғалардың және «басқалар» санатына жатқызылатындардың медициналық классификация критерилерін анықтайды;

- Церебральды параличті бар спортшыларға арналған Халықаралық спорт және демалыс ассоциациясы – CP-ISRA – ми қозғалыс жүйесінің бұзылуы бар топ тұлғаларының медициналық классификация критерилерін анықтайды;

- Арбадағылардың Халықаралық Стоук-Мендвильдік спорттық ұйымы – ISMWSF – омыртқа және жұлын жарақаты бар тұлғалардың медициналық классификация критерилерін анықтайды;

- Соқырлардың Халықаралық спорттық ассоциациясы – IBSA – көзі көрмейтін және әлсіз көретіндердің медициналық классификация критерилерін анықтайды;

- Интеллект бұзылуы бар адамдарға арналған Халықаралық спорт федерациясы – INAS-FID – жарыстық қызметті дәстүрлі моделін қолдана отырып, адаптивті спорттың паралимпистік түрлерінің бағдарламалары бойынша жарыстарға қатысу үшін осы саладағы спортшылардың медициналық классификация критерилерін анықтайды.

Сурдлимпиадалық қозғалыста есту қабілеті бұзылған спортшылардың медициналық классификация критерилерін Саңыраулардың Халықаралық спорт комитеті (CISS) анықтайды.

Арнайы олимпиадалық қозғалыста ақыл-ой кемшілігі бар спортшылардың медициналық классификация критерилерін Арнайы олимпиаданың Халықаралық ұйымы (SOI) анықтайды.

Паралимпиадалық қозғалыста (INAS-FID және SOI бағдарламасына қатысушыларды қоспағанда) классификация рәсімдерін осы салада жұмыс жасауға құқық беретін тиісті сертификаттары бар халықаралық медициналық классификаторлар жүзеге асырады.

Ақыл-ой дамуының ауытқуы бар адамдардың INAS-FID және SOI бағдарламаларына қатысуы үшін іріктеуді, спортшыларды осы бағдарлама қатысуға жіберуші елдің қолданыстағы заңына сәйкес бекітілген мамандар немесе уәкілетті ұйымы іске асырады.

Бұл жерде көп проблемалық мәселелер мен сыни ескертулер тудыратын күрделі рәсімнің бірі, ол паралимпиадалық бағдарлама бойынша жарыстарға қатысушы тірек-қимыл аппаратының бұзылуы бар тұлғалардың медициналық классификациясы болып табылады. Мұндағы сыни ескертулер ең алдымен спортшыларды дәрежелерге бөлудегі медициналық критерилерге және осы дәрежелерді кейінгі спорттық-функционалдық классификацияда қолдануға байланысты болып отыр.

Осы жерге нықтап айта кетерлік нәрсе, паралимпистік адаптивті спорттың кейбір түрлерінде «ампутанттар», «жұлын», «церебральдылар» мен «басқаларға» қатысты медициналық классификацияларға арқа сүйемейтін, өзіндік спорттық-функционалдық классификациялар жасалынып алынған. Мұндай классификациялар жүзде, ат спортында, үстел теннисінде, садақпен оқ атуда, арбадағы баскетболда пайдаланылады. Ондағы спортшыларды дәрежелерге бөлу, нақты адаптивті спорт түріне арналған шектеулер арқылы жүзеге асырылады және олар жоғары деңгейде Функционалдылықтың Халықаралық классификациясы ФХК идеяларына сай келеді.

Спорттық-функционалдық классификация жүйесі, тек паралимпиадалық қозғалыста және тек тірек-қимыл аппаратының жарақаты бар тұлғаларға ғана қолданылады. Бұл классификацияда спортшыларды бөлудегі жауапкершілік пен оны жетілдіру, Спорттың нақты паралимпиадалық түрі бойынша Спорттық ассамблеяның Атқарушы комитетіне (СААК, орысша ИКСА-Исполнительный комитет Спортивной ассамблеии) жүктеледі. Мұнда осы қызмет үшін арнайы сертификатталған тиісті мамандар қызмет етеді. Бұл мамандар медициналық классификацияның тиісті мәліметтеріне сүйене отырып, адаптивті спорттың нақты бір түріне қатысулары үшін спортшылардың дәрежелерін (топтарын) қалыптастырады.

Ресей зерттеушісі Н.А.Сладковтың арнайы басылымы бойынша спорттың он үш паралимпиадалық түрінің спорттық-функционалдық классификациясы ұсынылады, олар: арбадағы

баскетбол, тұрудағы және отырудағы волейбол, тау-шаңғы спорты, ат спорты, жеңіл атлетика, шаңғы жарысы, үстел теннисі, пауэрлифтинг, жүзу, садақтан оқ ату, мылтықтан оқ ату, футбол.

Соңғы жылдары жарыстарда түрлі спорттық-функционалдық топтарды бір топқа біріктіру тенденциялары көрініс табауда. Мұнымен қоса, Халықаралық паралимпиадалық комитет ережелеріне сәйкес, бір топта алдын-ала белгіленген спортшылар саны аз болып қалған жағдайда әр түрлі спорттық-функционалдық топтағы спортшылар да бір топқа біріктіріледі. Топтарды біріктіру туралы шешім СААК тарапынан ресми спорттық-функционалдық классификация аяқталғаннан кейін командалар өкілдерінің жиналысында қабылданады.

Қазіргі кезде проценттік тұрғыда есептеуді білдіретін гандикап жүйесі қолданылуда, ол біртіндеп белсенді түрде спорттың паралимпиадалық түрлеріне енгізілуде.

Соқырлардың спорттық-функционалдық классификациясы бойынша СААК нақты паралимпиадалық спорт түрі бойынша медициналық классификаторлар мәліметтерін пайдаланып, көрудің қалдық деңгейіне қарай спортшыларды үш топқа бөледі (B1, B2, B3, мұндағы B – ағылшынша Blinde – соқыр дегенді білдіреді).

Ал саңырау және интеллекттік кемшілігі бар спортшыларға қатысты айтар болсақ, ол өте қарапайым, онда жарақат дәрежелері бойынша топтарға детальды түрде дифференцияциялау жүргізілмейді. Арнайы олимпиада ережелері бойынша спортшыларды дивизиондарға бөлуді, адаптивті спортта жасалатындай медициналық және спорттық-функционалдық классификация рәсімдерімен шатастыруға болмайды. Сол үшін мұнда дивизиондарға бөлуді, атлеттердің дайындық деңгейлерін алдын-ала анықтау деп қарастыру қажет.

### **Адаптивті спортпен айналысушы негізгі топтағы спортшылар классификациясы.**

Адаптивті спортпен айналысушы спортшыларды қандай да бір топтарға немесе дәрежелерге бөлудің көптеген белгілері бар. Олардың екеуі туралы адаптивті спортты дамытудың негізгі бағыттарын классификациялау кезінде қарастырылды. Алайда, аталып өткен адаптивті спортты дамытудың негізгі бағыттары ғана

емес, сондай-ақ спортшылардың өздері де белгілік негіздері бойынша бірнеше топтарға бөлінеді.

1. Бірінші белгілік негіз – адаптивті спортпен шұғылданушы атлеттер келесідей тұлғаларға бөлінеді: көру қабілеті, тірек-қимыл аппараты, есту, интеллекті бұзылғандар; миокард инфарктын алғандар, тіні мен органдарын ауыстырғандар (трансплантанттар); тыныс алу органдары ауруы барлар (мысалы, астма және т.б.). мұндай науқастардың саны жыл сайын өсіп келеді.

2. Екінші белгілік негіз – спортшалардың барлығын екі топқа бөлуге мүмкіндік береді, яғни: жарыстық қызметтің дәстүрлі моделін қолданатындар (паралимпиадашылар, сурдлимпиадашылар, трансплантанттар және басқа) және дәстүрлі емес модельді қолданатындар (Арнайы олимпиада бағдарламасындағы спортшылар).

3. Үшінші белгілік негіз – бұл адаптивті спорттағы маңызды классификациялық белгі, бұл жарыстарға, оның түрлі спорт түрлері бойынша қатыса алатындар және қатыса алмайтындар, яғни адамда жарақаттық бұзылу минималды деңгейінің болуы. Егер ондай бұзылу жоқ болса, онда адаптивті спортта жарыстық қызметке жіберілмейді. Осы орайда, түрлі ағзасы мен жүйелерінің бұзылуы бар споршылар үшін, бұзылудың минималды деңгейінің келесідей критерийлері нақтыланады:

1) ампутацияланған тұлғалар үшін – бір қолда білекке дейін, бір аяқта тобықтық буынға дейін ампутациялануы;

2) «басқалар» деген санатқа жатқызылғандар үшін – қол және аяқ бұлшықеттер күштерінің мануалды-бұлшықеттік тестілеу бойынша 15 баллға дейін азаюы;

3) церебральды паралич тұлғалар үшін – а) асимметриясы жүгіруге ықпал ететін гемиплегияның немесе квадриплегияның минималды формасының болуы; ә) қол немесе аяқ ауруының әлсіз көрінуі; б) қозғалыс координациясының болмауына байланысты физикалық кемшіліктердің жеңіл формасының болуына жол беріледі; в) спортшы шынайы және объективті физикалық дене жетімсіздігін дәлелдеуі керек;

4) омыртқа және жұлын жарақаты бар тұлғалар үшін – мануалды-бұлшықеттік тестілеу нәтижелері бойынша аяқтарының бұлшықет күштері 70 балл немесе одан төмен болуы;

5) көру кемшілігі бар тұлғалар – көру өткірлігі 6/69 (0,1);

б) интеллекттік кемістігі бар тұлғалар - INAS-FID нұсқасы бойынша – а) интеллект деңгейі балл түрінде 70 IQ-ден аспайтын; ә) қарапайым дағдыларды меңгеруде шектелудің болуы; б) 18 жасқа толғанға дейін ақыл-ой кемістігінің көрініс табуы;

7) есту қабілеті нашар тұлғаларға – 55 децибелге дейінгі естудің нашарлығы;

8) SOI нұсқасы бойынша ақыл-ой дамуының ауытқуы бар тұлғалар үшін – келесі критерийлердің бірі: а) ақыл-ой дамуының ауытқуы бар деп өңірлік маман немесе уәкілетті ұйым бекіткен адам; ә) когнитивтік (танымдық) функциялары дамуының кемістігі бар адам; б) жалпы танымдық функциялардағы және адаптивті дағдылардағы іс-қимылдарда функционалдық шектелулердің болуы.

4. Төртінші классификациялық белгі адаптивті спортпен айналысушылардың барлығын екі топқа бөледі:

1) тірек-қимыл аппараты мен көру кемшілігі бар тұлғалар;

2) есту және интеллект кемістігі бар тұлғалар (INAS-FID және SOI нұсқалары бойынша).

Тірек-қимыл аппаратының кемшілігі бар тұлғаларды, олардың патологиялық түрлеріне қарай әртүрлі сыныптарға бөледі:

- аяқ-қолдары туа бітті немесе ампутацияланған мүгедектер тоғыз сыныпқа;

- «басқалар» деген санатқа енетіндер алты сыныпқа;

- церебралды бұзылуы барлар сегіз сыныпқа;

- омыртқа және жұлын жарақатын алған мүгедектер алты сыныпқа;

- көру қабілеті нашар мүгедектер үш сыныпқа бөлінеді.

Жалпы сыныптық классификациялар жөнінде тереңірек білу үшін С.Курдыбайло, С.Евсеев, Г.Герасимованың «Врачебный контроль в адаптивной физической культуре» (2003) атты оқу құралдарын негізге алуға болады.

5. Қандай да бір дефекттің тұрақты болуы немесе оналту іс-шаралары нәтижесінде оның жөнделуіне байланысты, барлық спортшылар екі топқа бөлінеді: а) мерзімді түрде қайта классификациядан өтуге жататындар; ә) тұрақты дәрежесі немесе сыныптық тобы барлар.

Жоғарыда аталып өткен осы бес тармақ, адаптивті спортпен айналысушы спортшылардың негізгі топтары болып есептеледі.

## IX – ТАРАУ

### АДАПТИВТІ СПОРТТАҒЫ ЖАТТЫҒУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Адаптивті спорт жаттығуының мақсаты, міндеттері мен принциптері.**

Жалпы спорттық жаттығу дегеніміз, белгілі бір спорт түрінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге спортшының дайындығын білдіретін қасиеттер мен қабілеттерге және қажетті білімдер, шеберліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған спорттық жетілдірудің педагогикалық түрде ұйымдастырылған процесін білдіреді. Паралимпиадалық қозғалыста бұл мәселе әрқашанда оңалту және емдеу процестерімен, аурулар мен қайталанбалы ауытқуларды коррекциялаумен, алдын-алу іс-шараларымен астасып жатады.

Спорттық жаттығудың мақсаты – жарыстарда жоспарланған нәтижелерге, денсаулық мүмкіндіктерінің шектелуі бар адамның максималды түрде қол жеткізуі.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі міндеттер шешілуі тиіс:

1. Таңдап алынған спорт пәні бойынша техника мен тактиканы игеру.
2. Жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуді және жарыстық жаттығулардың сәтті орындалуын қамтамасыз ететін, ағзаның функционалдық жүйесінің мүмкіндіктерін жоғарылату мен физикалық дене қабілеттерін дамыту.
3. Жаттығу мен жарыс кезінде спортшының концентрациясы мен күшін жинақтауды қамтамасыз ететін, спортшының моральдық-этикалық, эмоционалдық-еріктік, эстетикалық, интеллектуалдық және басқа психикалық қасиеттерін, психикалық процестерді, функцияларды жетілдіру.
4. Жаттығуды дұрыс қалыптастыруға, оны басқаруға, спортшы, бапкер, ғылыми жұмысшы мен дәрігердің тығыз байланысын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін теориялық және тәжірибелік білімдерді алу.
5. Жауапты старттар мен жарыстарда қол жеткен дайындық деңгейін іске асыруға деген қабілеттілікті кешенді түрде жетілдіру.

Осы аталып өткен міндеттер жиынтығы, спорттық жаттығу мазмұнын анықтайды. Осы міндеттердің шешілуінің нәтижесінде спортшының дайындығын көрсететін физикалық, техникалық және басқа да дайындықтар деңгейі қамтамасыз етіледі. Тиісті дайындық деңгейіне жеткен спортшы өзіне тән максималды түрдегі спорттық нәтижелерді көрсете біледі.

Паралимпиадалық спорт түрлеріндегі спорттық жаттығуларға келесілер тән болады:

- бір спорт түрінде спорттық жаттығудың жеке түрде жоғары нәтижелерге бағытталуы, өзінің спорттық-функционалдық дәрежесінде рекордтық жетістіккерге жетуге тырысу;

- таңдап алынған спорт түрінде спортшының уақтылы және тереңдетілген түрде мамандануы;

- заманауи медициналық және спорттық-функционалдық классификация, олардың мерзімдік қайта бекітілуі негізінде, қандай да бір спортпен түрімен жүйелі түрде айналысу үшін спортшыларды мұқият іріктеу;

- максималды түрдегі спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті сабақтардың ұзақ өткізілуі;

- жаттықтыру және жарыстық жүктемелердің жоғары деңгейі;

- спортшыны дайындау процесін бірінші кезекте индивидуализациялау;

- сабақтар мен жарыстар процесінде спортының жаттықан ахуалына жүйелі әрі тереңдетілген түрде кешенді бақылау жүргізу қажеттілігі;

- спортшының жаттықтыру процесіне деген өзбетінше және шығармашыл қатынасына қарамастан, бапкердің басқарушы рөлде болуы;

- нормадан ауытқуы бар спортшы ағзасының функционалдық резервтерін толыққанды ашу үшін дайындықтың спецификалық емес құралдары мен әдістерін жаттығу процесінде кеңінен қолдану;

- оқу-жаттығу процесі мен жарыстық қызметтің оңалту және емдеу процестерімен үйлесімді болуы, сондай-ақ, емдеуші дәрігер және әлеуметтік қызмет өкілінің ұсынымдарын орындау.

## **Спорттық жаттығу құралдары.**

Спортшыларды дайындау процесінде қолданылатын спорттық жаттығу құралдарының жиынтығын, олардың бағыттылығын қарай шартты түрде екі ірі топқа бөлуге болады:

- жұмыс қабілеттілікті қалыптастыруды жылдамдатуға және жаттығу әсерін күшейтуге арналған құралдар;

- спортшының дайындығы мен жаттыққандығын тұрақтандыруға, дамыту мен сақтауға арналған құралдар.

Сонымен қатар, айналысушыға тікелей әсер ету тәсіліне қарай, барлық құралдар әдетте бес топқа да бөлінеді:

1) өзіндік жаттығу (физикалық дене жаттығулар, олар жарыстық, арнайы-дайындық және жалпы дайындық деп бөлінеді);

2) табиғи-орта құралдары;

3) медико-биологиялық құралдар;

4) психологиялық ықпал ету құралдары;

5) материалдық-техникалық құралдар.

Жарыстық жаттығулар – жарыстық күресуді жүргізудің құралы болып табылатын бүтіндік іс-қимыл немесе іс-қимылдар жиынтығы. Паралимпиадалық спорт түрлерінде жарыстық жаттығулар төмендегіше орындалады:

1) спортшыны немесе спорттық снарядтарды қозғалтудың техникалық құралдарын пайдалана отырып;

2) спортшыны орналастыруда техникалық құрылғыларды пайдалану арқылы (сөмсерлесуде, лақтыру жеңіл атлетикасында т.б.);

3) ешқандай техникалық құрылғыны пайдаланбастан (жүзу сияқты, спортшылардың барлығына қандай да бір техникалық құрылғыны пайдалануға тиым салынғандар немесе жаттығуды өздері орындай алатындар бойынша).

Арнайы-дайындық жаттығулары – бұл орындау техникасы жағынан да, физикалық қасиеттері мен қабілеттерінің көрінуі жағынан да жарыстық жаттығулар ұқсас жаттығулар. Мұның өзі, алып барушы және дамытушы деп бөлінеді. Алып барушы – жарыстық жаттығудың техникасын игреуге арналған жаттығулар, дамытушы – дененің физикалық және психикалық дамуына арналған жаттығулар.

Жалпы дайындық жаттығулары – бұл спортшыларға жан-жақты бағыттарда әсер ететін, түрлі шеберліктер мен дағдыларды қалыптастыруға және физикалық қасиеттер кешенін дамытуға ықпал

ететін іс-қимылдар болып табылады. паралимпиадалық спорт түрлерінде жалпы дайындық жаттығуларының маңызы өте зор, сондықтан олар паралимпиадашылардың жаттығу бағдарлама-ларына міндетті түрде енуі тиіс.

Мүгедектер үшін үйден, оқудан немесе жұмыстан тыс жерде болу, яғни табиғи-орта құралдарының маңызы зор. Оларға: күн радиациясы, ауа және су процедуралары, орта деңгейлі тау және жоғары деңгейлі тау аймақтары жатады.

Спорттық жаттығудың медико-биологиялық құралдарына: рационалды тәуліктік режим, спортшының жеке гигиенасы, сабақ өтетін орындардың гигиеналық тазалығы, спорттық құрал-жабдықтар мен бұйымдардың гигиеналық ахуалы; биологиялық құндылығы жоғары тағамдарды пайдалану; қолдан иондалған ауамен, оттегімен тыныстау; гидропроцедуралар, физиопродура-лар, электрстимуляциялар, массаж түрлері және т.б.

Осы жерде есте сақтайтын нәрсе, мүгедек спортшылар емдеуші дәрігердің емдеуші дәрігердің ұсынысымен бірқатар фармакологиялық дәрі-дәрмектерді өте жиі пайдаланады. Сондықтан барлық спорттық жаттығудың медико-биологиялық құралдары дәрігермен келісілуі тиіс.

Мұнымен бірге, мүгедек спортшыларға емделуге байланысты тиым салынған тізімдегі дәрілік заттарды пайдалануға рұқсат етілген, сау адам үшін олар допинг ретінде есептеледі. Сол үшін де ірі халықаралық жарыстар алдында құрама командалардың дәрігерлері ол жөнінде уақтылы Халықаралық паралимпиадалық комитеттің тиісті қызметтерін хабардар етулері қажет.

Психологиялық ықпал ету құралдары әр түрлі болып келеді. Олардың ішіндегі ең маңыздыларына: идеомоторлы жаттығулар (шынайы түрде орындалуы алдында шешуші фазаларға толық назар аудара отырып, қозғалыс іс-қимылдарын ойша жасау); ұйқылық демалыс; бұлшықеттік релаксация, аутогенді психобұлшықеттік жаттығу; музыка; жасырын титрлі фильмдер көру; демалыс кабинеттерін ұйымдастыру; психогигиена ережелерін сақтау.

Паралимпиадалық қозғалыста психикалық ықпал ету құралдарының аумағы өте кең. Онда емдеуші дәрігердің, жұмыстағы немесе оқудағы әріптестің, отбасы мүшесінің психологиялық қолдауларының маңызы аса зор. Сондай-ақ, маңызды нәрсенің бірі ұялшақтық, ұяңдық, тұйықтық, сенімсіздік сияқты т.б. көптеген

психологиялық кешендер кедергілерін жоюдың да үлкен маңызы бар.

Материалдық-техникалық құралдар рөлі мен маңызы паралимпиадалық спорт түрлерінде көбінесе бірінші кезекте тұрады. Өйткені, олар жарыстық бағдарламаның құрамдас бөлігі және спортшының бұлшықеттік күштерін салатын звенолар болып табылып, жарыстық жаттығулардың құрамына енеді. Адаптивті дене шынықтыру бағыты бойынша бұл мәселеге көптеген оқу құралдары мен жарияланымдар арналған.

### **Спорттық жаттығудың принциптері.**

Спорттық жаттығудың принциптеріне келесілер жатады:

- жоғары жетістіктерге тереңдетілген түрде бағытталу мен мамандану бірлігі;

- спортшылардың жалпы және арнайы дайындығының бірлігі;

- жаттығу процесінің үздіксіздігі;

- максималды жүктемелер тенденциялары мен жүктемелерін біртіндеп ұлғайтудың бірлігі;

- жүктеме динамикасының толқынды және вариативті болуы;

- жаттықтыру процесінің циклдлығы.

Дей тұрғанмен, мұндай спорттық жаттығу принциптері мұнан алдын қарастырылған әлеуметтік, жалпыәдістемелік және арнайы-әдістемелік принциптерді жоққа шығармайды, керісінше спорттық жаттығу методологиясын нақтылап, толықтыра түседі.

### **Паралимпиадашы спортшылардың дайындық түрлері.**

Спорттық жаттығу саласының мамандары дайындықтың келесідей түрлерін бөліп көрсетеді: техникалық, тактикалық, физикалық, психологиялық, теориялық, техникалық-конструкторлық және интегралды. Енді осы дайындықтар түрлерінің әрқайсысына жеке-жеке қысқаша түрде тоқтала кетсек.

Техникалық дайындық – спорттық қызметте қажетті түрлі қозғалыс іс-қимылдары мен дағдыларын, белгілі бір спорт түрінде қозғалыс техникаларын игеруге бағытталған. Техникалық құрылғылармен жүзеге асырылатын сайыс түрлерінде, осы құрылғыларды басқару бойынша шеберліктер мен дағдылар маңызды болады.

Физикалық дайындық – бұл спорттық қызметте белгілі бір сәттілікке мүмкіндік жасайтын және спорт түрінің спецификасына жауап беретін физикалық қабілеттіліктерді дамытатын, таңдап алынған спорт түріне спецификалы емес физикалық дене қабілеттерін жан-жақты дамыту процесі. Паралимпиадалық спорт түрлері бойынша физикалық дайындықтың басты бағыты – нақты спортшыда жоқ қасиеттер мен қабілеттердің орнын ауыстырушы компенсаторлық физикалық дене қасиеттерін дамытумен байланысты болады.

Тактикалық дайындық – белгілі бір спорт түріндегі жарыстық қызмет пен жарыс жағдайында спорттық күрес жүргізудің формалары мен тәсілдерін меңгеруге бағытталған. Олар бойынша: рекордтар тактикасы, нәтиже көрсеткіштеріне қарамастан жарыста ұтып шығу тактикасы, жарысты жоғары нәтижелермен ұтып шығу тактикасы, сайыстың кезекті турына шығу тактикасын атап өтуге болады. Мұның барлығы спортшының немесе команданың тактикалық жоспар-бағдарламасында қамтылуы тиіс. Паралимпиадалық бағдарлама бойынша сайыстарда, функционалдық жүйелер кемшілігінің мүмкін болатын реакцияларын, техникалық қозғалыс құрылғылары арқылы жасалатын қарсыластың тактикалық тойтарыс тәсілдерін ескерген абзал.

Психологиялық дайындық – бұл спортшылардың спорт түрінде күшейтілген түрде дайындалуына, шеберліктің жоғары деңгейіне жетуге қажетті психикалық функциялар мен қасиеттерді дамытып, жетілдіруге, сондай-ақ, нақты жарыстарға қатысу бойынша психологиялық дайындықты қалыптастыруға бағытталған. Мүгедектер спортында психологиялық дайындықтың маңызды жағы – психологиялық кешендерді, психологиялық жақсы көңіл-күйді қалыптастыру болып саналады.

Теориялық дайындық – бұл спорттық қызметтің мәнін, онымен байланысты құбылыстар мен процестерді ұғынуға және жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуге қажетті интеллектуалдық қабілеттерді дамытуға бағытталған. Паралимпиадалық спорт түрлерінде, кәдімгі спортқа қарағанда теориялық дайындықтың маңызы орасан зор. Паралимпиадашылардың теориялық дайындығының спортшының мотивацияларын қалыптастыруға тікелей қатысы бар, яғни оның еріктік және арнайы психологиялық

дайындығына, спорттық техника мен тактиканы үйренуіне, физикалық дене қабілеттерін дамытуына және т.б.

Техникалық-конструкторлық дайындық – ол паралимпиадашы споршылардың жарыстық қызметте техникалық құралдарды пайдалануы, оны жөндеу мен оған қызмет көрсетуі, конструкцияларды жетілдіруі, жаттығу процесін іске асыруға қажетті басқа да құрылғылар мен тренажерларды игеруге бағытталған.

Интегралды дайындық – ол жоғарыда жеке-жеке аталып өткен спортшылар дайындығының барлық компоненттерін біріктіруге және кешенді түрде іске асыруға бағытталады. Интегралды дайындықтың негізгі құралы ретінде келесілер есептеледі:

- түрлі деңгейдегі жарыстар жағдайында орындалатын таңдап алынған спорт түріндегі жарыстық жаттығулар;

- жарыстық жаттығуларға құрылымы мен сипаты жағынан ұқсас келетін, арнайы-дайындық жаттығулары. Мұның барысында жарыстарды өткізу шарттарының сақталынуы маңызды.

### АДАПТИВТІ СПОРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАРЫСТЫҚ ҚЫЗМЕТ МОДЕЛЬДЕРІ

Жарыстар спорттың функционалдық және құрылымдық ядросы болып табылады және бұл оларсыз өзінің мәнін, мағынасын мен ерекшелігін жоғалтады. Бұл жөнінде Ресей ғалымы С.Матвеевтің 2003 жылдары жарыққа шыққан дене шынықтыру теориясы мен әдістемесіне қатысты жарияланымдарында нақтылай келтірілген.

Жарысқа түсі, сайысқа түсу, біріншілікке талпыну, адамзат қызметінің көптеген түрлеріне тән және олар адам тұлғасы қасиеттерінің ең маңыздысы өзін-өзі дамытуды көрсетеді.

Спорттағы жарыстардың, әрқайсысының әр нақты спорт түрі бойынша өткізілетінін көрсететін өздеріне тән ерекшеліктері бар, олар келесілермен сипатталады:

- 1) өзінің сайыстық құралдары және спортшының белсенділік сипатымен;
- 2) жарыстық күрес жүргізудегі іс-қимылдар және тәсілдердің айырықша құрамымен;
- 3) жарыстардағы өзінің ережелерімен.

Жарыстық қызметте іске асырылатын жарыс бірқатар функцияларды орындайды, олардың ең бастысы (бастапқылары) сайыстың жеңімпаздар мен жұлдегерлерді анықтау, рекордты белгілеу, сайыстарға қатысушылардың иерархиялық орындарын айқындау болып табылады.

Жарыстардың қосалқы функциялары сан түрлі және олар нақты спорттық нәтижелер мен атлеттік жетістіктердің әлеуметтік бағасын көрсетеді. Мұндай функциялар арасында экономикалық, үгіт-насихаттық, тәрбиелік, нормативтік, беделділік және басқаларын атауға болады.

Осылайша, есте ұстау қажет нәрсе, жарыстар мен жарыстық қызмет – бұл тек жеңімпаздарды анықтау ғана емес, ол сондай-ақ, спорттық нәтижелер мен спортшылар жетістігін әлеуметтік бағалау екен, олар адаптивті спортта жарыстық қызметтің модельдерінде көрініс табады.

### **Жарыстық қызметтің дәстүрлі моделі.**

Жалпы алғанда, адаптивті спорттың басты мақсаты мен соңғы нәтижесі, мүгедектер мен денсаулық жағдайының ауытқуы бар тұлғаларды әлеуметтік интеграциялау және әлеуметтендіру болып саналады.

Осыған байланысты, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық және Арнайы олимпиадалық спорт саласын ұйымдастырушылар, Олимпиада ойындарында, біріншіліктер мен чемпионаттарда, әлем кубоктары мен өңірлік және ұлттық жарыстарда дені сау спортшыларға қолданылатын жарыс моделін осы салада қолдану, әлеуметтендіру мен әлеуметтік интеграциялаудың маңызды шарттары деп біледі. Олардың көзқарастары бойынша, дәл осындай жағдайда ғана мүмкіндігі шектеулі жандар қоғам өміріне еніп, әлеуметтік мінез-құлық пен нормаларды, рөлдер мен функцияларды меңгере бастайды. Паралимпиадалық қозғалысты ұйымдастырушылар үшін, дені сау спортшылар пайдаланатын спорттық ғимараттарды, олимпиадалық ауылдары, медициналық қолдау мен сауықтық шараларды қолдану, марапаттау, ашылу, жабылау рәсімдерін ұйымдастыру, ел туларын көтеру принципті мәселе болып табылады. Мұнымен қоса, бірінің соңынан бірі кезегімен өтетін Олимпиадалық және Паралимпиадалық ойындар кезінде екі жақты уақыты бойынша бірлестіру мәселесі де көтерілуде.

Жоғарыда айтылғандарға орай, қазіргі уақытта дені сау спортшыларға қолданылатын жарыстық қызметтің дәстүрлі моделін атап өткенді жөн санаймыз.

Бүгінгі қолданыстағы ғылыми әдебиеттерге сәйкес, кез-келген жарыстың келесідей құрамдас бөліктері бар:

- қарсылас-спортшылар;
- жарыстар құралдары (белгілі бір спорт түріндегі қарсыластардың іс-қимылдар жиынтығы);
- төрешілік (жарыстар ережелері, нормалар, критерилер, жарысушылар орындарын анықтау технологиясы т.б.);
- жарыстық қызметті қамтамасыз етуші құралдар мен қызметтер;
- жанкүйерлер мен көрермендер,
- сайыс қатысушыларының орындар иерархиясы, яғни орындардың әрқайсысын көрсетілген спорттық нәтижелер негізінде бөлу.

Ендігі жерде, жарыстық қызметтің дәстүрлі моделін сипаттайтын ең маңызды аспектілерін бөліп көрсетеміз.

Біріншіден – кез-келген жарыстағы басты нәрсе, ол екінші және үшінші орындар алған жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау. Барлық спорт түрінде дерлік, егер спортшылар немесе командалар бірдей нәтижелер көрсеткен жағдайда, онда жеңімпазды анықтау үшін қосымша критерилер мен көрсеткіштер енгізіледі. Мысалы, футболда ұпайлары тең болған жағдайда, олардың салынған және өткізіп алған голдар саны, осы командалар арасындағы ойындар нәтижелері т.б. ескеріледі. Ал қосымша критерилермен есептеу мүмкін болмаған жағдайда қосымша кездесулер, пенальтилер сериялар беріледі. Жеңіл атлетикада нәтижелерді бағалаудың дәл-нақты әдістері қолданылады, мәселен, жүгіруде, биіктікке немесе ұзындыққа секіруде және т.б. Кейде спортшылар бірдей нәтижелер көрсеткен жағдайда, сирек шарттарда оларға бірдей медальдар беріледі.

Екіншіден – әсіресе ірі халықаралық жарыста, оның маңызды функциясының бірі, рекордты, абсолютті нәтижені немесе өңірлік, ұлттық және басқа да деңгейдегі жоғары нәтижелерді тіркеу болып табылады. Бұл жарысты қамтамасыз етуші құралдар мен қызметтерге қойылатын талаптарды күшейтеді (мысалы, жарыс нәтижесін тіркеуші аппаратура, жеңіл атлетиканың кейбір түрлеріндегі жел жылдамдығын анықтау талаптары және т.б.).

Үшіншіден – жарыстардың дәстүрлі жүйесінде жақсыдан нашар көрсеткішке қарай ретте, көрсетілген спорттық нәтижелеріне сай әрбір қатысушыны міндетті түрде бөлу қарастырылады. Осылайша, жарыстардың дәстүрлі моделі тек жеңімпаздарды ғана емес, ұтылғандарды да анықтайды.

Бұл айтылып өткен аспектілер тек жарыстардың басты функцияларының процессуалдық жақтарына ғана тиесілі.

Мұнан басқа жарыстық қызмет нәтижелерін әлеуметтік бағалаумен байланысты жақтары да бар.

Ең алдымен жарыстардың дәстүрлі жүйесінің экономикалық аспектісін айтып өтсек. Бүгінде, әсіресе халықаралық жарыстарда спортшының қатысқаны үшін қаржылық жарна енгізу нормаға айналған. Ірі халықаралық жарыстарда бірінші, екінші және үшінші орындарды иеленгені үшін, олар қомақты қаржылық сыйақы алады.

Кейбір спорт түрлерінде жарысты ұйымдастырушылар қаржылық сыйақыларды алдын-ала тағайындайды.

Мәселен, қазақстандық спортшылар Олимпиадалық және Паралимпидалық ойындарда жеңіске жеткені үшін Қазақстан Республикасы үкіметінен материалдық сыйақылар алса, оған қосымша жергілікті билік органдарынан да өз тараптарынан марапаттайды. Ал ауқымды әлемдік рекорд үшін өз алдына материалдық сыйақы беріледі.

Қазақстанның олимпиадалық және паралимпидалық спорт түрлері бойынша құрама командаларының спортшылары арнайы мемлекеттік стипендиялар алса, олар үшін кәсіпқой-спортшы және т.б. мәртебелер заңдастырылған.

Ірі халықарылық жарыстардың чемпиондар мен жүлдегерлерін ынталандырудың қосымша да түрлері бар, ол тиісті қаржылық сыйақы үшін түрлі спорттық жарнамалық акцияларға түсу болып саналады.

Сонымен қатар спортшылардың жетістіктерін әлеуметтік бағалаудың беделділік аспектісі де өте маңызды. Бұл бойынша оларға спорттық разрядтар, спорттық атақтар, үкіметтік наградалар беріледі. Оларды құрметті ұйымдарға қосып, олар өкілеттілік функциялар және т.б. атқарады.

Алайда, жеңіліс тапқан спортшылар бұл айтылған нәрселердің барлығынан тыс қалады, оған қоса олардың тарапына қарай неше түрлі сындар айтылады.

Айта кетерлік нәрсе, бүгінгі жарыстардың дәстүрлі моделі өзінің жеңімпаздар мен жеңілушілер деп бөлуіне, шектен тыс коммерциялануына байланысты қатаң сынға ұшырауда. Бірақ жарыстар модельдері, спорттың қолданыстағы жүйесі әлеуметтік феномен болып табылатындықтан, олар бүкіл қоғамның әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне өз әсерін тигізбей қоймайды. Сол үшін де бүгінгідей нарықтық қатынас жағдайында, әсіресе дені сау спортшылар арасында өтетін жарыстардың дәстүрлі моделінде селт еткізерлік өзгерістер болмасы анық.

Осындай жолмен, дені сау спортшылардың жарыстық қызметіндегі дәстүрлі модель паралимпидалық, сурдлимпийдалық және INAS-FID Халықаралық спорттық ұйымына қарасты интеллекттік кемістігі бар тұлғалар бағдарламаларының шеңбері бойынша мүгедек спортшылардың спортында да толық түрде

колданылады екен. Керек десе, паралимпиадалық спорт түрлерінде маңызды болып саналатын медициналық және спорттық-функционалдық классификациялар да бұл модельдің мәнін өзгерте алмайды. Өйткені, мүгедек спортшыларды, олардың жеңіс үшін күрестегі мүмкіндіктерін теңестіретін топтар мен дәрежелерге бөліп болғаннан кейін, жеңімпаздар мен жеңілушілерді анықтайтын, рекордтар тіркейтін және тиісті әлеуметтік спорттық нәтижелер мен спортшылар жетістіктерін бағалауды іске асыратын дәстүрлі модель өз күшіне енеді.

Мұнда мүгедек спортшыларды функционалдық топтарға бөлу классификациясының рәсімдері, дені сау спортшыларды салмақтық категорияларға бөлу рәсімдері ретінде қарастырылады.


Сондықтан да адаптивті спорттағы жарыс қызметінің дәстүрлі моделі осындай. Алайда, ол жалғыз емес, жасаушылардың пікірлері бойынша, одан басқа жан-жақты гуманды түрдегі модель түрі де бар.

### **Арнайы олимпиада жарыстарының дәстүрлі емес моделі.**

Бастапқыда жарыстардың дәстүрлі емес моделі арнайы түрде интеллект кемістігі бар тұлғалар үшін жасалған болатын. Оны жасап шығарушылардың пікірлері бойынша, ол дәстүрлі модельдің негативті тұстарын айтарлықтай азайтып, ақыл-ой кемшілігі бар азаматтарға өте қолайлы келеді екен. бұл модельдің маңызды айырықша сипаттары келесілер болып табылады.

Жарыстардың дәстүрлі емес ең басты функциясы, дәстүрлі модельге ұқсас, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау болып саналады, бірақ мұнда жақсыдан нашарға қарай бөлу және рекордтарды тіркеу мүлдем алынып тасталады. Арнайы олимпиада бағдарламасына сай ойын жарыстарына қатысушы спортшылар арасында дәстүрлі емес модель бойынша ұтылушылар болмайды. Олардың әрқайсысы марапаттау рәсіміне қатысып, мінберге шығып, міндетті түрде марапатқа ие болады. Осы мақсатта, жарыстың барлық қатысушылары алдын-ала сайыстар нәтижелері бойынша дивизиондарға бөлінеді, онда спортшылар немесе командалар саны сегізден аспауы және үштен кем болмауы тиіс. Мұның барысында бір дивизиондағы жарыс қатысушыларының физикалық қабілеттері мен техникалық дағдылары сияқты дайындықтар деңгейі 10 пайыздан аса ауытқымауы қажет. Әр дивизионда жеке және

командалық спорт жарыстары бойынша 8 орын ойнатылып, барлығы марапатталады. Мысалы, 1-3 орын алғандарға медаль, 4-8 орын алғандарға марапаттық лента беріледі. Медаль мен лента құны шамалық түрде бірдей болуы тиіс. Марапаттар салатанатты рәсім кезінде, сегіз баспалдақты мінберді пайдалану арқылы беріледі (мінбер төмендегі суретте көрсетілген).



Айтылып өткен нәрселерден байқайтынымыз, Арнайы олимпиада бағдарламасы бойынша жарысқа қатысушыларды дивизиондарға бөлу рәсімі, оларды ұйымдастыру жүйесінің орталық (негізгі) звеносы болып табылады екен.

Спортшыларды дивизиондарға бөлудің ең қарапайым рәсімі, олардың көпшілігінің дайындығы бірдей деңгейде (10 пайыздық шектегі нәтижелер айырмашылығында) болғанда ғана пайда болады. Мұндай жағдайда дивизиондар саны, қатысушылар санын сегізге бөлу арқылы анықталады.

Осылайша, Арнайы олимпиада жарыстарының моделінде, жарыстардың дәстүрлі моделінде кездесетін, яғни әрбір қатысушының спорттық нәтижелерінің көрсеткіштерінің негізінде орындық иерархияға бөлуге мүлдем жол берілмейді. Сондай-ақ, жарыстардың дәстүрлі емес моделі бойынша материалдық сыйақы және ақшалай жарна төлеу деген нәрселер принципті түрде болмайды.

Халықаралық деңгейде жарыстарды өткізудегі орналастыру, тамақтандыру, спорт ғимараттарын жалдау, көлік, марапаттау сияқты нәрселерге кететін қаржылық шығындарды Халықаралық спорттық ұйым (SOI) мен жарыстарды ұйымдастырушылар көтереді.

SOI-дың барлық ресми құжаттарында жыл бойындағы жаттығулар мен жарыстардың басты мақсаты, ол ерлікті көрсету, қуаныш сыйлау, таланттарды дамыту, отбасылар мүшелерінің басқа да арнайы спортшылармен, жалпы қоғаммен арадағы дағдылар мен достық қатынастарды нығайту нақты айтылған.

Сондықтан Ресми Арнайы олимпиадалық жазғы спорттық ережелерде, негізгі мақсаттар былай деп жазылған: «Арнайы олимпиаданың негізгі мақсаты – ақыл-ой дамуының ауытқуы бар

адамдарға, қоғамдастықты хабардар ете отырып, жарыстық жағдайда өздерінің дағдылары мен таланттарын көрсету үшін әділ жағдайлар жасай отырып, қоғамның толыққанды мүшесі болуға көмектесу».

Дәл осындай нәрселер, арнайы олимпиаданың бағдарламаларында қолданылатын адаптивті спорт бойынша жарыстардың дәстүрлі емес моделінің ерекшеліктері болып табылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы адаптивті дене шынықтыру мен спортты дамыту проблемаларын қарастыруды аяқтай отырып, ондағы интеграция және дифференциация тенденцияларына тоқтала кеткенді жөн санадық.

Әлемнің, континенттің немесе бір елдің масштабында халықтың, оның ішінде денсаулық жағдайының ауытқуы бар тұлғалар, әсіресе мүгедектердің түрлі категорияларының интеграциясы мен дифференциациясы проблемалары адамзат қоғамының қазіргі кездегі дамуының ең өзектілерінің бірі болып табылады.

Мұндай әлеуметтік-геосаяси проблеманың маңызды тұсы, дені сау тұлғалар мен мүгедектер арасындағы өзара қарым-қатынаспен байланысты мәселелер болып табылады.

Білім беру, емдеу, кәсіби қызмет, оналту, мүгедектер рекреациясы сияқты әлеуметтік тәжірибе түрлерінде екі жақты және көптеген аралық көзқарастар бар.

Бірінші көзқарас бойынша, мүгедектерді дені сау адамдардың қоғамына барынша максималды түрде интеграциялауды қарастырса, екіншісі, керісінше оларды арнайы (коррекциялық) білім беру мекемелері, балалар интернаттары, психоневрологиялық интернаттар, арнайы өндіріс ұйымдары, фабрикалары мен зауыттары сияқты т.б. жерлерде изоляциялауды (дифференциация) қарастырады.

Кеңестік дәуірде мүгедектерді дифференциациялау, яғни жабық изоляцияланған жағдайда ұстау көзқарасы басым болды. Бұл негізінен қоғамды коммунистік жолмен дамытудағы ресми идеологияның, мүгедектерді сырт көзге көрсетпеуі бойынша басты талабы болатын.

Дегенмен, экономикалық дамыған елдерде дәлелденгендей, мүгедектердің қалыпты өмірлеріне бейімделген инфрақұрылым жасау, өзін-өзі ақтап шығады екен. Өйткені, мүгедектерді емдеуге кететін шығын азайып, мүгедек туыстарына қарап, негізгі қызметінен айрылуға мәжбүр болған адамдар қатары азаяды, мүгедектердің өздерінің еңбектік әлеуеті тиімді пайдаланылып, өмірлік деңгейі жоғарылайды. Мұнымен қоса, әлеуметтік негативтер

төмендеп, қоғамда жайлы моральдық-психологиялық атмосфера қалыптасады екен.

Халықаралық тәжірибелер көрсетіп отырғандай, дене шынықтыру мен спорт, мүгедек тұлғасын тәрбиелеудің, оны дені сау ортаға әлеуметтендіру мен интеграциялаудағы маңызды феномендер болып табылады. Мүгедек спортшылар үшін жаттығу процесіне, жарыстарға қатысу, ең алдымен изоляциядан арылуды, араласу мүмкіндігін, достық, таныстық ортасын арттыруды, мерекелерді сезінуді білдіреді. Жеңіс қуанышы мен жеңіліс уайымы спортшылардың эмоционалдық-еріктік саласын белсендендіріп, өздерінің аурулары туралы ұмытуға мүмкіндік жасап, оларды рухтандыра түседі. Осындай жолдармен, адаптивті спорт тек сауықтыру мен емдеу жағынан ғана емес, сондай-ақ, спортшының өмір сапасын арттыруға да жағымды ықпал етеді.

Бүгінгі таңда, дені саулар мен мүгедектер спортын интеграциялау тенденциялары Паралимпиадалық ойындарды, Олимпиада ойындары ұйымдастырылған сол бір елде, сол бір қалада, сол бір спорттық нысандарда өткізуде көрініс тауып отыр. Бұл ірі халықаралық жарыстарды өткізу уақыттары жағынан бірлестіру жөнінде де мәселелер қарастырылуда. Бірақ ұйымдастыру және экономикалық жағынан қарастырғанда ол іс-жүзінде мүмкін болмайды.

Қазіргі кезде Паралимпиадалық ойындарда алты түрлі санаттағы спортшылар қатысады, ал бастапқыда оған тек арбадағы мүгедектер ғана қатысатын. Мәселен, XI-Паралимпиадалық ойындарда ампутанттар, церебральді ралаичтер, көзі көрмейтін спортшылар мен интеллекттік кемістігі бар мүгедектер және т.б. қатысты.

Арнайы олимпиадалық қозғалыста «Бірлескен спорт» бағдарламасы күш алуда, ол бойынша бір команда құрамында дені сау және мүгедек спортшылар өнер көрсетеді. Демек, бұл жағдайда интеграциялық процесс айқын түрде жүзеге асырылуда.

Бұл айтылған нәрселерді барлығы тікелей жарыстық қызметке байланысты. Ал оқу-жаттығу процесіне келер болсақ, онда интеграция тенденциясы үлкен көлемде көрініс табады. Мысалы, олимпиадашылар мен паралимпиадашылар бір бассейнде немесе бір спортзалда жаттығады. Білім беру ортасында мүгедек спортшыларды интеграциялау одан тығыз жағдайда жүзеге асады,

яғни дене шынықтыру мен спорт бағыты бойынша жоғары және орта арнаулы оқу орындарында олар бір факультет, бір мамандық, бір ғимарат және бір топта білім ала алады.

Дей тұрғанмен, интеграциялық процестермен қатар, адаптивті спорт пен дені сау адамдар спортын дифференциациялау да біршама көрініс тауып келеді. Оның мысалы ретінде естімейтін және нашар еститін спортшылардың паралимпиадалық қозғалыстан шығулары саналады. Бұл нозологиялық топтың мүгедектері Бүкіләлемдік саңыраулар ойындары (Сурдлимпиадалық немесе «Тыныш ойын») мен басқа да жарыстарға қатысады.

Сонымен қатар дифференциация тенденциясы мамандардың спорттық-медициналық классификацияны жетілдіруде, паралимпиадалық жарыстарға қатысу үшін қандай да бір топқа өтудегі талаптардың күшейтілуінде айқын көрініс тауып келеді. Сондай-ақ, дифференциациялық тенденция арнайы олимпиадалық қозғалыста да орын алуда, онда спортшыларды күштерінің теңдігіне қарай дивизиондарға бөліп тастайды.

Қорытындылай келе айтқанда, адаптивті спортты дені сау адамдар спортымен интеграциялау тенденциясы анағұрлым гуманды болып табылады және сол үшін де тарихи тұрғыдан алғанда оның ғұмыры ұзақ болмақ, ол уақыт еншісіндегі мәселе.

Ең басты нәрсе, адаптивті спорт – мүгедектерді оңалту мен әлеуметтендірудің және олардың өмір сапасын жоғарылатудың бірегей құралы екенін есте ұстау болып саналады.

## МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР ТҮСІНІКТЕРІ

**Арбадағы спорттың Халықаралық Сток-Мандевильдік федерациясы** (International Stock Mandeville Wheelchair Sport Federation, ISM WSF) – омыртқа және жұлын жарақаты бар спортшылардың халықаралық ойындарын басқару мақсатында, «Сток-Мандевильдік ойындардың Халықаралық федерациясы» деген атаумен 1952 жылы құрылған халықаралық спорттық бірлестік. 2006 жылы ISOD пен ISM WSF – арбадағылар мен ампутанттардың Халықаралық спорттық ассоциациясына IWAS бірікті.

**Арнайы олимпиада ойындары** – интеллекттік кемістігі бар спортшылар арасында өтетін кешенді жарыстар. Арнайы олимпиаданың ресми және ұлттық-көпшілік спорт түрлерінен тұрады. Арнайы олимпиадалардың Халықаралық ұйымының басшылығымен 1968 жылдан бастап жазғы, 1977 жылдан бастап қысқы түрлері өткізіледі.

**Арнайы олимпиада анты** – Арнайы олимпиада ойындарының ашылу кезіндегі салтанатты рәсім. Ант мәтіні: «Мен жеңіске ұмтыламын. Егер мен оған жете алмасам, онда менің оны жасап көруге батылдығым жетсін».

**Арнайы олимпиадалардың Халықаралық ұйымы** (Special Olympic Inc. SOI) – 1968 жылы Юнис Кеннеди-Шрайвер интеллекттік жарақаты бар тұлғалар спортын дамыту үшін құрған халықаралық спорттық бірлестік. Өз алдына Арнайы олимпиада Ойындарының кешендік жарыстарын өткізеді.

**Әріптестік (бірлескен) спорт** – дені сау спортшылардың бірдей деңгейде қатысуларын көрсететін Арнайы олимпиада бағдарламасының бір формасы. Әріптестік спорт Арнайы олимпиаданың бағдарламаларына 1991 жылы ендірілді.

**Деонтология** – этиканың бір тармағы, науқас адамға қатысты дәрігер мінез-құлқының ережелері және құқықтық, кәсіптік, моральдық міндеттері туралы ілім. Бүгінде спорттық-медициналық деонтология іс-жүзінде өз алдына жұмыс жасайды, ол дәрігер, бапкер мен мүгедек спортшы арасындағы өзара қатынастардағы этикалық және моральдық нормаларды айқындайды.

**Дивизион** – Арнайы олимпиадалық жарыстардағы үштен және сегіз спортшыдан тұратын топтарға бөлінуі, дивизиондарды қалыптастыру үшін квалификациялық жарыстар өткізіледі.

**Интеллекттік жарақаты бар тұлғалардың Халықаралық спорттық ассоциациясы** (International Sports Association for persons with an Intellectual Disability, INAS-FID) – интеллект жарақаты бар тұлғалардың спортын дамыту мақсатында «Ақыл-ой кемістігі бар тұлғалардың Халықаралық спорттық ассоциациясы» деген атпаен 1986 жылы құрылған халықаралық спорттық бірлестік.қазіргі кезде бұл ассоциацияның спортшы тұлғалары ресми түрде паралимпиадалық ойындарға қатыспайды.

**Кемістігі ампутациямен байланысты спортшылар** – нозологиялық паралимпиадалық топ (тірек-қимыл аппаратының жарақаты), олар қол немесе аяғын және олардың сегменттерін жоғалтқан спортшылардан тұрады. Жалпы паралимпиадалық классификацияда ампутациялық спортшылардың 9 тобы бар.

**Кемістігі тірек-қимыл аппаратымен байланысты спортшылар** – нозологиялық паралимпиадалық топ, олар жұлын, церебральды паралич, ампутация және басқа да (Les Autres) тірек-қимыл аппараты жарақаты бар спортшылардан тұрады.

**Кемістігі жұлынмен байланысты спортшылар** – нозологиялық паралимпиадалық топ, олар омыртқа, жұлындық және полиомиелит әсерден жарақаты бар спортшылардан тұрады. Жалпы паралимпиадалық классификацияда олардың 8 тобы бар.

**Кемістігі көру қабілетімен байланысты спортшылар** – нозологиялық паралимпиадалық топ, олар көру қабілеті нашар және мүлдем жоғалтқан спортшылардан тұрады (жарықты сезудің болмауы, тотальды соқырлық). Жалпы паралимпиадалық классификацияда олардың 3 тобы бар.

**Кемістігі интеллекттік жарақатпен байланысты спортшылар** – Арнайы олимпиаданың нозологиялық тобы, олар тиісті білім беру және денсаулық сақтау органдары, дәрігер мен психолог шешімдеріне сәйкес, ақыл-ойы артта қалғандарға жатқызылған спортшылардан тұрады.

**Кемістігі есту қабілетімен байланысты спортшылар** – нозологиялық сурдлимпиадалық топ, олар есту қабілеті 55 дБ-дан жоғары деңгейде жоғалтқан спортшылардан тұрады.

**Кемістігі басқа да (Les Autres) тірек-қимыл аппараты жарақатымен байланысты спортшылар** – нозологиялық паралимпиадалық топ, олар тірек-қимыл аппаратының бұзылуы нәтижесінде жарақаттар диапазоны бар және жарақаттардың танылған топтарының классификациялық жүйесінде көрсетілмеген спортшылардан тұрады. Жалпы паралимпиадалық классификацияда олардың 6 тобы бар.

**Кемістігі церебральды параличпен байланысты спортшылар** – нозологиялық паралимпиадалық топ (тірек-қимыл аппаратының жарақаты), олар қозғалыстық бұзылу синдромы бар спортшылардан тұрады. Жалпы паралимпиадалық классификацияда олардың 8 тобы бар.

**Коррекциялық-оңалту бағдарламасы** – мүгедектердің спорттық дайындығының бастапқы кезеңі. Бұл бағдарлама бойынша дайындық ағзаның жүктемелерге бейімделуіне және спорттық қозғалыс дағдыларын қалыптастыру үшін база жасауға мүмкіндік береді.

**Медициналық (жалпы) классификация** – жарақаты, диагнозы т.б. бойынша спортшыларды бөлу. Қазіргі жалпы паралимпиадалық классификациялық топтарға көру кемістігі (3 топ), жұлын жарақаты (8 топ), ампутациясы бар (9 топ), церебральды паралич кемістігі бар (8 топ), басқа да тірек-қимыл аппаратының жарақаттары бар (6 топ) спортшылар жатқызылады.

**Мүгедек** – денсаулық сақтау органдарының тіркеуінде болатын, туа бітті немесе жарақат, аурулар нәтижесінде ағза функцияларының тұрақты бұзылуынан өмірлік қызметі шектелген, әлеуметтік қорғау мен көмекке мұқтаж тұлғалар.

**Мүгедектердің Халықаралық спорттық ұйымы** (International Sports Organization for the Disabled, ISOD) – 1964 жылы ардагерлердің Бүкіләлемдік федерациясының бастамасымен, ампутациясы және тірек-қимыл аппаратының жарақаты бар тұлғалар спортын дамыту үшін құрылған халықаралық спорттық бірлестік.

**Нозология** – (грекшеден аударғанда «сырқат») сырқаттар, олардың классификациялары мен номенклатуралары туралы ілім. Жалпылама түсінікте жарақат түрі дегенді білдіреді.

**Олимпиада** – бір Олимпиада ойындарының ашылуымен және келесі Олимпиада ойындарының ашылуымен аяқталатын төрт

жылдық кезең. Мұндай көзқарас ежелгі гректерден алынған, сол үшін де «Олимпиада» және «Олимпиадалық ойындар» деген терминдерді біріктіруге болмайды.

**Олимпизм** – ақыл, дене және рух жетістіктерін үйлескен бір бүтінге біріктіруші өмір фәлсафасы, спорт құралдары арқылы үйлесімді дамушы адамды тәрбиелеу концепциясы, гуманистік идеяларды қоғам өміріне тарату, ынтымақтастықты, өзара түсіністік пен өзара көмекті дамыту.

**Олимпиадалық ауыл** – Олимпиада ойындарына қатысушылар орналастырылатын тұрғынжай құрылымдарының кешені, сондай-ақ, оларға қосалқы ғимараттар да (асхана, мәдени орталық, дүкендер, жаттығу ғимараттары т.б.) қосылады.

**Олимпиадалық ант** – Олимпиада ойындарының ашылуы кезіндегі салтанатты рәсім. Олимпиадалық хартияға сәйкес антты, ойындарды өткізуші елдің көрнекті спортшысының бірі айтады. Олимпиада антының мәтінін 1913 жылы Пьер де Кубертен жасаған, онда былай делінген: «Олимпиада ойындарына, спорт жетістігі мен біздің командалардың намысы үшін, ережелерге арқа сүйей және құрметтей отырып, барлық қатысушылардың атынан сөз беремін».

**Олимпиадалық нышандар** (символика) – олимпиадалық қозғалыстың атрибуттар кешені, олардың негізгілері олимпиада нышаны және олимпиада ұраны болып табылады, олар олимпиада эмблемасы мен олимпиада жалауын құрайды. Бұл нышандар Халықаралық Олимпиадалық комитеттің (ХОК) меншігі және олардың рұқсатынсыз жарнамалық және коммерциялық мақсатта пайдаланылмайды.

**Олимпиадалық хартия** – Олимпиадалық қозғалысты дамыту мен Олимпиадалық ойындарды өткізу принциптері көрсетілген, ХОК-тың ережелері мен ресми түсіндірмелері.

**Олимпиадалық спорт түрлері** – Олимпиадалық ойындарда жарыстар өткізуге болатын, ХОК таныған спорт түрлері. Олимпиадалық спорт түрлері халықаралық тұрғыда танылып, адамның физикалық дене мүмкіндіктерінің жоғары талаптарына негізделуі тиіс.

**Олимпиада ойындары** – олимпиадалық деп ХОК таныған спорт түрлерінен жеке және командалық жарыстардың өтуі. 1994 жылға дейін жазғыжәне қысық Олимпиада ойындары бір жылда өткізіліп келген. Ал осы жылдан бастап Олимпиада ойындары төрт

жылда біре рет, ал қысқы Олимпиада ойындары екі жылда бір рет өткізілетін болған.

**Олимпиадалық ойындар бағдарламасы** – Олимпиадалық ойындарда жарыстар өткізілетін спорт түрлері мен спорт тәртібінің кешендері. Мұндай бағдарламаны ХОК белгілейді.

**Олимпиадалық марапаттар** - ХОК бекітіп, өзі беретін медальдар, дипломдар мен жүлделер. Медальдар жүлдегерлерге, дипломдар барлық жүлдегерлерге және 4-6 орын алған спортшыларға беріледі. ХОК олимпиадалық қозғалысты дамытудағы айырықша қызметі үшін Олимпиадалық кубок пен Олимпиадалық орден тағайындайды.

**Олимпиадалық әнұран** – оны ХОК 1958 жылы бекіткен, ноталары (партитурасы) ХОК штаб-пәтерінде сақтаулы.

**Олимпиадалық қала** – Ойындарды өткізу үшін ХОК таңдаған қала.

**Олимпиадалық ұран** – «жылдамырақ-жоғарырақ-күштірек» - мұны Пьер де Кубертеннің досы П.Дидон ұсынып, ол 1913 жылы ХОК тарапынан бекітілген, 1929 жылы ол олимпиадалық эмблеманың құрамдас бөлігіне айналды.

**Олимпиадалық алау** – Ойындардың салтанатты ашылуындағы құрыштардың бірі. Алғаш рет 1928 жылғы Олимпиада ойындарында жағылды.

**Олимпиадалық рекорд** – олимпиадалық жарыстарда жеке спортшы немесе команда қол жеткізетін ең жоғары жетістік. Спорт түрлері бойынша федерациялардың ресми ережелеріне сәйкес тіркеледі.

**Олимпиадалық символ** – айқасқан бес шеңбер (жоғары жағында - көк, қара, қызыл, ал төменгі жағында сары, жасыл түсте), олар олимпиадалық қозғалыста бес құрлықтың бірлескенін көрсетеді. Бұл символ Пьер де Кубертен тарапынан ұсынылып, 1913 жылы ХОК бекіткен.

**Олимпиадалық спорт** – олимпизм концепциясына сәйкес жалпыадамзаттық, гуманистік құндылықтарды насихаттауға бағытталған халықаралық көпфункционалды спорттық қозғалыс.

**Олимпиадалық ту** – негізі ақ түстен тұратын ортасында олимпиада символы бар жалау. Пьер де Кубертеннің ұсынуы бойынша ХОК 1913 жылы бекіткен. 1920 жылдан бері барлық олимпиадалық жарыстарда желбіреп келеді.

**Олимпиадалық церемоннал** – Олимпиадалық хартияға сәйкес, Олимпиадалық ойындардың негізгі үш салтанатты рәсімдері бар: ашылу, жеңімпаздарды марапаттау, жабылу.

**Олимпиада чемпионы** – Олимпиада ойындарында немесе қысқы Олимпиада ойындарында алтын медаль алған спортшы немесе команда.

**Олимпиадалық қозғалыс** – нәсілдік, ұлттық, саяси және экономикалық белгілер бойынша дискриминациясыз, адам тұлғасы және оның қабілеттері мен жетістіктері жоғары тұратын, түсіністік пен әріптестік, шынайы және ашық бәсекелестік рухында әлемдік қауымдастықты қамтитын олимпизм концепциясына негізделген заманауи дәуірдің әлеуметтік қозғалысы.

**Олимпиадалық ойындардың Ұйымдастыру комитеті** – олимпиадалық қала міндеттемелері үшін өзіне жауапкершілік алатын, сондай-ақ, Олимпиадалық ойындарды өткізуді материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін құрылған құқықтық мәртебесі бар қоғамдық атқарушы орган.

**Паралимпидалық ауыл** – *қараңыз.* Олимпиадалық ауыл. Паралимпидалық ойындарда паралимпидалық ауылды ашу рәсімі де бар.

**Паралимпидалық ант** – Паралимпидалық ойындардың ашылу рәсіміндегі салтанатты ғұрып. Мәтіні: «Паралимпидалық ойындарға, спорт құрметі мен біздің командалардың намысы үшін әділ күрес рухында белгіленген ережелерді құрметтей және сақтай отырып қатысамыз деп барлық қатысушылар атынан сөз беремін».

**Паралимпидалық ойындар** – Халықаралық Паралимпидалық комитет (ХПК) таныған жеке және командалық спорт түрлеріндегі жарыстар. Бұл спорт түрлері Олимпиадалық бағдарламаға кіруі (баскетбол, волейбол, жеңіл атлетика, жүзу т.б.) және кірмеуі де (боचे, голбол, регби) мүмкін. Паралимпидалық ойындарда көру кемшілігі және тірек-қимыл аппаратының жарақаты бар спортшылар қатысады. Бұл ойындар жазғы (1960 ж. өткізіледі) және қысқы (1976 ж. өткізіледі) деп бөлінеді. Паралимпидалық ойындар төрт жылда бір рет өтсе, 1988 жылдан бастап Олимпиада ойындары аяқталғаннан кейін, сол ойындар өткен спорттық ғимараттарда өткізіліп келеді.

**Паралимпидалық ұран** – 2004 жылдан бастап «Рух қозғалыста» деген ұран енгізілген.

**Паралимпиадалық рекорд** – паралимпиадалық жарыстарда жеке спортшы немесе команда орнатқан ең жоғары жетістік. Спорт түрлері мен нозологиялары бойынша халықаралық спорттық ұйымдардың ресми ережелеріне сәйкес тіркеледі. Паралимпиадалық рекордтар әрбір топ пен жарыс түрлерінде жеке тіркеледі.

**Паралимпиадалық нышан (символ)** – ресми түрде 2004 жылы ендірілді, ол: жер шарын қамтып тұрған сәулеге ұқсас формадағы қызыл, жасыл және көк түсті элементтерден тұрады.

**Паралимпиадалық ту** - негізі ақ түстен тұратын ортасында паралимпиада символы бар жалау.

**Паралимпиадалық чемпион** – Паралимпиадалық ойындарда тиісті топта алтын медаль алған команда немесе спортшы.

**Паралимпиадалық ойындар бағдарламасы** – Паралимпиадалық ойындарда жарыстар өткізілетін спорт түрлері мен спорт тәртібінің кешендері. Мұндай бағдарламаны ХПК белгілейді.

**Полиомиелит** – өткір вирусты ауру, бұлшықеттік арефлексиялық және атрофиялық балалар жұлындық параличі.

**Ресми емес командалық есеп** – Олимпиада ойындарында ұлттық командалардың көрсеткен өнерлерінің нәтижелерін анықтау жүйесі, оны көптеген ұлттық олимпиадалық комитеттер ұстанғанымен, Халықаралық Олимпиадалық комитет тарапынан қолдау таппаған. ХОК-тың ұстанымы бойынша, Ойындар елдер арасындағы емес, спортшылар арасындағы жарыс болып табылады.

**Саңыраулардың Бүкіләлемдік ойындары** – 55 дБ жоғары есту қабілетін жоғалтқан спортшылар арасында өткізілетін бұқаралық кешенді жарыстар. Жазғы түрі 1924 жылдан, қысқы түрі 1949 жылдан бастап өткізіледі. Халықаралық Олимпиадалық комитеттің рұқсаты бойынша 2001 жылдан бері Сурдлимпиадалық ойындар ретінде өтуде. Төрт жылда бір рет ұйымдастырылады.

**Саңыраулардың Халықаралық спорттық комитеті** (Comite International des Sports des Sourds, CISS) – есту кемістігі бар тұлғалар спортын дамыту үшін 1924 жылы құрылған халықаралық спорттық бірлестік, 1986 жылдан Халықаралық үйлестіру комитетінің мүшесі. Өздерінің кешенді жарыстарын өткізеді, 2001 жылдан бастап Сурдлимпиадалық ойындар деп аталды, 2003 жылдан

басқару органы «Халықаралық Сурдлимпиадалық комитет» деп өзгерді.

**Спорттық-функционалдық классификация** – Паралимпиадалық ойындарда спортшылардың қозғалыс мүмкіндіктеріне және спорт түрі бойынша талаптарға сәйкес старттық топтарға бөлу түрі. Мысалы, жеңіл атлетика жарыстарында жүре алмайтын спортшылар қозғалыс деңгейіне сәйкес арбадағылар тобына бөлінеді.

**Соқырлардың Халықаралық спорттық ассоциациясы** (International Blind Sports Association, IBSA) – 1981 жылы көру жарақаты бар тұлғалар спортын дамыту мақсатында құрылған халықаралық спорттық бірлестік.

**Сурдлимпиадалық ойындар** – есту қабілетін 55 дБ-дан жоғары деңгейде жоғалтқан спортшылар арасында өтетін бұқаралық кешенді жарыстар. Халықаралық Сурдлимпиадалық комитет басшылығымен өткізіледі. 2001 жылға дейін «Бүкіләлемдік саңыраулар ойындары» деген атаумен өткізіліп келген.

**Ұлттық байланыс агенттігі** – ұлттық паралимпиадалық комитет болмаған кезде әрекет ететін ұлттық спорттық ұйым.

**Ұлттық олимпиадалық комитет** – елдегі олимпиадалық қозғалысты басқарушы орган.

**Ұлттық паралимпиадалық комитет** – елдегі паралимпиадалық қозғалысты басқарушы орган, паралимпиадалық нозология спортшыларының барлық ұйымдарын біріктіретін, паралимпиадалық спорттың дамуына және Халықаралық паралимпиадалық комитетпен қатынастарға жауап беретін ұлттық спорттық ұйым.

**Халықаралық спорттық бірлестіктер** – бүкіләлемдік және өңірлік үкіметтік емес халықаралық спорттық ұйымдар.

**Халықаралық үйлестіру комитеті** (International Coordination Committee, ICC) – халықаралық спорттық бірлестіктердің бастамаларымен 1982 жылы құрылған, адаптивті спорттың халықаралық басқару органы. 1989 жылы Халықаралық Паралимпиадалық комитет құрылғанға дейін жұмыс жасады.

**Халықаралық Олимпиадакo0 комитеті** – қазіргі олимпиадалық қозғалыстың жоғары басқарушы органы.

**Халықаралық Паралимпиадалық комитет** – 1989 жылы құрылған, паралимпиадалық қозғалысты басқарудың жоғары органы.

**Церебральды параличті бар тұлғалардың Халықаралық спорттық және рекреациялық ассоциациясы** (Cerebral Palsy - International Sports and Recreation Association, CP-ISRA) – 1978 жылы церебральды параличті бар тұлғалар спортын дамыту мақсатында құрылған халықаралық спорттық бірлестік.

**Церебральды паралич** – онтогенездің ерте кезеңдерінде бас миының зақымдануы нәтижесінде пайда болатын симптомдар және олар қозғалыс, сөйлеу, интеллектуалдық бұзылу синдромдарында көрініс табады.

**Этиология** (латын тілінен – «себеп») – аурулардың себептері туралы ілім.

## АДАПТИВТІ СПОРТТАҒЫ ҚЫСҚАША ТОПТЫҚ КЛАССИФИКАЦИЯЛАР

### Арбадағы баскетбол

Арбадағы баскетбол жарыстарына қатысу үшін спортшының қозғалуға, жүгіруге, секіруге мүмкіндік бермейтін тұрақты түрдегі аяқ жарақаттары болуы тиіс. Осындай талаптарға сай болған спортшы Халықаралық арбадағы баскетбол федерациясының тиісті классификациялық жүйесіне енгізіледі. Оған сәйкес спортшыларға физикалық функцияларының даму деңгейіне қарай 1,0-ден 4,5-ке дейінгі ұпайлар беріледі.

1 ұпай – аяқтарында қозғалыс жоқ және денесі баяу қозғалатын, алға және қапталға еңкеюде теңдігі бұзылған, ол үшін қолдарын пайдаланатын, оның нәтижесінде допты бір қолмен ойнайтын спортшылар.

2 ұпай – аяқтарында қозғалыс жоқ, бірақ денесін алға қарай қозғалыста пайдалана алатын, сондай-ақ, дене айналуын бақылай алмайтын, соқтығысқанда тұрақты бола алатын, тік қалыпты сақтау үшін қолына жиі сүйенетін спортшылар.

3 ұпай – аяқтарының аз ғана қимылы бар және денесін алға-артқа, еденге қарай қозғалта алатын, дене айналымын біршама бақылай алатын, соқтығысқанда тұрақты, допты екі қолмен де ойнай алатын спортшылар.

4 ұпай – дене қозғалысын қалыпты түрде бақылай алатын, бірақ аяқ функциясының жетімсіздігінен денесін қапталдарға қарай толық еңкейте алмайтын, соқтығысу мен доп алып жүруде тұрақтылықты сақтап, айналма қозғалыстарды қалыпты орындай алатын спортшылар.

4,5 ұпай – аяқтар функциясының бұзылуы төмен және тізеден төмен ампутациясы бар, денесін қалыпты қозғалтып, соқтығыс пен доп алып жүруде тұрақтылықты сақтайтын спортшы.

Кейде спортшы жоғарыда аталған классификацияларға дәл сәйкес келмеген жағдайда, классификатор оған 0,5 ұпайды жоғары немесе төмен етіп белгілейді. Ойын алаңындағы спортшылардың жалпы қосындысы 14 ұпай болуы керек.

## **Тұрыстағы волейбол**

Тұрыстағы волейболда классификациялық жүйе үш топқа бөлінеді: А, В және С. Барлық ойындарда команда 1 А тобынан 1 және С тобынан 1 ойыншыны максимум алуына болады.

А тобы – волейбол ойынында қажетті дағдылар мен функцияларға әсер етуші минималды жарақаты бар спортшылар, мысалы, саусақ ампутациясы, бір қолының немесе аяғының қысқа болуы және т.б.

В тобы - волейбол ойынында қажетті дағдылар мен функцияларға әсер етуші орташа жарақаты бар спортшылар, мысалы, білектен төмен қол немесе тізеден төмен аяқ ампутациясы және т.б. тиісті жарақаты барлар.

С тобы - волейбол ойынында қажетті дағдылар мен функцияларға әсер етуші жоғары деңгейлі жарақаты бар спортшылар, мысалы, білектен жоғары қол немесе тізеден жоғары аяқ ампутациясы бар және т.б. жарақаттары барлар.

## **Тау-шаңғы спорты**

Тау-шаңғы спорты бойынша жарысқа қатысушылар екі санатқа бөлінеді: тұрып жарысатындар (LW2-9) және моношаңғы немесе «боб» деп аталатын арнайы құрылғыда отырып жарысатындар (LW10-12). Мұндағы LW деген – «локомотор уинтер», яғни «қысқы қозғалыс» дегенді білдіреді.

### Тұрып жарысатындардың функционалдық топтары:

LW1 тобы – екі аяғының да жарақаты барлар және екі стабилизатор мен екі шаңғы таяғын қолданатындар.

LW2 тобы – екі аяғының да жарақаты барлар және екі стабилизатор мен бір шаңғы таяғын қолданатындар.

LW3 тобы – екі аяғының шамалық ауыр жарақаты барлар және екі стабилизатор мен екі шаңғы таяғын қолданатындар.

LW4 тобы – бір аяғының жарақаты барлар және бір қарапайым шаңғы мен екі шаңғы таяғын қолданатындар.

LW5/7 тобы – екі қолының жарақаты барлар және екі қарапайым шаңғы қолданып, бірақ таяқ қолдана алмайтындар. Қысқы спорт түрлерінде 5 пен 7-топтар аралас жүреді.

LW6/8 тобы – бір қолының жарақаты барлар және екі қарапайым шаңғы мен бір таяқ қолданатындар. Қысқы спорт түрлерінде 6 мен 8-топтар аралас жүреді.

LW9/1 тобы – бір қолының және бір аяғының жарақаты барлар және өз қалауымен бір шаңғы мен таяқ қолданатындар.

LW9/2 тобы – бір қолының және бір аяғының жарақаты барлар және өз қалауымен бір шаңғы мен таяқ қолданатындар.

Жоғарыда айтылған бұл топтарда тиісті деңгейлеріне қарай протез, ортез, стабилизаторлар қолдануға рұқсат етіледі. Алайда, жарыстар кезінде топты немесе бұйымдық затты ауыстыруға рұқсат берілмейді.

#### Отырып жарысатындардың функционалдық топтары:

LW10 тобы – 0-8 ұпайға дейін, яғни екі аяғының жарақаты бар, отырыста теңдік сақтай алмайтындар және екі аяқ, екі қолының церебральды параличі барлар.

LW11 тобы – 9-15 ұпайға дейін, яғни екі аяғының жарақаты бар, отырыста әлсіз теңдік сақтайтындар және екі аяғының церебральды параличі барлар.

LW12/1 тобы – 16-18 ұпайға дейін, яғни жұлын немесе аяқ функцияларының кемістігі бар, отырыста жақсы теңдік сақтайтындар және екі аяғының церебральды параличі барлар.

LW12/2 тобы – аяқтары ампутацияланған спортшылар.

### **Ат спорты**

Мұндай спорттағы жарыстар кезінде спортшылар келесідей топтарға (деңгейлерге) бөлінеді:

1-деңгей – дене теңдігін нашар сақтайтын немесе аяқ пен қол функцияларының шектелуі бар арбадағы спортшылар, сондай-ақ, оларға дене теңдігін нашар сақтайтын, бірақ қол функциясы жақсы спортшылар да жатқызылады.

2-деңгей – арбада отыратындар немесе қозғалысында үлкен бұзылыстар бар, бірақ қол функциясы жақсы спортшылар.

3-деңгей – қолдаусыз қозғала алатын, біржақты қол және аяқ кемістігі немесе екі қолы мен екі аяғының шамалық кемістіктері бар спортшылар.

4-деңгей – бір немесе екі қолы мен аяғының кемістігі бар спортшылар.

### **Жеңіл атлетика**

Жеңіл атлетика жарыстарының спортшылары келесідей топтарға бөлінеді:

32-38 топтар – церебральды паралич спортшылар үшін.

42-46 топтар – ампутациясы бар және басқа да қозғалыс бұзылулары бар спортшылар үшін.

51-58 топтар – жұлындық жарақаты бар спортшылар үшін.

Сонымен қатар, жеңіл атлетикадағы жүгіру түрінде жарыстарға Т әріпі қолданылады (бөлініс топтары Т32-ден бастап Т-54-ке дейін болады), ал лақтыру мен секіру түріндегі жарыстарға F әріпі қолданылады (бөлініс топтары F32-ден бастап F58-ге дейін болады).

### **Пауэрлифтинг**

Пауэрлифтинг бойынша жарыстарға қатысу үшін спортшылар халықаралық ұйымдардың келесідей ең төменгі талаптарына жауап берулері тиіс:

ISOD – ампутациясы бар немесе басқа да бұзылулары барлар, яғни кемінде тобық тұсынан не жоғары ампутацияланған, аяқтарының функциялары жеңіл шектелген немесе теңдігі жеңіл түрде бұзылған спортшылар.

CP-ISRA – церебральды паралич әсерінен болған кемістігі бар, яғни кемінде, бірақ талассыз түрде функция бұзылуы және кемінде бір қолы немесе аяғының еріксіз қимылы спортшылар.

ISMWSF – арбадағы, яғни кемінде 10 пайыз аяқтарының функциясын жоғалтқан спортшылар.

Мұнда спортшының қолын бұғу-ашу мүмкіндігі сақталынуы тиіс.

### **Жүзу**

Жүзуде аяқ-қолын жоғалтқандар, церебральды параличтер, омыртқа жарақаты мен басқа да бұзылулары бар спортшылар шарттары аралас түрде жүреді. Жүзудегі барлық топтар белгілері S әріпімен білдіріледі.

S1-10 – топтарына тірек-қимыл аппаратының физикалық бұзылуы бар спортшылар болып саналады. S белгісі еркін стиль, арқамен жүзу және баттерфляйда қолданылады. Ал SB брасс тобындағыларға қолданылады. Топтарды белгілеу минималды жарақаттан (яғни S1, SB1, SM1), максималдыға қарай (яғни S10, SB10, SM10) жүргізіледі. Кез-келген топта спортшы стартты тұғырдан немесе су ішінде тұрып бастай алады.

### **Садақпен оқ ату**

Садақпен оқ ату жарыстары тірек-қимыл аппаратының жарақаты бар спортшылармен өткізіледі. Садақпен оқ атудағы классификациялық жүйе үш топтан тұрады:

- түрегеп тұрып садақпен оқ ату (ARST);
- 1-арбада отырып садақпен оқ ату (ARW1);
- 2-арбада отырып садақпен оқ ату (ARW2).

ARST – бұл топтағы атқыштардың қол немесе аяғының минималды жарақаттық кемістігі болады және біршама бұлшықет күшінің, координациясының және жалпы қозғалысының жоғалғанын көрсетеді.

ARW1 – бұл топтағы атқыштардың қол және аяқ кемістіктері болады. Олардың қимылдарында, қол күші мен оны бақылауда бірқатар шектелулер болады және денесін мүлдем бақылай алмайды. Аяқтары ампутацияға байланысты істен шыққан болып есептеледі. Олар арбада отырып жарысқа түседі.

ARW2 – бұл топтағы атқыштардың аяқтарын қоса алғанда денесінің төменгі бөлігі парализацияланған болады. Олар да арбада отырып жарысады.

### **Церебральды паралич әсері бар спортшыларға арналған футбол**

Мұндай жарыстарға CP6, CP6, CP7 және CP8 топтарындағы спортшылар қатыса алады. Жарыстағы ойынның барлық кезінде алаңда CP5, CP6 топтарының ойыншылары болуы керек, егер ондай топтағы спортшы жоқ болса, онда команда жеті ойыншының орнына амалсыз алты адам болып ойнайды. CP8 тобының алаңдағы ойыншылар саны бір мезгілде үш адамның аспауы тиіс.

### **Үстел теннисі**

Паралимпиадалық жазғы ойындар бағдарламасында үстел теннисі бойынша жарыс қатысушылары 10 функционалдық топтарға бөлінеді, олар: церебральды параличі, ампутациясы, тірек-қимыл аппаратының басқа да бұзылулары барлар. Бұл топтар ТТ әріптерімен белгіленеді.

ТТ1 – білек икемі иықтың айналу қозғалысы арқылы іске асатын спортшылар, жарақаты бар қолының координациясы нашар; церебральды параличі (ағылшынша қысқаша «CP») бар

спортшыларда барлық денесінде бұлшықеттік спастикасы, қол қозғалысының жылдамдығы төмен және отырыста теңдігі бұзылған болады.

ТТ2 – білектері жеткілікті икемді және қол қозғалыстарының координациясы жақсы, бірақ күші кем спортшылар; СР спортшылар ТТ1 спортшылары сияқты болады, бірақ қалыпты ойнаушы қолымен болады.

ТТ3 – бұл споршылардың ойнаушы қолының функциялары минималды түрде төмен, дене қалыпының өзгерісі аз және бос қолына арбаны итеру мен ұстауда арқа сүйей алады, денесі үнемі арба арқасына сүйеніп отыруды қажет етеді; СР спортшыларда екі қолымен басқаруда минималды кемшіліктері бар және екі аяғының да бұлшықеттік спастикасы болады.

ТТ4 – қол мен аяқ қозғалыстары қалыпты спортшылар, қозғалыс диапазонын бос қолымен арбаны итеру мен ұстау арқылы ұлғайта алады. Қолын созғанда денесі алға еңкейе алмайды, аяқтары тізеден жоғары ампутиацияланған; СР спортшыларда орташа бұлшықеттік спастика және қол мен дененің дәл қозғалыстары жеткіліксіз болады.

ТТ5 – бұл спортшыларға бос қолының көмегінсіз алға және артқа еңкейе алатындар, белімен немесе аяқ ұштарымен итеріле алатындар жатады; СР спортшыларға спастикасы бар немесе қолы мен денесінің дәл қозғалыстары жоғалуы жеңіл әрі минималды, біршама аяқ жарақаты барлар жатады.

ТТ6 – ойнаушы қолы мен аяғының аралас жарақаттары бар спортшылар; СР – орташа спастикасы бар және аяқ қозғалыстарының дәлдігі жоғалған, денесінің бүкіл қозғалыстары еріксіз болған спортшылар.

ТТ7 – екі қолы да жарақаттанған, ойнаушы қолының немесе екі қолының білектен төмен немесе жоғары ампутиациясы бар спортшылар.

ТТ8 – бір немесе екі аяғының үлкен жарақаттық кемістігі бар, бір аяғының тізеден жоғары немесе екі аяғының тізеден төмен ампутиациясы бар спортшылар; СР спортшыларда қозғалыс дәлдігінің біршама жоғалуы және аяғы немесе қолында жеңіл спастика болады.

ТТ9 – жақсы динамикалық теңдігі бар, бір немесе екі қолының минималды кемістігі немесе аяқтарының ұзындығында

айырмашылығы бар, тізеден төмен ампутациясы бар спортшылар; CP спортшыларында дененің бір жартысында қозғалыс дәлдігі жеңіл жоғалған болады.

TT10 – ойнаушы қолының функциясы қалыпты, бос қолының кемістігі минималды және ампутациясы шынтақтан 1/3-ке дейін болған спортшылар; CP спортшыларда еріксіз қозғалыстары минималды түрде болады.

## КООРДИНАЦИЯЛАР МЕН ҚАБІЛЕТТЕР ДЕҢГЕЙЛЕРІН ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯЛЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ЖАЛПЫ ҮЛГІЛІК ШКАЛАЛАРЫ

**8-15 жастағы сөйлеу кемістігі бар балалардың («сызғышты қағыз алу» тесті, қараңыз) әрекет ету қабілетінің даму деңгейін бағалау шкаласы**

Ұлдар									
Баға	Ұпай	Жасы							
		8	9	10	11	12	13	14	15
